

С/8

КӨРКЕМ  
ӘДЕБИЕТ

Поэзия




КӘКЖМЕК  
САЛЫҚОВ

47296

КӨҢІЛ  
НАЗЫ



"Жазушы"  
баспасы





КӨРКЕМ  
ӘДЕБИЕТ  
Поэзия

КӘКЖМЕК  
САЛЫҚОВ

КӨҢІЛ  
НАЗЫ

Өлеңдер

Ш  
Алматы  
"Жазушы"  
2008

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөнө ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөнө мұрагат комитеті  
017 “Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін  
шығару” бағдарламасы

Салыков К

41296

С 18   Көніл назы: Өлеңдер.— Алматы: “Жазушы”,  
2008.— 208 бет.

ISBN 978-601-200-124-2

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, бұрынғы Одақтық сыйыстардың жүлдегері, Мағжан Жұмабаев корының алтын белгісінің иегері Көкімбек Салықовтың бүл жинағына жаңа және бұрын жинақтарға кірмеген өлеңдері кіріп отыр. Ой тебіреністері мен өмір көріністерін ақыл, сезім құшагына бөлеп, ақын жырлары еріксіз назар аудартып, жүрекке қонады. “Кенші-ақын”, “Жезқій-ақын” бүл жолы да ел алғысын алады деп сенеміз.

С 4702250202-053  
402(05)-08

018

ББК 84 Қаз 7-5

С ISBN 978-601-200-124-2  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

© Салыков К., 2008  
© “Жазушы” баспасы, 2008

**Бірінші бөлім**  
**ӨМІР – ДАРИЯ АФЫСЫ**



**Тілейтінім**

Жұз құбылса өмірдің арай таңы,  
Жүзі өзгерді кей достың маңайдағы.  
Жүдеп қайтем ондайға,  
Жолы болсын,  
Жаны сыздап өтті ғой Абай дағы.

Біреу сыйлар сүйікті ақынның деп,  
Біреу қимас қымбатты жақынның деп.  
Мен не дейін,  
Бұл күнде аулақ жүрсе,  
Дос болғандар бір кезде әкімім деп.

Қандай жарға соқса да заман селі,  
Құлқы таза қалсыншы адам, тегі.  
Қарайлама, жалған дос,  
Жолың болсын,  
Күндер өтті байлатқан маган сені.

Өмір қызық – тамаша майдан алан,  
Көп достарың демеші қайда қалған.  
Жаман достар адасқан мал секілді,  
Берген Құдай бір өзі айдал алған.

Ел дегенде сарқылмас қиялы бар,  
Ары, таза, лұғатты ұялылар,  
Төс қақпай-ак доспын деп, дос боп өтер,  
Қандай жақсы болғаны зиялыштар.



Кештім дүние сан дүркін салған зарын,  
Дені таза достыкты армандағым.  
Барға мәзбіз, беу, тағдыр,  
Тілейтінім,  
Көпсінбеші қасымда қалғандарын!

20.02.2007

### **Мағжанның бір өлеңі**

Улken өлең көніл толар көлемі,  
Мағжан аға “Сағындым” атты өлеңі,  
Абақтыда Алла сыйыр еткендей,  
Бой тастайды бостандықтың өлеңі.

Межешамдай тұнде шашқан жарықты,  
Алға тартты ақылы жеткен анықты:  
“Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер!” –  
Деп сақ қыран сендеріпті халықты.

Көкірек жарған түсінгенім ғажапты:  
Сын сағатта шындалап жатыр қазақты.  
“Маған артық — ұлттым үшін өлгенім!” –  
Деп кешіпті жан түршігер азапты.

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз  
Естіл жатты Қаратаялар, құба дүз.  
Көріпкелдік — әулиелік болжамын  
Өлендегі өз сөзінен тындаңыз:

“Қалың елім, қалың қара ағашым,  
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!  
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,  
Ақымақтар байқамаған шамасын!”

Осы емес пе әулиелік, даналық,  
Тура келді – Мағжан сөзі бәрі анық.  
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,  
Өз қырсығы сүр жебедей қадалып.

“Көріпкел” ғой ақын сөзі өрелі,  
“Пайғамбармын!” дегені де сол еді.  
Аспанымда жанды Мағжан жұлдызы,  
Тұтатқандай “Сағындым” атты өлеңі.

16.05.2008

## Бұлбұлдардың бұлбұлы

(Нұржамал Үсенбаевага)

Әнші қандай! Асқақ өуен, үн қандай!  
Аққу қонып, айдын жайнап тұрганда.  
Баурап алды, елжіретті сұлу саз,  
Бүкіл әлем өн базарын құрғанда.

Сайрап тұрды бұлбұлдардың бұлбұлы,  
Алау шашқан өн гүлзарын құрды үні.  
Шырқап салды, тік шырқады Нұржамал,  
Деп тұрды жүрт: “Дұлдұлдердің дұлдұлі!”

Жұлдыздарға жетті әусіні құз бойлап,  
Желден озып, бұлт төсінде құрды ойнақ.  
Тамылжытты, талмауратты, үзілті,  
Өн біткенде нұры жанды, жүзі ойнап.

Шексіз дауыс қол бұлғаған арманда.  
Болды әншіні сан өуреге салғанда.  
Көзі ойнады,  
Өзі де бір шаттанды,  
Шыңға жетіп әрең тірі қалғанда.

Ұшқыр мезет, құштар ырғақ үзіліп,  
Кетер деп ем жан тылсымы үздігіп:  
Ән тынғанда... құс жолында көсіліп,  
Әр жүректе үні қалды сызылып.

07.07.2008



## Көңіл күзі

Кеткені ме өзгеріп өмір жүзі,  
Жеткені ме маган да көңіл күзі?  
Ақ дидарын баяғы әжім басқан,  
Әже болды көршінің керім қызы.

Шықса бүтін елімде нарық данқы,  
Жан күйзелгі кей ожар өмір салты.  
Тым өрескел кейбіреу талтаңдап жүр,  
Жүдеулер көп құлазып қалған жалқы.

Талапайдан біреудің қыр асуы,  
Із жасыру “пысықтың” шын кәсібі.  
Не десек те, сыймай түр ар-ұятқа,  
Табысының келмеген ұнасымы.

Майдангерге сексенде көңіл бұрып,  
Пәтер беріп мактанаар құрдық ғұрып.  
Ортамызда өлі бар ардагерлер,  
Ел қатарлы көрмеген тұрмыс құрып.

Министр ме? Әлде зор заты бар ма?  
Жарқыл қаққан қарашибаш шатырларға.  
Тұрады онда магнattар, қалталылар,  
Бұйырмапты ол бақыт ақындарға.

Ауылды ойлап, құрсініп, есім танды,  
Көбі кетті, аз үлік несіп қалды.  
Қара басын ойлағыш кей содырдың  
Кекірегінен ел мұны өшіп қалды.

Сабыр таппас сиқыма қара да түр,  
Көрінгендей шошимын заман ақыр.  
Толқығаным: ашылып арандары,  
Адамшылық азайып бара жатыр.

\* \* \*

Астана деген бір сөзде  
Тарих бар ұлттым үғынар.  
Арман бар аңсал бір кезде,  
Ұрандал өткен ұлылар.

Бұл сөзде байтақ даала бар,  
Теңіздер, өзен, көлдерім.  
Корғаған ата-бабалар  
Аскар тау, самал белдерім.

Бұл сөзде Абылай данқы бар  
Хан Кене өжет жалғаған.  
Батырлар өшпес салты бар  
Намысқа өмірін арнаған.

Астана – Абай арманы,  
Шоқанды ерте ашынтықан.  
Қаныш бол жерді барлады,  
Мұхтарша шабыт тасытқан.

Астана – ұлттың жүрегі,  
Бекіткен дербес елдігі.  
Ол – Мағжанның тілегі,  
Бауыржанның қайсар ерлігі.

Астана десем, жыр қайнар,  
Нұрғиса күйі қалықтап.  
Қосылар Жұбан, Сыrbайлар,  
Қан майдан сырын анықтап.

Астана – елім озғаңдық,  
Таңырқап әлем бұл кезде.  
Өркендеу, өрлеу, бостандық –  
Сыйып түр бәрі бір сөзге.

Жүрістен жедел жаңылмай,  
Гүлденіп қалды Астана.  
Бозбала күткен арудай,  
Түрленіп қалды Астана.



Қабаттар легін санатпас,  
Фимарат кербез тұруы-ай!!  
Көзімен атып қаратпас  
Қара көз ерке сұлудай.

Әр саққа көңіл бөлінер,  
Тенеулер туып не түрлі.  
Біреулерге сл көрінер  
Томирис сұлу секілді.

Азиялықтар қарайды  
Чио-чио-сан тойға келердей.  
Еуропалықтар шолар маңайды  
Джульєтта көңіл бөлердей.

Ұқсата берсін басқаға,  
Келмейді босқа наз артқым.  
Өзге емес, біздің Астана  
Қызы Жібегі қазақтың.

26.06.2008

### **Кім бізде көміл мұсылман**

Абайша, көміл мұсылман  
Қатарда еңбек адамы.  
Қарапайым, ысылған,  
Қара тер әрбір қадамы.

Мен де бір көміл мұсылман  
Жезқазганда кен қазған.  
Ар жолында қысылман,  
Сөз кені – өлең мен жазған.

Соғыс жылдар мал бағып,  
Жұмыстың буын ұшырған.  
Соқа айдаған зар қағып,  
Құрдастарым мұсылман.

Майданда да, елде де  
Жанкешті күшін ұсынған.  
Малышынған қайғы, шерге де,  
Ата-анам менің мұсылман.

Көшпелі қауым көрді азап,  
Отарлық шегіп, қысылған.  
Бүтінгі дербес бар қазақ  
Кіршіксіз көміл мұсылман.

21.10.2005

### Көңіл назы

Өмірдің жазы өтіп, қысы қалды,  
Көңілдің іші тозып, тысы қалды.  
Сыр бермей серілікпеп жүрсем дағы,  
Көрілік қыр соныма түсіп алды.

Шақырса қиядағы өмір жазы,  
Тулайды асаяу жүрек болмай мәзі.  
Тіршілік бар өуренді анықтаған,  
Құс қанат шарықтасын көңіл назы.

Барады жылдар өтіп ағындаған,  
Таусылмас, қайран қөніл, назың маған.  
Баяғы қызыл ішік киген қызды  
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,  
Қарайлап түрғандаймын шың басында.  
Көрсем де, көрмесем де естен кетпес,  
Қалғандай аңыз болып бір ғасырға.

Ақтарсам айттылмаған үзік сырды,  
Жүрекке тым ертерек бұзық кірді.  
Көкшетау көп қызының еркесі едім,  
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Кыс келіп, сағындырса өмір жазы,  
Өзінсің, туған елім, әділ қазы.  
Қалған жас қалған іске жетсе екен деп,  
Үйқыдан ерте оятар көңіл назы.

\* \* \*

Қайғы шектім ортайmas тым ертерек,  
Тұйық болдым шығармас сыр келтелеп.  
Мұн сейілтер қолымда қос қанаттай  
Домбырам мен өлеңім жүр еркелеп.

Тағдыр сырын әкесіз, бөлек кештім,  
Нагашымның қолында зерек өстім.  
Толқын соққан теңізде жалғыз қайық,  
Жағалауға жетем деп ерегестім.

Ұлағаты күшті фой нагашымның,  
Маған үйді көкіректе бар асылын.  
Қырық жасқа толмай-ақ анам өтті  
Мені баққан қолында ағасының.

Тебіренгенде төгіліп лағыл өнім,  
Өз-өзімнен жалын боп жағыламын.  
Әкем өтті қырқымнан шықпай жатып,  
Жан анама мұн шеккен табынамын.

Айырмалты басқаша бала емшекті,  
Қасіреттің үлкенін анам шекті.  
Ағасының баласы болып кеткен,  
Оған берді қатыгез заман дерпті.

Шер-шеменнің көңілде тоты қалың,  
Кейде үнсіз дел-сал боп отырамын.  
Отыз екінші жылды айтса өлдебіреу,  
Әкемді ойлап, селк етіп, шошынамын.

21.10.2005

**А.П. Кернге**

*A.C. Пушкиннен*

Жадымда ғажап сол бір кез,  
Алдымда тұрдың мұлтіксіз.  
Елестей ғайып өткен тез,  
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Үмітсіз, қасірет мұң артқан,  
Үрейсіз дүрмек ішінде  
Үзілмей өнің құлақтан,  
Баурады бейнен түсімде.

Бұрқасын жылдар шұбырды,  
Ескі арман естен сейілді.  
Ұмыттым нәзік үнінді,  
Жұзінді жүлдyz мейірлі.

Қаранғы, қапас жерде жат  
Жылжыды күндер көнілсіз,  
Кез жасым, шабыт, махабbat,  
Тәнірімсіз және өмірсіз.

Оянған жаным келді кез,  
Оралдың қайта мұлтіксіз,  
Елестей ғайып өткен тез,  
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Жәндеді жүрек желігін,  
Ол үшін туды қат-қабат:  
Кез жасым және өмірім,  
Шабытым, тәнірім, махабbat.

*Көніл назы*

1954



## Даналар сүйген есімдер

Орыста Татьянадан есім аспас,  
Құдайдың сүйген құлы тегін баспас.  
Құмартқан, ынтық, құштар жас жүректің  
Өзге есім тап осындаі өмін таплас.

Мұлтіксіз таза сұлу Анна Керн,  
Таңдатты-ау данышпанды кербез керім.  
Тамсантып бір көргенде ғашық етті,  
Тең бөліп жас махабbat мұн мен шерін.

Қазакта есім аспас Әйгерімнен,  
Мін тапсын кербез қыздың қай жерінен.  
“Әй, керім!” деп қызықса Шүкімәнға,  
Абайға елестепті Ай керілген.

Теңсeltсек көкіректегі теңіз-сырды,  
Әлемде кей есімдер негіз құрды.  
Джульетта екі көзге елестесе,  
Есіңе бір аласың Шекспирді.

Беу, Пушкин!  
Басындастың асыл жолдың,  
Махабbat майданында тасып, толдың.  
“Евгений Онегинді” аударып ем,  
Мен сениң Татьянаңа ғашық болдым.

Байқатқан қиял-ғайып шыңқ төбесін,  
Биатриче, Лауралар үлкен есім.  
Сәлемге сәт тілесіп тұрады еken  
Әлемде данышпандар сүйген есім.

2005

## Желді сүйем

Мен өмірде ақ қанат жыр аулаймын,  
Көк майсаға еркелеп бір аунаймын.  
О, адамдар! Желпінткен желді сүйем,  
Желсіз жерде тымырсық жүре алмаймын.

Жел алыстан мені іздел қол бұлғайды,  
Қарсы аламын қаулардай онсыз қайғы.  
Желде бар ғой жусан мен тобылғы иісі,  
Жел жұпары көңілді тоздырмайды.

Дала сүйгіш болмаса менде тыным,  
Бергені бар сыйырлап жел өтінің.  
Киік көрсем, жүректен жыр қозғалар,  
Самал сүйгіш Сарыарқа перзентімін.

2003

## Жұлдызың жансын, Астана

Әлемнің күттү көшінде  
Қонғандай акқу Есілге.  
Ақ қанат жайдың, Астана,  
Сарыарқа алтын төсінде.

Асылын әннің арнаймын,  
Басылды ескі бар қайғым.  
Баянды бақыт орнасын,  
Аруағы қолдан Абылайдың.

Тандантып көркің талайды,  
“Бәйтерек” болсын арайлы.  
Жұлдызың жансын, Астана,  
Бар өлем саған қарайды.

Алыста жүрген бауырлар,  
Жақында сансыз ауылдар,  
Тілегі келіп жол тапсын,  
Тасыған байлық ағындар.

Көңіл наэы



Байқатар қазақ қауметін,  
Молая берсін дөuletін.  
“Ақ Орда” бастан шалқысын,  
Қыз-қала қызық сөuletін.

Көңілім ада күдіктен,  
Қараймын сөнбес үмітпен.  
Бекітіп елдің іргесін,  
Басайық алға біrlікпен.

2005

\* \* \*

Тас та тозар өдемі мұсінделген,  
Секілденіп таңmezгіл түсің көрген.  
Тозбайды еken жақсы өлең дүниеде  
Шын ғашықты сипаттау үшін келген.

Дана үлгісін бөріміз елденеміз,  
Елжірейміз, елігіп, дем береміз.  
Тоқсан өлең бір құнде туса-дағы,  
“Айттым сәлем, қаламқас” дей береміз.

Талай өндег татымсыз жайға қалды,  
Абай әні жанымды байлад алды.  
От жылуы шым-шымдан сүйектегі,  
Дем береді, тебіренсем, сүйеп мені,  
Өтемін гой сусындан Абайымнан.

\* \* \*

Немерем, қол жалғашы домбырама,  
Жанынды балқытайын мол мұрага.  
Жадымда асыл өндег булығып түр,  
Көкіркен шықпаған шер ондыра ма.

Шабайын Құлагердей бәйтеге өрінде,  
Жүйткійн оза шауып ән төрінде.  
“Көзімнің қарасына” бір басайын,  
Айтқандай Абай атам Әйгерімге.



Салайын Ақан, Біржан өндеріне,  
Сол болар қымбат дәру бар шеріме.  
Атадан бала жаттап қалған мирас,  
Қандырған сусын болды жан шөліне.

Құс салса Үкілі бабам “Гәккулетіп”,  
Жасымнан ырғағына алды үйретіп.  
Тік шырқап Сексенколді тербестейін,  
Келгендей айдынына аққу жетіп.

Өмірдің қанған оң мен терісіне,  
Салайын Жаяу Мұса желісіне.  
Жаттап ал ақын Мәди ағындарын,  
Тұрмеде сыймай кеткен терісіне.

Шарықтап шартарапқа атын жайған,  
Ән-жырмен салып өткен батыл майдан.  
“Сырнайы өзіменен сақ-сақ құліп”,  
Қарсы алар Ұлытауда ақын Тайжан.

Не деген мөлдір аспан, мөлдір өлем,  
Жүйрік жел сыбырласты домбырамен.  
Қазақтың ата дәстүр өсем сазын,  
Жасынан кекірегіне қондыра бер.

Ескі өнді жалықпаймын айта-айта,  
Нәшіне дәл келгенін, жаным, байқа.  
Күмбірі домбыраның үзілмесін,  
Шырқасын шөберем де қайта-қайта.

Қамықты демес, осы қасарғаным,  
Көңілдің қобалжуын баса алмадым.  
Бабалар өн мен күйін жаттап алшы,  
Көкейді тесіп жүр ғой осы арманым.

18.12.2002



## Қайдасың, кең даланың ғаламаты

“Жезкийк” – махаббаттың аманаты,  
Жалғасты есімің заман аты.

Сандалып Сарыарқада сағым құдым,  
Қайдасың, кең даланың ғаламаты?

Сай-сала көк торғындаі қамқа белі,  
Қаптаған киік барда дарқан еді.  
Жез қанат құба белде қалықтаса,  
Қамыққан талай шерім тарқап еді.

Келмейді баяғыңдай алшактағым,  
Бетпақта киік көрмей, қан қақсадым.  
Алыстан сыңғыр қаққан алтын түяқ,  
Қараши, үні шықпай, аңсатқанын.

Жез киік, жаным құштар еркем едің,  
Жол кесіп, жонда талай еркеледің.  
Ел аман, жүрт тынышта ғайып болып,  
Қызығын кең жалғанның келтеледің.

Киіксіз қаусап қалды-ау ұлы далам,  
Көмескі тартты көзге тірі ғалам.  
Жер-кокте жаутаң қаққан сұлулардың  
Көрінбес тап өзіндей бірі маған.

Қырқадан қуралайым асып тыншы,  
Жан құштар жырдың селін тасыттыршы.  
Жалындал қызыл ішік киген қыздай  
Ағындал ақ сағымды ашып кірші.

Домбырам, мұңым сендей досқа мәлім,  
Ауадай қажет бүгін қостағаның.  
Құмартқан қимай қарап,  
Мөлт еткізші  
Адамның көздеріндей қос жанарын.



Салды ғой күйік назы сергелденге,  
Қамықты Қара Кенгір мен келгенде.  
Шіркін-ай, тым болмаса жіберсө екен  
Сөлемін жалау етіп ескен желге.

Екі ішек, қоңыр күмбір әкел маған,  
Өлеңге онсыз қалай жетер шамам.  
Киіктөр жоғалды деп естігенде,  
Оянар шырт үйқыдан Сәкен ағам.

Асыл ән ел аралап шуактаған,  
Берді ғой құты қайтпас қуат маған.  
Өмірден Жақсыкелді ерте кетті-ау,  
Қайғысы “Жезқиіктің” шыдатпаған

Көңілге, өткен құндер, үяладың,  
Қисапсыз қаулап кетті қиял-ағын.  
Киіктөр қайда десе, тіл қатуға,  
Бұл құнде Ұлытаудан ұяламын.

Айтсанышы бар сырынды, алтын далам,  
Киіктөр қайда жүйткіп, жарқылдаған?!  
Күрсініп, жер бетіне сыймай тұрмын,  
Не дейін одан басқа, халқым, саған.

Көшкен құм естігенде мұнын шаққан,  
Сарғайды сайын дала құні батқан.  
Жүрекке мәнгі өшпес жара салды  
Жез киік қия таста ізі жатқан.

Қайда екен кең даланың арман гүлі,  
Жарқ етпей, жанға батты салған зілі.  
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,  
Не болар адамзаттың қалған құні.

14.02.2003



## Аттила

Көшпелі көне замандар,  
От салған ортақ санам бар,  
Ғұндарға үрпақ санаңдар.  
Көздеген шепті алмас па,  
Көксеген жерге бармас па,  
Аттила шықса шайқасқа?!

Қайтпады қайсар сөзінен,  
От шашты өткір көзінен,  
Жайратты жауын тезінен.  
Соғыспай берген сәлемді,  
Сілкілеп өтсе әр елді,  
Тітіркентті өлемді.

Еділ мен Дунай қанаттас,  
Дүшпаның бетке қаратпас,  
Қосылды елдер сабақтас.  
Болды ұмыт күндер шаршаған,  
Олжаға батты аңсаған,  
Аттила тарлан бастаған.

Шындар мен құмдар жалғасты,  
Сан қылы тайпа қолдасты,  
Аттила тайғақ жолды ашты.  
Ғұндардың саңлақ көсемі,  
Қысық көз, мұрны қөшелі,  
Қазаққа үқсас деседі.

Тартқаны түрі маған көп,  
Сүйінтпей неге қалам шет,  
Мақтанам асыл бабам деп.  
Рұхы берген қанық сыр,  
Тіл тапты Риммен алыс қыр,  
Таңбасы болдым намысшыл.

Женілмей өтсе майданда,  
От құшақта қалғанда,

Тіл тартпай кетті арманда.  
Құныққан құтсыз сайран-ай,  
Ғұндарды мұңға салғаны-ай,  
Дүниенің адыра қалғаны-ай!!!

22.02.2003

## О, данышпан, кеше ғөр

(Шәкірім Құдайлардіұлына)

Сұрапыл талаі күн көрдік,  
Жонғарлар шауып, қырылдық.  
Мың жеңіліп, бір жендік,  
“Абылайлап” өрең тірлдік.

Хан Кененің қазасы  
Теңсeltті елді тағы да.  
Отарлық батты азасы,  
Мұң толып атқан таңыма.

Алаштың ұлы жеңіліп,  
Көп қырғынға көністік.  
Қапа, наз іште көміліп,  
Бодандық тағдыр бөлістік.

Не көрмеген қазақпыз,  
Күн тумай еркін төсөлер.  
Шыққан жоқ атың азапсыз,  
Шәкірім ата, кеше ғөр.

Сатқындық сіңген қанына  
Айтпас ем жеңдет атқанын.  
Дақ салды үлттық арыма  
Құдықта сан жыл жатқанын.

Сталиннің содыр заманы  
Сыйлады қорлық, не түрлі.  
Елде бар өңкей дананы  
Жер бетінен кетірді.

Әуелі малын құрытты  
Жұқартып халін жұртыймың.  
Жүдеген бұзып шырықты,  
Асылын қырды үлтыймың.

Жақсылық тістеп бармағын,  
Зұлымдық сол ғой озғаны.  
Құдықта сан жыл қалғаның,  
Қазақтың жүнжіп, тозғаны.

Кеш болса іздең тапқаным,  
Өрт-жалын ішті маздады.  
Құдықта сан жыл жатқаның –  
Адамзаттың азғаны.

Құтылсақ бүгін сүмдүқтан,  
Дербестік шаттық есeler.  
Кешірек шықтың құдықтан,  
О, данышпан, кеше гөр!

11.07.2008

\* \* \*

Өлең болып өрілсе есімдегім,  
Көрдім талай жетімнің жетілгенін.  
Қарай-қарай тарамыс достарыма,  
Бір бағытта жаасты бекінгенім.

Болса-дағы кейде оқыс кетілгенім,  
Берекемді дел-далда кетірмедім.  
Тізгініме шабыста берік болдым,  
Асая жолда тік жартас шетінде едім.

Арал үшін айқаста жетілгенім,  
Мағжандарша тез кірді есім менің.  
Шәкірімді өлтірген құдайсыздың  
Ар алдында күнәсін кешірмедім.

Міндесіреп біреуге өтінбедім,  
Қайда жүрсем, от-жалын өтінде едім.  
Жақсы адамға ең үлкен алғыс айтам,  
Жетімдердің көргенде жетілгенін.

20.01.2008

### **Есілдің ерке Ақтасы**

“Еңбек” атты Атамекен ауылым,  
Сонда өтті сәби, бөбек дәуірім.  
Анамекен – Үкілі Ыбырай ауылы,  
Соғыс жылдар көрдім тұрмыс ауырын.

Жерортада, Қамсақты өзен қасында,  
Ақтас деген ауыл болды жасымда.  
Көп еді ғой жан өртегіш қыздары  
Ажарлары арқау болған ғасырға.

Арқалы ауыл бар керегін таппас па,  
Құдандалы аз болған жоқ жақтас та.  
Екі ауылымның сұлулары аз емес,  
Ерте кетіп, келін болған Ақтасқа.

Екі женгем арулары Ақтастың,  
Үш келінге құда болып, тап бастым.  
Құдашалар, құдағилар көбейді,  
Сұраған жаннан бізге сәлем айтпас кім.

Есіл бойы ел сүйсінген еркесі,  
Жалғызтаудың Ақтас сері серкесі.  
Шоқан сүйген хан-төренің жайлauы,  
Жарқын көлге жақын жатқан жер төсі.

Ерке ауыл еркелігін жасады,  
Екі жақтан бір күнде екі асады.  
Ақтас десен, ауылдағы інілер  
Әлі күнге ауыздарын ашады.

16.07.08

## Өмір сыры

Уақыт емес, біздер өтіп барамыз,  
Кешегінің бәрі өртегі, бәрі аңыз.  
Артта қалар өшпес белгі тастауға  
Адамшылық бір кірпішін қалаңыз.

Даналарға жүлдyz-шырақ жағамыз,  
Көзі ашыққа үлгі-өнеге табамыз.  
Жамандық пен жақсылықтың арасын  
Айқындауга жетсін ойлы санамыз.

Ұлыларды ұлы төрден табамыз,  
Ақымақтан асылды ақтап аламыз.  
Арасында пайда тапқыш қулардың  
Әрекетін жанған отқа саламыз.

Уақыт санап қалар тарих анамыз,  
Беріледі өртен әділ бағаңыз.  
Жол көрсетер адал, таза тірлікте,  
Тұған елдің тағдырына қараңыз.

Бәрін хаттап сыр сандыққа саламыз,  
Беу, достарым! Сөгілмесін арамыз.  
Сұлулық пен шын дарынды сыйлаймын,  
Соларға еріп, біз де бірге қаламыз.

31.07.2005

## Бәйтерек – Астананың бойтұмары

Тамаша Бәйтерегі Астананың,  
Айшықты белгісі сол жас қаланың.  
Жер шары жатыр сыйып дос құшаққа,  
Аспалы бесігіндей жас баланың.

Сарыарқа қылаң етсе жаңа таңы,  
Сиқырлап, еріксіз жалт қаратады.  
Көрінер бата беріп жайылғандай  
Мейірбан аналардың алақаны.

Бәйтерек – бәйге төрі өрісімнің,  
Жұлдеге алуан түрлі жеміс ілдім.  
Ұлтымның рухы бар, таңбасы бар  
Болашақ бақыттың мен женісімнің.

Гүл шоғын күн сәулесі өпкен женіл,  
Не деген мырза мейір, көркем өмір.  
Ертенге қанат жайған сұлу төрдің  
Сәт ғажап саясында өскен көңіл.

Сыры бар халқым шеккен тер мен шердің,  
Қасиетті қазығы осы ел мен жердің.  
Бәйтерек – бойтұмары Астананың,  
Тірекі үміт артып сенгендердің.

17.02.2003

Көңіл назы

### Парыз назы

Откен құнді сынағанда, сөккенде,  
Кер заманға аз емес қой өклем де.  
Осы құнгі қисық өскен теректің  
Түп тамыры жатыр кеше откенде.

Бұйығы өмір, бұқпа мінез қажайды,  
Жуастығым тартқызды сан сазайды.  
1932 жылғы аштықта  
Қазақ саны екі еседей азайды.

Кеселі көп тиді сүмдық ызғары,  
Ойсыратты асыра сілтеу мұң-зары.  
Өстер ме едік... екі миллион қазактар  
Өлмегенде отыз екінші жылдары?!

Озге емес, геноцид қой, расы,  
Ол – әйгілі “мұртты көсем мұрасы”.  
Мың тоғыз жұз отыз екінші жылғы аштық,  
Ол – Одақтың қазақ кешпес күнәсі.



“Аша түяқ қалмастай” зор ығырды,  
Қазақ кешті жұт жайлған ғұмырды.  
Геноцидтің қурбаны боп жазықсыз,  
Аш, жалаңаш халық малша қырылды.

Біз – аштықтан есен қалған тірнектер,  
Өстік ширақ, елгезектен кім шеттер.  
Қындықты көрс-көре нығайдық,  
Құрдастарым болды өңкей іргектер.

Шерхан, Камал, Шоталарға қараши,  
Сұрапылдар сол аштықтың баласы.  
Шетқақпайлық шері батқан жігіттер,  
Әлі күнге жазылмаған жарасы.

Көз жүмғанша көкірек шері бұған зар,  
Біз – олжамыз отыз екінші жылы туғандар.  
Тірі қалдық, өлгендердің көзі боп,  
Біздер үшін кетті қанша құрбандар.

Біз – солардың есен қалған көзіміз,  
Сол міндетті аз атқардық, тегі, біз.  
Өлгендерге орнатардай нық белгі,  
Ел төріне жетпей жатыр сөзіміз.

Ештен кешті біз де бүгін жөн деппіз,  
Енді елге сауал айтып көрмекпіз:  
Отыз екінші жылды мәнгі ұмытпас,  
Астанада орнатылсын ескерткіш.

Деуші болмас “осыларың тап бекер”,  
Қырсық тумас қолда барды тапшы етер.  
Өткендерді ұмытпастай ете алсак,  
Тірілердің көңілінен дақ кетер.

Тыным таппай, жиі соқса жүрегім,  
Бар дауыспен осы айтарлық тілегім.  
Өлгендерге өшпес белгі орнатсақ,  
Кешірер ғой тірі қалған түлегін.

2005

## Абылай ханның Ақ үйі

Абылай ханның Ақ үйі –  
Тарихтың тарлан белесі.  
Айтылып жүрді тым жиі,  
Сағынтып елді төбесі.

Жырына қосты бул үйді  
Үкілі Ыбырай бабамыз.  
Содан соң бізге мұн үйді,  
Болғандай көпке бәрі аныз.

“Гәккүшіл” ақын атылды,  
Ақ үй де өшті кешікпей.  
Күрсінтті алыс-жақынды  
Күтімсіз қалған мешіттей.

Кеңестің ісі жандайшап,  
Кесірін кімдер айта алды.  
Санаменен сарғайсақ,  
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алғыс  
Киелі төрді жаңартқан.  
Туғандай қайта құмар құс  
Тамсантып елді қаратқан.

Толқыды бітік егін де,  
Ақ қайың шексіз орманы.  
Шалқыды дала шебінде  
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында  
Тарихқа терең зерттеткіш.  
Орнады Ақ үй қасында  
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,  
Шекара шебі алыстан.  
Алатау, Алтай, Каспийді  
Көрсетіп түр данышпан.



Дегендей болды: “Ә, Құдай,  
Дүшпанға ызғар, сес берем”.  
Сыйынды-ау сонда Әз Абылай  
Түркістанға Көкшемен.

Абылай ханның мүсіні,  
Президент қостап, жетілді.  
Тебірентер көрген кісіні  
“Мыс салт атты” секілді.

Тіліме гауһар ілінді,  
Бабалар берді-ау батасын.  
Ел шаттықты бүгінгі  
Тарихи күн атасын.

Сілкінді, Ақ үй белгі бол  
Абылайдай асыл еріме.  
Сүқтанып қарау енді жоқ  
Телегей теңіз жеріме.

Қуаныш шексіз халқымда,  
Жыр төксем, айтар өн дайын.  
Жарқылда жаңа қарқында,  
Жайнасын, Ақ үй, мандайын.

Ұмытпас талай ғасырлар,  
Ұрпаққа үлгі ғұмырын.  
Құтты болсын, Қызылжар,  
Бүгінгі шалқар дүбірін.

19.10.2007

## Ойлайтыным бұл күнде

Жаманұқ пен жақсылық,  
Ақиқат пен жалғандық,  
Тез баю мен тапшылық,  
Өрлеу мен артта қалғандық  
Адуынды айқаспен жүріп жатыр,  
Бір айтқызбай қоймастай сырымды ақыр.

Кияңқылар қатығез қылықпенен  
Қисық тартып қақ жолды бұрып жатыр.

Жаздан кейін қатты қыс,  
Келгендей туды аптығыс.  
Ушығып түр өлемде  
Шым-шытырық қақтығыс.  
Күлпәрша етіп Иракты тағы тынды,  
Адамдықтың бұл жолы сағы сынды.  
Қарулының қарасақ қылығына,  
Жұген, құрық дегеннен ағытылды.

Суысқанға арамыз,  
Алаң болып барамыз.  
Қайтсек қана, құдай-ая,  
Адам болып қаламыз.  
Ертелі-кеш жүрекке болмай тыным,  
Қартайғанша қаламды қоймайтыным,  
Дүниенің дүбірі дүрлігіп түр,  
Осы менің бұл құнде ойлайтыным.

29.04.2003

Көңіл нағыз



### Өзім жайлы

Жебеп мені жырдың дүлдүл Парнасы,  
Өлең-дөрия ашылды кең арнасы.  
Осы қазақ кім десендер,  
Мен болам  
Сәкен, Мағжан, Илияс ақын жалғасы.

Құлагердің дүбірінен жараддым,  
Ақан, Біржан, Үбырайдан нәр алдым.  
Абай атам ақындыққа шақырса,  
Бірге қосып Қаныш жолын таба алдым.

Дархан өмір жасқаншағы емеспін,  
Тар қара келсе айқын кеңескің:  
Ақынам де, өкімім де, кеншім де,  
Елді үшке бөлді демес мені ешкім.



Өзін ойлап  
Бізді онша елемес  
Жарым еспен жасап өттім ерегес.  
Кен қолардым, Арал үшін айқассам,  
Шен-шекпенді қиялдаушың мен емес.

Тұған елім ақын-кенші атаған,  
Көңілі қаяу сенгендерден хат алам.  
Жойқын Каспий топан сұын тежессем,  
Бекет-Ата аруағынан бата алам.

Жер төресі атамекен киелім,  
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.  
Ата-баба аруағы дарыған  
Ұлытау мен Кенгірге бас иемін.

Өмірбаян шет жағасын қоса алам,  
Гүл терсем де көп жабысты ошаған.  
Үйықтап жатыр Есіл жақта қос өкем,  
Жалғызтаудың етегінде қос анам.

Ақындығым емес жеке ермегім,  
Тым көп тарттым дүние жалған кермегін.  
Төгіп келем қара терді аянбай,  
Қатар қазып жер кені мен сөз кенін.

2008

### **Тимеші**

Тиме бұлбұлға, еркімен сайрасын,  
Тиме жұлдызға, ерекше жайнасын.  
Тимеші екі ішек үндеске,  
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме ақкуға, үзбесін саңқылын,  
Тиме қыранға, бұзбасын қарқынын.  
Тимеші маған да тебіренсем,  
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме елікке, жүргегі бекінсін,  
Тиме киікке, тұлегі жетілсін.  
Тимеші маған да ән салсам,  
Жүргегім бір мұнын кетірсін.

\* \* \*

Менде де жігер аз ба,  
атым қызба,  
Жақсы өстім туда сыйлас тату қызға.  
Екі есе құрмет етем тіршілікте,  
Жай сұлу емес,  
Сұлу ақын қызға.

Көндіккен дала желі ызгарына,  
Әр біткен ұқсан Көкше құздарына,  
Мөп-мәлдір ақ сезіммен алғыс айтам  
Қазактың әнші, сұлу қыздарына.

### **Кеншілік пен ақындық**

Кеншілігім ақындықты бөгеді,  
Дей алмаймын өмір сыры көп еді.  
Арым таза, жүрек жылы болған соң,  
Кеншілікке тиді ақындық көмегі.

Әрбір күнім талай жылға татырлық,  
Тас қопару туда біткен батылдық.  
Бастық болып зор шахтыны игерсем,  
Кенші деген – тұнып тұрган ақындық.

Жас күнімнен қос қанатты күшімді  
Әккі кулар төрде отырған түсінді.  
Баспадағы кітаптарым тоқталып,  
Жасап бақты олар жасырын қысымды.

Мәскеу жақтан елге оралтпау басталды,  
Ақын-әкім атағымнан жасқанды.  
Іштеріне от түскендей булықты,  
Ел айтпаса “Жезқіктен” басқа әнді.



Бөгет салдым көніл бұзған шеріме,  
Жалау тіктім Қарақалпақ жеріне,  
Арал үшін Мағжандарша шайқасып,  
Шықтым Мәскеу ең жоғарғы төріне.

Әкім емес, ақын болып жараптады,  
Жан анамның ақ сүтінен нәр алды.  
Ақындықтың бергені сол қам көніл,  
Әлі жүрмін айқасында Аралдың.

Беу, ағайын, сол биіктен көр мені,  
Қуат-күшім туған елдің сенгені.  
Тірлікегі азamatтық ақ жолым  
Кеншілік пен ақындықтың бергені.

2006

*Көніл назы*

### **Егемен ел сол дер ем оянғаны**

Әлем сырды білгенге өте қызық,  
Данғыл жол жоқ өтерлік жеке сыйып.  
Бар адамзат өткен жол өз жолымыз,  
Оған қарсы болмайық шеке қызып.

Естігендеге есі жоқ жау жаласын,  
Қанғырмасын құр бекер қауға басын.  
Өзі қазған орына өзі түсер,  
Адал болсан, сабыр ет, сау қаласын.

Шешіп тастап басында малақайды,  
Бар айтқаны демендер нала, қайғы.  
Талапайды көргенде ел жұтаған,  
Байыңды гой салғандар алақайды.

Айта берме күрсініп “ой, Алланы”,  
Күн көрісін таптай ма қоян-дағы.  
Еңбек етсе ерінбей көрі мен жас,  
Егемен ел сол дер ем оянғаны.

20.10.2007

## Пушкин айтқан қағида

Фашық жанның пәк сезімі жылы жұз,  
Баспасын де фашығыңың нұрын мұз.  
Пушкин айтқан қандай ғажап қағида:  
“Көрі мен жас – махаббаттың құлымыз”.

Күпия сырды алғашқыға бұру көп,  
Көршінің қызын жырға қоспай тыным жок.  
Татьянаны Пушкин де өле мақтаса,  
Оз елінің қызынан артық сұлу жок.

Еркектер-ай, кімнен ақыл сұрайсың,  
Алдына келіп өліп-өшіп құлайсың.  
Деді ғой Пушкин: “Сұлуды қанша аз сүйсен,  
Соншама қатты ұнайсың”.

Жаңа заман түзесе жудеу сиқынды,  
Жамандама осіп-өнген жұртынды.  
Тында ақынды: “Откен іске нальма,  
Откен істің бәрі де келер суйкімді”.

Мәңгі өшпес сан ғасырды таң қылған,  
Қағида осы есті сөзге қандырған.  
“Мысы басым азап шеккен ақынның,—  
Деді Пушкин, ізгі арманды заң қылған”.

Болды берік өз ісіне сенімді,  
Ол – жеңімпаз... Қарсыластары жеңілді.  
Данамын деп дандайсыған жері жоқ,  
Кешті Пушкин “ойлы, мұнды өмірді”.

Есте қалды қанатты сөз қаншасы,  
Ортақ мұра, біле білсек, баршасы.  
Деп еді ғой үлттың ойлап мүддесін:  
“Адамдардың дәстүр – қатал патшасы”.

16.10.2007



## Кіші қызы Қаныштың

Шолпан жұлдыз егізіндей нұр құйған,  
Фажап еді-ау жас кезінде құлпырған.  
Мейіз десе,  
Мейірін қанаң қыз еді,  
Көзің шалса, жан-жүргегің ұмтылған.  
Баурап алды кен барлаудың жолдары,  
Білікті өке бар ынтасын қолдады.  
Әрі сұлу, әрі ақылды қызына  
баянды боп бақыт мәнгі орнады.

### Көңіл наазы

Анасы да ел тілегін ақтаған  
Таисия апай...  
болды елгезек жақсы адам.  
Жан серігі, жәрдемшісі Қаныштың,  
Екі ананың балаларын баптаған.  
Әке арманын  
ардақтаған барлаушы,  
болды Мейіз жоқтаушы да қолдаушы.  
Қаныш аға мол мұрасын маздатты,  
Фасырларға кең жетердей бар дауысы.

Дана сырын бір арнаға құйылтты,  
Телегей теңіз қолжазбасын жиыпты.  
Отыз ұлға тұратын қыз осы ғой,  
Сегіз томды ел қолына бұйыртты.  
Үлкен ғалым  
Жезқазғаншыл жаралған,  
Әке арманы жемісінен нәр алған.  
Қаныш қызы Жезқазғанның қызы бол,  
Іске асырды өз арманын сан алуан.

Тостаған көз ... бұйра шашы желбіреп,  
Егде күнде азаймапты селдіреп.  
Қарыс маңдай,  
Қаныш – маңдай келбетті,  
Тұруши еді мейірім тегіп елжіреп.  
Жұз жылдық той кезінде көп таныстым,

Ұлы жолдан ұлағат, ғибрат алыстым.  
Барша қазақ алғысын ал,  
Ардакты,  
Асыл туған кіші қызы Қаныштын.

08.10.2002

### **Кербез Көкше келбеті**

Келбетіңе қараймын, сері Көкше,  
Сал табиғат жаратты сені ерекше.  
Күндік жерден Сырымбет сылаң қақты,  
Бой жазғандай Құлагер бел-белесте.

“Оқжетпестің” Бурабай етегінде,  
Шақырып түр  
“Жұмбақ тас” екеуін де.  
“Алтын қайық” секілді күймеленген,  
Қос көл жаққа Ақтоқты кетерінде.

Қандырады табиғат сырға қандай,  
Ару қайың алдында тұр таранбай.  
Ақын Сара секілді жаутаң қақты,  
Ақ маңдайын Біржан Сал сипағандай.

Торғын желің толқынды самал төксе,  
Дергті жүрек сауығар аман жетсе.  
Үкілі Ыбырай өткендей “Гәккулетіп”,  
Фашық күнді қос аққу салады еске.

Көрген адам тамсанып қарағандай,  
Ақ бураны құлатты жара қандай?!  
Кенесары жатыр ғой үнгір тасы,  
Ақ тайлакты аңсаған қара нардай.

Күн кешпейді Жалғызтау дараланбай,  
Мұнаядды жанында жара бардай.  
Ел-жүртты ойлап тебіреніп Есіл жақтан,  
Мағжан ақын Көкшеге қарағандай.

Қоңыр кеште ыргалып самал ессе,  
“Жеке батыр” Баянды салады еске.  
Жұмбак дүние, көгілдір жұмбак өмір,  
Мың құбылған келбеті қалады есте.

2007

### Салшы Ақан әніне

Кетті деме, беу, ағайын, әріге,  
Сағыныштың құлы жас пен көрі де.  
Сырымбетті есіме бір алайын,  
Салшы, қалқам, Ақан сері әніне.

Фажап еді-ау көлде аққудан аумаған,  
Мұн әкелді сұлу сүйгіш тау маған.  
Ата-анасы қөшті біздің ауылдан,  
Кетті ғашық тәнірім маған арнаған.

Тағдыр солай, тым ертерек сын артқан,  
Балғын ғашық шын адасты құмартқан.  
Актоқтыны аңсағанда шырқаған,  
Ақан әні кетер емес құлақтан.

Келші, досым, ескі сырды ашайық,  
Тас берішті әсем әнмен қашайық.  
Домбыраның келістірші күмбірін,  
“Ауылым қонған Сырымбетке” басайық.

03.02.2006

### Алатауға

Алатау, мен сенімен қоштаспаймын,  
Есімнен кетпес мәнгі достасқан күн.  
Мәскеуден аңсап жетіп, қайта оралды  
Сағынған достарыммен көш қосқан күн.

Өзге де құпия көп беле алмайтын,  
Сұлуға сая болдың мені арбайтын.  
Барғанда кездесуге тұруши едің  
Атамдай анға шықсам көз алмайтын.



Ақындар барын айтпай, жасқана ма,  
Тауымсың жаным сүйген асқар ала.  
Қызына Алматының ғашық болдым,  
Тап сондай қызықтырмай басқа бала.

Тау қайда тап өзіңнен өсемірек,  
Гүлзарлар асыл теңеу өперді көп.  
Арқалап Сарыарқаға әкетер ем,  
Ел сөгер қайны атасын әкелді деп.

Аз емес жыр тұтатқан қолғабысын,  
Тасыды тау суындай мол ағысым.  
Алатаяу, мен ғана емес, бар қазақтың  
Құдайым өзі орнатқан қорғанысын.

Көшкенім Астанаға ... қуатым бай,  
Жүрерлік екі арада құр атындей.  
Алыстан асқақтаған сені көрсем,  
Тебіренем ғашық өлең туатындей.

Көп айттым бір өзіңе жасымда сыр,  
Арнадың қеудемдегі асырға нұр.  
Қимаймын көз жұмғанша қоштасуға,  
Немерсем отау құрган қасында жүр.

27.04.2003

### *Көңіл наэзы*

#### **Құзгі шуак**

Жүрегім, сінді тыным аласың ба,  
Әлде бір тың әуреге саласың ба?  
Шаршатқан шартаралтан әрең жеттім  
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Балқып түр кербез Көкше белестері,  
Айнакөл ашық жатыр, жел еспеді.  
Айдында акқу-қаздар санқыл қақса,  
Мектептес қыздар көзге елестеді.

Жасымда ердім тағдыр жетегіне,  
Қой енді, қарайлатпа кешегіге.  
Кен қазып, жыр төгілтіп жеттім есен  
Тұған жер – Жалғызтаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,  
Қарсы алды көк Есілдің жағасы да.  
Күзгі орман Абылай хан аланында,  
Сыймай түр екі көздің шарасына.

Кер бұғы ере тартты баласына,  
Ақ киік кетті тоғай арасына.  
Бүйірін қыздырып түр үйір жылқы,  
Ой салып тірі жанның санаасына.

Көрдім-ау қызыл-сары балғын гүлді,  
Аққу-қаз өтті төгіп жойқын үнді.  
Алыстан қол сілтесе сал Сырымбет,  
Саумалкөл, сағындым ғой толқынынды.

Жаз өтті, күз жарықтық сараңданды,  
Шабыс жоқ, баяу жортақ аяң қалды.  
Ну орман жапырағы түсіп жатыр,  
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

03.12.2003

### **Өтті ғасыр**

Өтті ғасыр...  
Атомшыл заманды алып,  
Өшті Одақ шаңырағы қараң қалып.  
Аштық... соғыс... “Семейдің полигоны”...  
Аз болғандай, әкетті Арады алып.

Өтті ғасыр...  
Әйтеуір, танытты елді,  
“Қазақ” деген атымды алып берді.  
Күдай ондап,  
акыры қайран қазақ  
Егемендік дәүірді анық көрді.

Төрге әкелдік  
Зар шеккен барды ақтарып,  
Мағжан аға оралды ардақталып.  
Сәкен, Илияс, Бейімбет қайта туды,  
Көшпелілер тарихын тармақтадык.

Өтті ғасыр...  
Алсыншы өмір демін,  
Дербестігім тарқатты көңіл шерін.  
Бірак, шіркін,  
біле алмай елендеймін  
Үкілі Ыбырай қай жерге көмілгенін.

Аян болды  
ар үшін алысқандар,  
Орнын тапты Ахметтейabyз жандар.  
Кешегіге кешірім еткізбеді  
Шәкәрімдей құдықтан табылғандар.

Өтті ғасыр...  
толқымын қаламды алып,  
Айтар мұным бітпейді-ау тәмәмдалып.  
Қос ғасырдың күесі атаныппыз,  
Осы күнге жеткендер аман қалып.

Селк еткізіп шақырса сезім өлең,  
Көргенім көп осы екі көзімменен.  
Ескі ғасыр сақтайық жақсылығын,  
Жамандығы кетсінші өзіменен.

01.01.2000

### **Қызылжарым – құмарым**

Жарқабақта жанғандай қызыл жалын,  
Байқап қалдым Есілде қызық барын.  
Бала ғашық балдырған еске түсті,  
Жарқ еткенде алдында Қызылжарым.

Құба талдың қарашы сызылғанын,  
Жел қосылған алмайын үзіп әнін.



Біреу мүмкін сөгер де,  
Тастадың деп кешірек.  
Білмеген жан сенер ме,  
Қоштасып ем бес рет.  
Тарттым ойлы ақ таңда,  
Келсе мұнға салар күн.  
Біреу шылым тартқанда,  
Бәрін де еске алармын.

Өмір кейде мұндасып,  
Ашыны да татқызды.  
Үйір болған сырласып  
Тәттіні де тапқызды.  
Софыс жылдар тым ерте  
Дерптті күнде қосылды.  
Тұжырым жасап тым келте,  
Сөкпей өтем досымды.

12.08.2000

Көңіл назы

## Жалындай көкке атылды

(Faфу Қайырбековке)

Аузына Құдай сөз салған,  
Жолбарыс еді өр тарлан.  
Шымырлап өрген жырлары –  
Ғұмырлап өтер сәтті арман.  
Пұшайман емес соққы алған,  
Сандалкөл сол ғой топжарған.  
Сағынып журмін Faфуды  
Аталы сөзге тоқталған.

Сырбаздығы Фабиттей,  
Өршілдігі Сәбиттей.  
Бұлқынысы Бауkenдей,  
Сыrbайды ескен дәрілтей.  
Абайша да толғайды,  
Байронға да қол жайды.  
Қырандай етіп зорайтты-ау  
Шырылдап қалған Торгайды.



**Көңіл наазы**

Өлеңнің өргек татымы,  
Қанатты құстың жақыны.  
Еш адамға үқсамас  
Faфекен қазақ ақыны.  
Тұманбай өссе “агалап”,  
Сыйлады Қадыр бағалап.  
Бәрі де бірге жүрді ғой  
Қазақтың жырын тағалап.

Оқыған адам елтиді,  
Қыздарға қанша зер тиді.  
Тап одан артық кім айтты  
Сұлулар елі – ЖенПИ-ді.  
Адуынды ағынды,  
Бұрқанған ерке дарынды  
Жалғыз ғана мен емес,  
Қазақтың елі сағынды.

Женеше-ау, ерке шалынды,  
Маңдайға біткен бағынды  
Тәтелер де сағынды,  
Кафелер де сағынды.  
Нарыққа кірсе ыскыртып,  
Содырды соқты ықтартып.  
Газетте бүгін ...  
Faфу жоқ,  
Бұзықты берер шықпыштып.

Табатын алқа жол төрден,  
Арпалыс көп қой ол көрген.  
Сахналарда ...  
Faфу жоқ,  
Үлкен мен кіші жол берген.  
Арыстанмен алысты,  
Ақиықпен жарысты.  
Үйретіп кетті Faфекен  
Бермеуді қолдан намысты.

Қоздырап жырга бүйірін,  
Іздейді әркім үйірін.

Сағынтып жүр ғой бұл күнде  
Faфуша туған иірім.  
Іздемей көктен шатырды,  
Найзагай отын сапырды.  
Жалындал тұрған кезінде  
Жарқ етіл кекке атылды.

2000

### **Досқа сыр**

Бермендің деп зор бақыт,  
Аллаға жүк арттайық.  
Бөтен сөзді тоқтатып,  
Береке, бедел сақтайық.

Азсынып баста ақылды,  
Тағдырга пәле жаппайық.  
Бұлдірмей шыққан затынды,  
Адамдық жолын жақтайық.

Үлкенге “жаз бол шыбынсыз”,  
Орындал ойда тілегін.  
Тым ұзақ қалма дым үнсіз  
Жұдестердей жүрегін.

Інінді тілдеп жекірме,  
Ол саған қатты сенеді.  
Бағанды сыйлы кетірме,  
Сені де ағаң жебеді.

Ақылсыз қайрат – пәлекет,  
Қайратсыз ақыл – тұл жетім.  
Тайсалмай етсе әрекет,  
Ақталар алда міндетін.

Сілтер жер келсе, сергі енді,  
Сабырмен төрлет, жығылма.  
Желпініп қал сен де енді,  
Тасада бекер тығылма.

Сөзіме етпе ерегес,  
Өзім де зерлеп қараймын.  
Осының бәрі мен емес,  
Айтқаны елге Абайдын.

24.10.2005

## Ақын

*М.Ю. Лермонтовтан*

Шабытты шақта Рафаэль,  
Фажайып сұлу жас әйел  
Бояумен мінсіз салыпты.  
Өзіне сүмдыш ұнады,  
Суретті құшып құлады.  
Рахатқа әбден қанықты.  
Әр тасқын албырт жастағы  
Күшіне сеніп, саспады,  
Ақыры бойын сұыта.  
Өлердей шаршау басталды,  
Сағыныш селі басқарды,  
Аспанның отын ұмыта.

Ақынның соңдай үшқыннан  
Қаламы заулар, ышқынған  
Шыдатпай іште мұн-шері.  
Күнгіртті сәуле сәнді етер,  
Жұмаққа тыныш өн жетер,  
Көргенін аңсап пірлері.  
Жұздерің тартып салқын қан,  
Демігер жүрек алқынған,  
Бұлдырап елес бергендер.  
Баяғы сезім акталар,  
Өзгермей есте сақталар  
Ең алғашқы көргендер.

18.04.2002

## Дұрыс болды

Махаббатта болмайды еken тегіндік,  
Үйленген соң үдере қашты жеңілдік.  
Ауыр қамыт түсті жүқа мойынға,  
Бір дұрысы  
Біз пар аттай жегілдік.

Өмірдегі “бармен”, “жоқпен” санасып,  
Кен қопарған оқпандардан өрі асып,  
Сыр бермедік  
Алыс жолда жүрсек те,  
Кеткен жоқпыз туған елден адасып.

Інілерге ақ ниетпен қарасып,  
Ағалармен жайлау құрдық жарасып.  
Достармен барды қакқа бөлістік,  
Көш бүзбадық бақ пен таққа таласып.

Дұрыс болды ақ сары қыз ергені,  
Ырыс қонды, жанды оның да еңбегі.

21.01.2008

Көңіл наэы

## Ұстазымның ұлына

(Сержан Қанапияновқа)

Сабырлы еді,  
Ұстамды еді, нық еді,  
Дарқан өмір көрді жолын сүбелі.  
Жай оғындей оқыс қаза кез болды,  
Ұлағатты ұстазымның ұлы еді.

Сақ еді ғой сергелденге соқпаған,  
Бұра тарта баспайтұғын еш қадам.  
Мұсахан аға үш ұлына сұқтанған,  
Тіл тиді ме,  
Көз тиді ме деп қалам.



Көнтерлі еді маңғаз, кербез, тұлғалы,  
Күндіз майдан, түнде өлең тыңдады.  
Естен кетпес ақ жүзінен нұр шашып,  
Терен ойлан, күліп қана тұрғаны.

Өнегелі шаңырақ құрып жетілді,  
Орге бастап өтті өрімдей екі ұлды.  
Тірі жанға мейірімді еді жансебіл  
Жан анасы Күлөш апай секілді.

Ақын еді күс қиялын ұстайтын,  
Биіктөр жоқ ол армандаپ ұшпайтын.  
Ақан сері бата беріп кеткендей,  
Сылқым сері Сырымбетке үқсайтын.

Аз жыл өтті тойлағалы елуін,  
Мақтан еттік үлкен төрде шеруін.  
Енді ойлаймын өлместей бол есімі,  
Өлеңдері ел алдына келуін.

Бақытжан мен Еруланым, не дейін,  
Енді өздерің есен бол деп жебейін.  
Жарық көрсе артындағы еңбегі,  
Әз рухы үстем етер мерейін.

18.06.2003

### **Кешедегі көрініс**

Қара айғырдай басы қасқа ақ, табан  
“Джиптер” барлық қәшелерде қаптаған.  
“Бұлар біздің үлттық көлік” дейді екен  
Інілерім қонақтарға мактаған.

О, иншалла! Көп көлікке жарыдық,  
Темір тұлпар әрі жайлы, әрі нық.  
Қалталылар, шенділер өңкей бақталас,  
Бәсекеге түсіп әбден байыдық.

Рекламалар алақ-жолақ елестер,  
Жыптыр-жыптыр жарнамасын тез ескер.  
Кей жерлерде жабайы сөз жазады-ау,  
Қытығына тиіп кетер өрескел.

Фотосалон – “KODAK” болып кетіпті,  
“AMSTEL” – сыра “ұятсыз” болып бекіпті.  
Ойлайықшы, намыс қайда ағайын?  
Осындайды тыятын сөт жетіпті.

Көше көркін көтерсек көп есеге,  
Халық саны әлі онша емес десе де,  
Көңіл көншір қуаныш бар, әйтеуір,  
Екіқабат әйелдер көп көшеде.

07.10.2007

Көңіл наэзы

### Ақ тоты

Не деген сұлу ақ жүзің,  
Кеппестей көзге ілінбей.  
Таң ата ашқан қауызын  
Алатай орік гүліндей.

Ақ тоты көрдім ақ қанат  
Әкелген шаттық жанары.  
Балдырган сәби маҳабbat  
Жанымды өртеп барады.

Аңсатқан асыл құмарым  
Алдыма келіп қалды ма?  
Тапқандай аққу сыңарын,  
Жұлдызым менің жанды ма?

Үмтүлсам ғажап жеміске,  
Өзгеден өзге көріндің.  
Сен бе едің күткен періште,  
Шаттығын ашқан өмірдің.



Япырмай, енді не дейін,  
Орнаса бақыт бір күнде;  
Жанымның өскен мерейін  
Білдің бе, сәулем, білдің бе.

2003

### Кім өртең өлең тыңдайды

Сал, сері, мырза ақындар,  
Ойсырап қалды шамамыз.  
Қалтаң тайыз, атың бар,  
Қолда жоқтың бәрі аңыз.

“Мерседес”, “Джипке” ере алмай,  
Жаяулап кетіп барамыз.  
Садақа кейде бере алмай,  
Қысылыңқырап қаламыз.

Гонарап қайда еселі,  
“Спонсор” тап деп қинайды.  
Мың кітап кімге жетеді?  
Қай құлақ оны тыңдайды?

Айта алмай соны ақындар,  
Құлдырап қана барамыз.  
Қаламақыны, һақың бар,  
Дұрыстап қашан аламыз?

Ауылды көріп, тер төгем,  
Кітапты қайдан алар деп.  
Ішімнен жылап, өргенем,  
Окушы жоқ боп қалар деп.

Айтарым депутат мырзага:  
Бүл сүмдық ұлтты ойрандар.  
Рухани осы зілзала,  
Түбірін ондап ойландар.

Қайысып кейде қабыргам,  
Үзіле жаздал, сынбайды.  
Мәңгіріп естен жаңылған,  
Кім ертең өлең тыңдайды?!

07.05.2005

## Ардақты абыз ақсақал

(Бәйкен Әшімовке)

Көкшетаудай кербез, маңғаз жаралған,  
Ақан, Шоқан даналардан нәр алған.  
Алты Алаштың қыранысың ақиық,  
Омырауыңа “Алтын жұлдыз” қадалған.  
Биден де биік асылым,  
Бойында бүкіл ғасырым;  
Жамандықтан безініп,  
Жақсылық елге тасыдың.  
Көнеден қалған көзімсің,  
Көкіректе қымбат сөзімсің;  
Ардақты абыз ақсақал,  
Бәйкен аға, өзіңсің.

Көрген адам ақылды деп мақтаған,  
Женешем дс таңғажайып жақсы адам.  
Жігіттіктің Бас сұлтаны сайлардай,  
Жіптіктең ғып сені мығым сақтаған.  
Алатуда тұрағың,  
Тап қасында жұмағың:  
“Бақытың – сенің бақытың”,  
Бір кешкен өмір сынағын.  
Көнеден қалған көзімсің,  
Көкіректе қымбат сөзімсің.  
Ардақты абыз ақсақал,  
Бәйкен аға, өзіңсің.

Әнге бөлеп ұшырғаным жыр құсын,  
Кәрі, жасқа өнегелі үлгісің.  
Парасат пен саясатың парапар,  
Асыл мінез – бір сырлы, мың қырлысың.

Көңіл наэы

“Ел сенімі – қымбатың”,  
Тұлғаңа сай сымбатың.  
Халқыма кең тарады  
Даналармен бірге атың.  
Биден де биік тұғырың,  
Әлемге жетті дүбірің.  
Ардакты абыз ақсақал,  
Жастарға сабак ғұмырың.

23.08.2002

### Сәтімен келді сөүірім

Басталды ынтық дәуірім,  
Сәтімен келді сөүірім!  
Жайлауга шықты ауылым,  
Дүрлігіп бүкіл жатыр ел,  
Мейманға тосып тәуірін.

Басталды өзен тепені,  
Ашылды сайдың етегі,  
Бүршіктер жымың етеді.  
Жұдырықтай жүрегім  
Кеудеме сыймай кетеді.

Емес қой бәрі алдамшы,  
Қалқам-ая, сен де таңданшы.  
Алдау жоқ менде алданшы,  
Баяғы өткен көктеммен  
Үндемей қайта жалғаншы.

\* \* \*

Қап-қара құзгі тұндей барқыт көзін,  
Тебірентпес қайдан келсін артық тәзім.  
Құмар шақ, ерке мезет,  
Кезек келсе,  
Тірлікте болмас одан артық кезім.

Қоймайды бір қалыпта тартып көзің,  
Жарқ етсе жан шыдатпас шалқып сезім.  
Басыма жыр айналған ән байланды.  
Жіберші жалғыз ғана айтып сөзін.

\* \* \*

Жадымнан шықпас ешқашан  
Сәтті Күн отты түйірі.  
Шақырып шабыт толқытар  
Жезкиік жонда үйірі.

Сыр төксем, құстар шулаған  
Айдынды шалқар көлдеймін.  
Бір ауыз өлең тумаған  
Күндерде құмды шөлдеймін.

Таудағы үшан судаймын  
Дүркіреп аққан сарқырап,  
Мезетін сәттің бұлдаймын,  
Туғандай Айым жарқырап.

Тағдырмен жұрсем алысып,  
Өмірден күтіп дұрыстық,  
Шаттық пен қайғым жарысып,  
Бермейді бір сәт тыныштық.

08.08.2000

\* \* \*

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,  
Көл шетінде құсқа құрмет етемін.  
Қырға шықсам, қызыл ішік киген қыз,  
Жырлай, жырлай өзінді іздеп өтемін.

Жаршысымын туып, өскен даланың,  
Ақку, қазға сәлем айттар бар әнім.  
Сұлу көрсем, бір сүймеуге хақым жоқ,  
Жүдеп тұрмай, жүрек тілін аламын.

12.08.2000

## Бұлақтың көзін ашқанда

Тік шатқал етегінде жас құрақтың  
Сыбыры естілмейді тас бұлақтың.  
Жан толқып,  
Көніл шалқыр сәт екен гой,  
Ақ қайнар көзін ашып, шапқылattым.

Шатты әнге сақ-сақ құліп салғандайын,  
Япырмай, сонша қуат қайдан дайын!  
Сүйсініп күлкісіне мен де түрдым,  
Бойыма жаңа қуат алғандайын.

Балқыдым бал көусардан татқан сайын,  
Шалқыдым жанға шырақ жаққандайын.  
Ақ бұлақ алғыс айтты қоштасарда,  
Бір серпіп жарқыл қаққан ақ маңдайын.

Бере бер, о, Жаратқан, сәнді күнді,  
Ұмытпан кереметті дәл бүгінгі.  
Осы ма бір сауабың тиген маган,  
Денемде жас күнімдей қан жүгірді.

16.08.2004

\* \* \*

Жөндел те айтпай өкпесін,  
Қинаса достың безгені;  
Әуелі адад өлшесін  
Өз арыңның безбені.

Қисынсыз кетсе шетінеп,  
Досым деп бекер алданба.  
Кінәнді тапса көкірек,  
Кешірім сұра, арланба.

Басылар селдің тасуы,  
Бара бер жылы кеңеске.  
Жақсы адамның ашуы  
Өткінші жаңбыр емес пе.

2004



\* \* \*

Екі жақсы дос болса,  
Сыйластығын тыймайды.  
Екі жаман дос болса,  
Бір есікке сыймайды.

Екі ақымак дос болса,  
Бірін бірі даттайды.  
Екі ақылды дос болса,  
Бірін бірі мақтайды.

Екі есер дос болса,  
Көрместей боп кетеді.  
Екі есті дос болса,  
Биік шыңға жетеді.

Екі тентек дос болса,  
Бірін бірі қорлайды.  
Екі еркек дос болса,  
Бірін бірі корғайды.

## Құтты болсын, “Алтын той”

(Тұманбай мен Құлтәйга)

Елендессе дүбірін, Тұманбайым,  
Тел қоңырдай шүркырап тұрам дайын.  
Жарты ғасыр Құлтәймен шаттық құрган,  
“Алтын тойға” мен қалай қуанбайын.

Қуанамын...  
Жарқ етсе алтын күнің,  
Алатауды жаңғыртсын жарқын үнім.  
Шомылындар алтын күз шуағына,  
Алтын келін, асыл дос, алтын інім!



Ән таратып, жайылса көп сырымыз,  
Құс көшінде әуелеп көшті үніміз.  
Жезқазғанның кездессек шахтысында,  
Қос ғасырмен ұласты достығымыз.

Жүргіміз жаңылмас білді жолды,  
Жанарымыз жарқ еткен гүлді шолды.  
Махабаттың мазасыз мұнын шерткен  
Достығымыз үрпаққа болды үлгі.

Әне, содан ерекше қуанышым,  
“Алтын маусым” қазаққа туғаны шын.  
Былтыр ғана “Алтын той” біз де өткізсек,  
Бірге жайлап өтейік жыр ғарышын.

Сәлем айтты сексен көл аққулары,  
Толқып жетер тойыңа “Гәкку” әні.  
Қай қияда жүрсек те іздел табар,  
Ақ қанаттар салюттей жарқыладады.

Балаларың, шүкірлік, қалды есейіп,  
Немерелер алдында сөз кесейік:  
Тұманбай, Күлтәй, “Алтын той”  
құтты болсын,  
“Гаяхар тойда” осылай кездесейік!

02.09.2006

### **Жүректің қос мекені**

Шоқан басқан асыл ізден нәр алдым,  
Ақан Сері әнін жаттап тараңдым.  
Құлагер жортқан құба жонда ізі бар,  
Аққулы елде, “Гәккулі” елде жараптады.  
Тағдыр қости дос-жаранның тәуірін,  
Тыңдай білдім құстар әнін, тау үнін.  
Қыздары әнші, үлдары ақын, сауықшыл,  
Жайлап өстім Үкілі Ұбырай ауылын.  
Сол ауылда жаздым тұңғыш өлеңді,



Жас жүрекке желіктіргіш жел енді.  
Сол ауылдың әнші қызы үйретті  
Жер бетінде махабbat бар дегенді.

Қаныш жүрген құт әкелді Жезқазған  
Кенші болдым, өлең де көп мен жазған.  
Арападым Ұлытауды, Қоскөлді,  
Тыныс алып, отты құннен кен қазған.  
О, кең дала! Сен қандырдың құмарды,  
Бауыр бастым көк сағымға мұнарлы.  
Сергіп қалған қабағында көп сыр бар,  
Сонда көрдім адасып жүрген үларды.  
Тез құлаймын ес білгелі ғажапқа,  
Сұлу көрсем, шын сұқтанбау азап та.  
Мөлдіреген қара көзі таңдантып,  
“Жезқиік” боп сыр ақтардым қазакқа.

Кезден көшкен сол елестер желбіреп,  
Жалғасады киік-дала, кең жүрек.  
Көкшелетіп Ұлытауға бір соқсам,  
Сауығамын, сағыныштар селдіреп.

1997

\* \* \*

Ақкудай жел сындырған қауырсынын,  
Беу, қалқа! Тағдыр тартқан ауыр сырын.  
Кездесіп, шер тарқатты қайран жүрек,  
Назынан рахат алып дауысыңын.

Көп күткен алыс жолдан оралғандай,  
Қара көз жаутаң қақты қол алғандай.  
Мен тұрдым бір қуанып, бір мұңайып,  
Көп жылғы сағынышым жоғалғандай.

Қоштасу азап болса өмір берген,  
Кездесу жұмақ екен көзім көрген.  
Таттым ғой көп мекнанттың бар рахатын,  
Сүйкімді мезет туып көңілденген.

20.10.2007

\* \* \*

Көптен-көп білмегенім елде менің,  
Толғанып, бүгін ұғып, сенделемін.  
Ұзак жырга көп мұңның сыймағанын  
Қысқа сөзбен айтуды жөн көремін.

Тасыған мейманасы тілге бейпіл,  
Болыппыз ақымаққа үндемейтін.  
Сондайда ақындыққа нұқсан келіп,  
Ұқсайды аяз соққан гүлге кейпім.

2005

### Теңізге

*A. C. Пушкиннен*

Қош бол, сұрапыл еркіндік!  
Соңғы рет менің алдында  
Кек толқын көшін серпілтіп,  
Басасың жойқын қарқынға.

Дауысындаі достың налыған  
Жұмарда көзін жоқтасып,  
Шуың мен мұңың дарыған  
Үніңмен тұрмын қоштасып.

Жанымның ақтық тілегі!  
Жағанда жүрдім қамығып,  
Кек тұман қолдап легі,  
Қиялышыл ойға салынып.

Сүйсінні таңдай татынған  
Тұнғиық түпсіз ұн, дыбыс.  
Кешкүрим мені шақырған  
Баурады дербес құлшыныс.

Балықшылар бейқам желкенін,  
Қарқының сақтап ерен ер,  
Жайлады иірім кең төрін.

Бірақ сен беріп тентек үн,  
Барады батып кемелер.

Қимастық женді жетегі,  
Жағасың бейкам бар ісін.  
Құттықтап сені өтеді,  
Шындарға есен жетеді  
Ақындық менің шабысым!

Шақырдың, тостың толғантып,  
Тұтқын ем... бескөр жандым мен.  
Құштарлық шалқар таңдантып,  
Жағада жалғыз қалдым мен.

Не ой бар? Жөнді білдік пе,  
Жетемін қандай занғарға?  
Шелінде сенің бір нұктे  
Жанымды менің аулар ма?

Жартас тұр – данққа құлпытас,  
Көрген тұс салқын мол менде.  
Естелік сансызың ұмытпас:  
Наполеон солды-ау сол жерде.

Қиналды деген бар аңыз,  
Қай дауыл оны елемек.  
Тағы бір кетті данамыз  
Санамыз сүйген керемет.

Достары боздап, тез кетті,  
Гұлтәжбен тастап жан нұрын.  
Дауылдат, желдет, ер өтті  
Арнаған саған бар жырын.

Жүзінде бейнең жазылды,  
Рухыңдан өжет нәр алған .  
Телегей терен, қажырлы,  
Өзіндей қайсар жаралған.



Бос қалды өлем... Қай жаққа,  
Апарып мүқит тастайсың.  
Білімге ниест салсақ та,  
Үзімін құттың татсақ та,  
Азапқа қарай бастайсың.

Қош болғай, теңіз! Жаттадым  
Салтанат құрған сөнінді.  
Дүбірмен есте сақтадым  
Інірде шыққан өнінді.

Әкетем сені мен ертең  
Орман, шөл жаққа бірге өскен.  
Қосылар күнгей, көлеңкең,  
Таулар мен толқын тілдескен.

15.10.2007

\* \* \*

Шен-шекпен мезі қылар ақымақты,  
Жан қайды сақтай білер асыл затты.  
Бөрідей шала тойып, бұлік салмай,  
Естілер “бар” мен “жок”-тың бабын тапты.

Өтірік, өсекпенен негіз бұзбай,  
Қызық-ау кездескені егіз қыздай.  
Екеуі әмпей-жәмпей әурелесе,  
Мықтылық – міnez сақтау, жеңіл қызбай.

21.10.2007

\* \* \*

Жігіттің молдау болса ар-намысы,  
Көбейер ұзак жолда бар табысы.  
Өмірі от басында омыққаның  
Бітпейді қатынымен арпалысы.

Жақсы әйел ел-жұртыңмен көш құрады,  
Досыңды жаман әйел өш қылады.  
Өмірден көрген, білген сырым осы,  
Жақсы әйел жақсылармен қостырады.

Ақын дос, саған айтар ақ тілегім,  
Байқап айт көп теңеудің сәттілерін.  
Жұлдызыым, айым, күнім демей-ақ қой,  
Жақсы өйел жер бетінде бар тірегің.

21.10.2007

### Индира Ганди

Индира Ганди асыл жан,  
Алтынмен аты жазылған.  
Келбеті кербез жарқырап,  
Өтеді сансыз ғасырдан.

Үндінің қызы ардақты,  
Кеменгер, көсем, жан-жақты.  
Тірліктे асыл арманын  
Еліне туған арнапты,  
Арпалыс жолын талғапты,  
Ақжүрек ару салмақты  
Индира Ганди, Индира Ганди.

Әйгілі өulet жанғырды,  
Женілті асau тағдырды.  
Атағы шықса өлемге,  
Қас жауын артta қалдырды.

Сүйетін нәркес тазаны,  
Сұлулық сол ғой ғажабы.  
Ақ бота көзі жарқ еткен  
Кетпейді естен ажары.

Жұлдыздар салған жол талай,  
Қоймайды жүрек қозғамай.  
Индира Ганди секілді  
Аспанда аппақ толған Ай.



## Келемін өн мен жырдың қанатында

Бойымда жалыны бар бұлан ердін,  
Ойымда ағыны бар Құлагердін.  
Шабыста топтан озып алға тартсам,  
Келеді тың қалпымда тұра бергім.

Көп жырлап өткендер бар менен бұрын,  
Ол бақыт екеніне сенем бүтін.  
Хал-жайды жылдар көші анықтамас,  
Шарықтап өрге үмтүлса өлең-жырым.

Ақындық жемісі мол бағындамын,  
Артымда қою будақ шаңым қалың.  
Аралдың айқасында атой салып,  
Заманың ағымына бағынбадым.

Бақыттым бойға өлең дарығаны,  
Беруге үлгермедім барын әлі.  
Бұлқынсам Әму мен Сыр жағасында,  
Жебеді Махамбет, Мағжан әруағы.

Көрінсем отты ақындық санатында,  
Анамның ақ тілегі бар антымда.  
Сенемін сергек сезім, ойлы ақылға,  
Келемін өн мен жырдың қанатында.

25.01.2008

\* \* \*

Не жазса да ұлы Абай,  
Көргені сол ғой өмірден.  
Жоқтан барды құрамай,  
Наз төкті шыншыл көңілден.

Сырласы сонда ақ жүрек,  
Сезім мен ойы жүрағат.  
Бір қансырап, бір түлеп,  
Баспады сөзден бір ағат.

Ұмытпады бірақ та  
“Ғалами ғылым” дегенін.  
Ғылым мен өлең құлакқа  
Жүптасып жетті дер едім.

Сезім мен ойлы мұң қысқан  
Өлеңі шымқай ойтолғақ.  
Жүргегің жылы нұр құшқан,  
Кетесің толқып бірге ойлап.

Батыс, Шығыс өлеңін  
Қазаққа жатық енгізді.  
Маңызы мен көлемін  
Өмірден ғана тергізді.

21.10.2005

Көңіл наэы

### Асыл аға, бақыл бол

(Әбілқас Сагыновқа)

Қазактың көзін жұмды асыл ұлы,  
Жадында жатқан тұнып ғасыр мұны.  
Ұлы ұстаз, заңғар ғалым жүзі сөніп,  
Жасыбай толқынындағы басылды үні.

Көргенде елдің екі дүр асылын,  
Күн қайда қызығып көз бүратуғын.  
Эльбрус егіз шыны сияқтанып,  
Әбілқас, Евней бірге тұра-тұғын.

Фажапқа жасағандай үздік жорық,  
Екі көз қанушы еді күндіз көріп.  
Енді олар мәңгіліктен тұрақ тапты,  
Аспанда сөнбес екі жүлдyz болып.

Тұрмайды-ау сайын дала сағымданбай,  
Тынбайды-ау ажал қолда барынды алмай.  
Аттанды Әбілқас аға бақи жаққа,  
Тимур мен жеңешемді сағынғандай.



Байқашы, сыңсып жатқан Нұра қандай,  
Сүм тағдыр қатты соқты-ау сынағандай.  
Жұз жасқа женгем болса жетер еді-ау,  
Ол кетті жалғызыңда шыдай алмай.

Өкініш батпай ағын толғағына,  
Қараймын, аға, артта орманыңа.  
Көз сүртіп шәкіртерің қаумалап тұр,  
Сүйсініп сендей үстаз болғанына.

Жан аға, бірі едің ең іріміздің,  
Бақылдық – бар тірегі тіріміздің.  
Ардақтап есімінді ұмыттырmas,  
Әбеке, мен артында інінізбін.

29.09.2006

### **Бір жұтым судың бағасы**

Қазақ та орыс өзіндей,  
Бұлаққа күтім сан қылды.  
Ақынның өлмес сөзіндей,  
Қайталап көзін аршиды.

Біреулер толқын ілегі,  
Сүйеді теңіз жағасын.  
Шөлде өскендер біледі  
Жұтым судың бағасын.

Көусарға елім қуанар,  
Көбейтіп зәмзәм тармағын.  
Қырдағы малын суарап,  
Қырманға бұрап қалғанын.

Қоғалы қамыс, тың құрак,  
Шалғынды жайлай етегі.  
Атаныпты “Мыңбулақ”  
Бабамның ескі мекені.

Тоғандар көлін жан-жақтап,  
Көршімен тату қосыла,  
Бір жұтым суды ардақтап,  
Қақ бөлер жақсы досына.

2004

### Немереме асыл сыр

Немерем, қайда барасың?  
Әжене қөніл бөлсөңші.  
Сағыныш салған жарасын  
Тезірек емдел берсөңші.

Дәрудей қымбат жүрекке  
Бетінген сүйіп алғаны.  
Ораса бата, тілекке,  
Сол деп біл оның арманы.

Балапанға болған шат  
Аққудай айдын көлдерде.  
Қолына түссе асыл зат,  
Сақтайды бәрін сендерге.

Қажымас қайрат-жігердей,  
Бойыма қуат жандырды.  
Өлімге де жібермей,  
Сендерге сақтап қалдырды.

Көз көрген біздер ғасырда  
Баладан рахат татыпты.  
Жүрсөндер есен қасында,  
Іздемес басқа бақылты.

Сөз емес оған сән-сөулет,  
Өмірдің өзге бар мәні.  
Ол үшін үлкен бақ-дәulet  
Сендерді жолға салғаны.

Немерем, сүйші, өженді,  
Келгенше күтші шамаң;  
Көркейткен біздің өлемді  
Бас иші, қалқам, данана.

25.02.2003

### **Құштарлық**

Елдес те еді,  
Сұулар жерлес те еді,  
Жоқ болды ғой өзіңмен тендерсекені,  
Ақ Жайықтан Есілге қонған аққу,  
Есім кетіп сенімен кездескелі.

Қос ақ қоян жарқ етсе бұлқұл қаққан,  
Ақ төсінде сүйсіндім толқып жатқан.  
Жанарыңың оты көп, мұны да мол,  
Мөлт еткенде шыбын жан емін тапқан.

Бапты сөзің балқылты, ырқымды алар,  
Толқып кеттім жетердей ынтық хабар.  
Ғұмырымда көрмеген керемет бар:  
Тұғырың да тамаша бүркіт қонар.

Бір бүліктің сезсем де басталғанын,  
Алып ұшып, еркелеп бас салмадым.  
Басылардай көптенгі сағынышым,  
Әр сөзімді асықпай астарладым.

Келші, бермен,  
Армансыз аймалайын,  
Аймалайын, жаныма жай табайын.  
Рахат, ләzzат, шаттыққа малшынайын,  
Жақындашы, тағы да қайталайын.

10.07.2008

## **Евней аға ескерткіші алдында**

Сарыарқа кіндік төрі – Қарағанды,  
Келбеті бүгін тағы жаңаланды.  
Бой жазды асыл ерге сәнді ескерткіш,  
Ерекше нар тұлғасы бағаланды.

ҚарМУ-дің қуанышы ессленген,  
Евней түр бәз қалпында неше көрген.  
Сүйсінді жиналған ел  
Зор құрметке,  
Қол соқты гимараттар көшелермен.

Тебіренді Есіл, Кекшес Нұраменен,  
Толғанды Теміртаудай қуба белен.  
Ардақтап селенің мен өлеңінді,  
Еске алды ұланғайыр мұранды ерен.

Айтылды ғалым, ұстаз, ақындығын,  
Ойнатқан от-жалынды батыл күнің.  
Сөз болды  
Заңғар ғылым қақ жолында  
Қанышқа өзгеден көп жақындығын.

Рухың қуат беріп өсе білген,  
Дүрлікті көмірлі аймақ неше күннен.  
Үйқыдан аунап түсті-ая Сәбит, Фабит,  
Әбділдә,  
Маяковский Есенинмен.

Бұлттар да баяу жортты бұлкілдеген,  
Ақ қар да аң-тан қалды үлпілдеген.  
Қарсы алдың баршамызды, Евней аға,  
Жан баурап қарай қалған күлкінменен.

Келді ғой арман еткен тілегің де,  
Тұған ел қалдың мәңгі жүргегінде.  
Тік қарап тас тұғырдан болашаққа,  
Барасың ұлылардың легінде.

**Көңіл назы**

12.12.2006



## Інілерге алғысым

Күн артынан әлі талай шығар күн,  
Туар бізді сырттан барлап сынар күн.  
Қайда жүрсөң, Есенгелді, есен бол,  
Ерлігіңе Мағжан сүйгіш құмармын.

Көрінгендей сұңғыласы шынардың,  
Сен жарқ еттің арасынан мұнардың.  
Ұлт ұлының ұлы есімін айғақтап,  
Мағжан аға жыр кітабын шығардың.

Келсе толқып, шаттыққа орап наз артқым,  
Татсын нәрін өзге елдер де ғажаптың.  
Не де болса, бұл жинағы дананың  
Көптен күткен қуанышы қазақтың.

Айып болмас қисам көпке мәлімге,  
Бақытжан да үлгі болды тәлімге,  
Арнады ол Мағжан аға жолына  
Бір жылда бар Күн мен түннің бәрін де.

Ініліктің білсем бүгін не екенін,  
Пар жегілдің Бақытжанмен екеуің.  
Мекешке де үлкен алғыс айтамын,  
Жөнін тапты ынта қосқан жетегім.

Жыр жалауы деуге сөзсіз татыған,  
Қуанышқа бар қазақты шақырам.  
Інілерім, алғыс айтам сендерге  
Өзім емес, Мағжан рухы атынан.

*13.01.2003*

\* \* \*

Жүректің құштар кезінде  
Өзгеріп кетем өзім де.  
Есіме түсіп келбетің,  
Оранам ыстық сезімге.

Домбырам қолда үндесіп,  
Куаныш, әлде мұн кешіп,  
Шуақтап жаным отырам,  
Өзінмен үнсіз тілдесіп.

Баладай күлген бір жылап,  
Боламын мен де құлшынбак.  
Сағыныш селі шыдатпай,  
Кей өүен өтер шымшылап.

Оянған бүлттай бүйірып,  
Қалады есім жиылып.  
Ағыл да тегіл селдетіп,  
Кетеді өлең құйылып.

Бояуы ашық үнімен,  
Сөйлесем ғашық тілімен.  
Үзілмей жауған жаңбырдай,  
Әндете берем түнімен.

2003

Көnlіл назы

## Қазақтың партизандар көсеміне

(Қасым Қайсеновке)

85 күттү болсын, Қасым аға!  
Әруағы өзгелерден басым аға.  
Қазақтың партизандар көсемісін,  
Дүшпанга жастай тиген жасын аға.

Үрпаққа болды сабак үлкен үлгін,  
Жылға тең өзінменен жүрген бір күн.  
Рахымжан, Қасым, Сыrbай, Жұбан барда,  
Көріп ек таңғажайып үркөрлі күн.

Сүюші ек сендер жүрген парадтарды,  
Жыр арнап, інің сырын сан актарды.  
Жеңістің құба жартас белгісіндей,  
Өзіңе барша қазақ қарап қалды.



Қаһарман атың бүгін дараланды,  
Есімің ел туындағандағанда.  
Біз үшін сен мың аға орнындасың,  
Санасам ерте кеткен ағаларды.

Жүрекке сыймай тұр ғой қуанышым,  
Өтеді көз алдынан ұлан ісің.  
Топ жарып қай думанда сөйлесең де,  
Ойлысың, орнықтысың, қырағысың.

Кәкіргім ұшыргандай тірі құсын,  
Өлең – гүл төге салдым бір уысын.  
Жан аға! Алшан басып жүзге де жет,  
Сен бар деп біздер жас боп жүру үшін.

21.05.2003

\* \* \*

Беу, жүрегім, қызбалықты қой деп ем,  
Қызарғанға ынтызарлық мол неден?  
Бір өзіңе бір қара көз жетпей ме,  
Жүрмесенші бұра тартқыш жолменен.

Тарқамай ма құштарлығы мол маусым,  
Сұлу көрсөн, неге берік болмайсың.  
Шыбын жанды ақ тер, көк тер қылғанша,  
Неге ғана тәубендей айтып қоймайсың.

Жүрек айтты: – Сыр ақтарсам ашық қып,  
Сезімталдық іс емес қой кәсіптік.  
Құштарлықтың құрығынан шықпайтын  
Сұлұлықтың құлы емес пе ғашықтық.

Бәрі менен болғандай жүрт ойлайды,  
Қаламың да көп жазады сол жайлы.  
Шындықты біл: сұлұлыққа, ақынным,  
Мен тойсам да, екі көзің тоймайды.



Қайдан келді шымқай мөлдір тұнық жыр,  
Тұнық жырда алтын балық бұғып жүр.  
Сұлулыққа елікпеймін десен сен,  
Екі көзді тас қараңғы жұмып жүр.

19.02.2003

### Көгілдір туы елімнің

Көгілдір туы елімнің  
Көксеген жетті тарихтан;  
Белгісі біздің азат күн  
Тұғырын берік танытқан.

Көгілдір тудың рені  
Кек аспаннан алынған.  
Азатшыл елдің тілегі  
Ақталды аңсан, сағынған.

Желбіреп үқсан тасқынға,  
Көктегі Күнмен тілдесті.  
Көгілдір тудың астында  
Бар қазақ мәңгі бірлесті.

Кек майса көктем секілді  
Біздің ту жарқын шырайлы.  
Желбіреп, жайнап не түрлі,  
Женіске бағыт құрайды.

Көгілдір көлдер, асқар бел,  
Кек мұнар толқып бұлт басқан,  
Көкжиек дейміз аспанмен  
Кең дала шебін ұстасқан.

Кек түске құмар қарттар да  
Ел үшін міндет өтеген.  
Қол жайып ғибрат айтқанда,  
“Көгерсін, – дейді, – көсеген”.



Алғанда ауыр ақ міндет,  
Мол жігер қосып тасқанга,  
Ант береді Президент  
Көгілдір тудың астында.

27.03.2003

### Кимастық

(Куандық Шанғыштбаевқа)

Жайлаған Алатауды қырдың ұлы,  
Қазақтың көзін жұмды жыр дүлдүлі.  
Сұнқардай самғап жүріп кете барды,  
Тұлпардай түяқ серпіп тың дүбірі.

Ұстасы дара сөздің, сара сөздің,  
Атаулы бірі еді ғой дарабоздың.  
Жол құтты-ау маҳаббаттан маза таппас,  
Толқытты-ау жанын талай қара көздің.

Сүйсінні өр шумағы дүйім көпті,  
Терендік кемел ойды түйіндепті.  
Абайдың өз інісі болса дағы,  
Пушкинді шын жүректен сүйіп өтті.

Сыры мол, тартымды зор ерді сарын,  
Өзеге еш үқсамас қонды дарын.  
Қазанат, қарапайым өр шабытпен  
Халқына жүргінің берді барын.

Аямас артта қалған сыйын елің,  
Қош, аға!  
Біз үшін бүл қыын өлім.  
Жүрттан көп жабысуды білмейтүтын,  
Сырттай дос, аға тұтқан інің едім.

27.02.2001

## Қадір тұн

Құтты есік ашылды,  
Құлшыннты асылды.  
Қадір тұн осы екен,  
Құштарлық шашылды.

Татқанда тіл балын,  
Лаулады от-жалын.  
Жан-тәнім бірлесіп,  
Фаламат тапқаным.

Естілді құмар үн,  
Ашылды бұлағым.  
Еркелеп, аялап,  
Сүйсінді ұларым.

Қам көніл бір тынар,  
Тұн келді шын құмар.  
Біз бақыт тіледік  
Көңілмен ынтық, зар.

Қадір тұн. Құтты жер.  
Тәтті кеш. Сәтті төр.  
Сүйіспін армансыз,  
Ләззатқа қанды шөл.

Рахаттан өлсіреп,  
Қол жайып ақ білек,  
Айтты ғой рахматын  
Аллаға ақ жүрек.

Көңіл назы

2006



## Заман дерті

Арал кетті ... адамдар, Арал кетті,  
Жамандықтың қарқынын табанды етті.  
Онсыз дағы онша емес елдің күйі,  
Мына заман ұлғайтты-ау маған дертті.

Қарсы алатын қақ жолда сүйіп мені,  
Көрінбейді Сарыарқа киіктері.  
Басқа жерге келгендей басым қатты,  
Басылмай түр жанымның күйік, шері.

Қай қияда, қай апат бүлік жеттің,  
Сахарарада Мәжнүннің күйін шектім.  
Кең далада бір киік көрмеген соң,  
Бірге құрып кетердей күйік шектім.

Көп жұлдызға қараймын биіктегі,  
Елестейді біздің ел киіктері.  
Әріп жүрген секілді жерге қарап,  
Кездесуте үзілмей үміттері.

Көк аспаннан алмаймын көз қызығын,  
Әнге қосып арнаушы ем сөз биігін.  
Қалай шыдап жүр екен күйіп кетпей  
Арасында жез қанат жез киігім.

Заулап келіп алқа бел қырдан асып,  
Күндер қайда сырласар мұң тындастып.  
Қантап жүрген киіктер ғайып болды,  
Кетті ме екен Аралдың құмы басып.

14.12.2002

## Дастарханы қазақтың

Көңілшек көзден жас кетпес,  
Қуанса да жылайды.  
Арайлы төрден ас кетпес,  
Ел-жүрттың басын құрайды.

Қазы-қарта тұздалған  
Дастархан көшін қосады.  
Келердей күйеу қызды алған,  
Сүрленген төстік тосады.

Қымыз бар сусын сұраса,  
Орнайды қызу тәуір шақ.  
Келердей сылқым құдаша,  
Сыңғырап күтер бауырсак.

Бұйырар жеткен бабына  
Бал құйрық тәтті бауырмен.  
Татасын бәрін сағына  
Қарсы алған аңсан ауылмен.

Сақтайды үлкен талаппен  
Фажабын женғем ғажаптың,  
Парижден келген шарап пен  
Қып-қызыл сүрін қазақтың.

Қозының еті балбырап,  
Қазанда піссе бүлкілдеп,  
Сүріне басып қалжырап,  
Келіндер жүр ғой күнкілдеп.

Қайтсін-ай, бөлеп бал құндак,  
Отыра алмайды ән тыңдал.  
Кезегі бидің жеткенде,  
Есесін алар қарқындал.

Ауылға келіп жол күтпен,  
Жыр оқып, ойлы наз арттым.  
Жасай бер осынау молдықпен,  
Дастарханы қазақтың.

Көңіл нағыз

2005



## Тіршілікті сақтап тұр

Сұлулықтан жаралдық,  
Күн нұрынан нәр алдық.  
Ақ тамақтың әүресі-ау...  
Ақ құшаққа қамалдық.

Қарай, қарай жұбандым,  
Әр тілегін құп алдым.  
Қарақат көзі жарқ етсе,  
Аясына сұрандым.

Ләzzат, рахат сезгенім,  
Жалынын сөнбес көздедім.  
Мың әурене бір сенің  
Жақсы болды-ау төзгенім.

Сүйіп, құшып қат-қабат,  
Етем мәнгі мархабат.  
Тіршілікті сақтап тұр  
Сұлулық пен махабbat.

30.04.2002

## Естелік

Махабbat дәлдеп жүрекке  
Аямай тиген оқ еken.  
Қолымды салдым білекке,  
Басқа дәру жоқ еken.

Жас аққудай жетілген  
Аппак жүзің ашылды.  
Сүйіп алдым бетіңнен,  
Сонда дертім басылды.

Бала емеспіз ойнаған,  
Талай тәтті сыр шерттің.  
Әлі күнге ойланам,  
Сонда неге бұрқ еттің.

30.04.2002

## Ахмет аға. Даналық пен айласы

“Ширатып шикі өкпе бір жас баланы,  
Даналық мүшкілдіктен басталады”

Кожа Ахмет Яссайи

— Байтұрсынов, бір көмекке жараңыз,  
Біз ГПУ-ден Марғұланды табамыз.  
Оған қандай сіздің берер бағаныз? —

Деп зекірсе:

— Ол бір сырқат бала ғой, —  
Деп сыпайы жауап берді ағамыз.

Жылдар өтті. ГПУ келді қомдана:

— Марғұлан қайда? — Жалғыз сұрақ сол ғана! —  
Ол дүшпанды ұстауға бар жолдама.

Сонда Ахаң:

— Айтып ем ғой сырқат деп,  
Дәм-тұз бітіп, өліп кеткен ол бала.

Баскесерлер одан әрі баспады,  
Түбі сүмдүқ жабық сырын ашпады.  
Қолдарында қара ниет тізімнен  
Марғұланды сзып, сзып тастады.  
Кетті-ая, кетті ажал сүйгіш әбжылан,  
Олар үшін жоқ қой әділ зан, құран.  
Ахаң: “Алла, етірігімді кеш”, — деді,  
Есен қалды ғұлама ғалым Марғұлан.

19.07.2000

## Білмейді-ау деп қорқамын

Ел байлығын талатқан  
Ішінде журміз органың.  
Жалғыз ғой, шіркін, Жаратқан,  
Көрмейді-ау деп қорқамын.

Қапылыс емес, жаңылыс,  
Қажеті сол ма адамның:



Сатылу, ұрлау, атылыш  
Бейнесі болды заманның.

Бір елді бір ел ойрандала,  
Жазықсыз жатыр жайратып.  
Қаруға сенген тайрандала,  
Есерді қойды-ау сайратып.

Қалауын бермей халыққа,  
Ептілер еркін жайлайды.  
Жеткендер ірі байлыққа  
Ақшамен аяқ байлайды.

Әккі қу мың-мың асайды-ау,  
Асырып айла-тәсілін.  
Адам түгіл, жасайды-ау  
Алладан да жасырын.

Жаратқан сыйлап нұрлы күн,  
Ойласа ғалам мол қамын;  
Жер беті кейбір сүмдігін  
Білмейді-ау деп қорқамын.

18.08.2004

## Жезқазғанды “Жезкиік” елі дейді

(Жақсыкелді Сейіловке)

Айналайын атындан Жақсыкелді,  
Тағдыр сені дос етіп жақсы берді.  
“Жезкиіктің” дүбірі тасқындасты  
Жыр маздатқан бойымда жас жігерді.

Кен қопарып, баптасып етісін де,  
“Жезкиік” жүр жүйткітіп ел ішінде.  
Жүгірткендей сонынан екеуімізді  
Бір жұмбақ бар сол киік желісінде.

Сені мейлі, іздесін мені мейлі,  
Тыңдаған жан қалайша ерімейді.  
Қызыл ішік киген қыз аныз болған,  
Жезқазғанды “Жезкиік” елі дейді.

Жez қанаттың жыр етсем ағынын кең,  
Сағынып ем, тағдырға табынып ем.  
Жалын қостың жүректе жанған отқа  
Ықылас-ата сиқырлы сарынымен.

Сөз бен әуен желісін келістірдің,  
Бір арнасы табылды егіз сырдың.  
Адам жанын толқытты ән төресі,  
Тұған елді кең жайлап, әріс құрдың.

Шырқап, толғап, тебіреніп теңселемін,  
“Жезкиікке” өмірде көп сенемін.  
Қайда барсам, алдынан қарсы алады  
Жырлай, жырлай көп жылдар көксегенім.

Жүргіміз лұпілдес үн шығардың,  
Сағынышқа тап солай тұншығар кім.  
Мәңгілікке жол салған осынау әнмен  
Айды аспанға, жақсы інім, бір шығардың.

1986

Көңіл нағы

### Үш сонет

#### 1.

Бәйбіше, құйшы, шампанды,  
Бұрқырат шулы ақ буын.  
Жазайын кендеу арқамды,  
Кетеріп көңіл шалқуын.  
Бір кездे болған шын құмар,  
Жиналар қимас құбылар.  
Жаңа үйдің көркі ашылсын,  
Көрімдік шашу шашылсын.  
Нәр алып сұлу көркіннен,  
Толқысын ән, күй еркімен.



Береке қонар құт дарып,  
Жадырап мен де жанайын,  
Бір сүйіп рахат табайын,  
Мектептес қызға сұқтанып.

## 2.

Мінеки келді, алды қол,  
Татаібық ескі балдан біз.  
Өлеңде жаңа салды жол  
Бетіндеге жайнап қалған із,  
Сүйіп ем жап-жас күнінде,  
Қалыпты дәмі тілімде.  
Бокалды толтыр қайтадан,  
Қалдырмай ішіп жәй табам.  
Әже боп жұнжіп жүр деме,  
Бар екен әлі бірдеме,  
Қалса да қанша жас толып.  
Жүргегім қатты еріп тұр,  
 Тағы да сүйгім келіп тұр,  
Ішпей де жемей мас болып.

## 3.

Құрбысыз қызық толар ма,  
Сұлусыз бітті қай жорық.  
Көрінсін дей бер оларға  
Ақ шашым ашық Ай болып.  
Бәрі де маган арайын  
Төгілтсін, жөндеп қарайын.  
Шұпілдет, толтыр шампанды,  
Күтейік бірге ақ таңды.  
Ұмытсам осы қыздарды,  
Бәрі де сенен қызғанды.  
Тағдырым қосып теліген,  
Қызғанбай, ашық күле бер,  
Осылай тойлап жүре бер,  
Бәрін де мәңгі жеңіп ен.

25.02.2003

## Тілінді қорға, қазағым

Тіл — үлтymның тірегі,  
Тандатпай тағдыр жолдаған.  
Тіл — үлтymның жүрегі,  
Лұпілін Алла қолдаған.  
Тіл — Қорқыттың арманы,  
Асан Қайғы өрлеткен.  
Тіл — Абай сөз орманы,  
Бұталы тармақ ер жеткен.  
Жүдесе жүрек, хал бітер,  
Жабылар озар жүйріктен.  
Тілің тозса, әл кетер,  
Сеп болмай қолда биліктен.  
Мән берсөң әрбір сөзіме,  
Жан айқайын жазамын,  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл десе, түсер ауызға  
Қаз дауысты Қазыбек  
Айналған аты аңызға,  
Мәмлекер әділ қазы болп.  
Бергені тағдыр ғаламат  
Төлс бидей дананы.  
Әр сөзін етті аманат,  
Жоңғарлар қысқан заманы.  
Үшеудің бірі тең түскен  
Бар Әйтеке биміз.  
Үтymды сөзбен кең пішкен,  
Солардан қалған тіліміз.  
Дербес ел салса тезіңе,  
Аударар тағдыр назарын.  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл — Абылай ұраны  
Дербестікке бастаған.  
Тіл — Махамбет пырағы,  
Серіз Сері костаған.  
Тіл — “Сарыарқа”, “Саржайлай”,

Көңіл назы



Құрманғазы, Тәттімбет.  
Тіл — туған жер, ақ жайлау,  
Ақ сүтпен сіңген ақ міндет.  
Тіл — Мұхтарды тудырған,  
Білсін деп бізді бар ғалам,  
Тіл — Жамбылды ту қылған  
Жеткенше жүзге сайраған.  
Зер салсам Мағжан сөзіне,  
Аңқып түр талай азалы үн.  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл — жалықпас мұрагер,  
Өлсөң де жоқтау арнаған.  
Тіл — “шаптай бер” Құлагер  
Алдына өнер салмаған.  
Тіл — Төлеген ажалы  
Саналы жанды күрсінтекен.  
Тіл — Қызы Жібек ажары  
Жүргегі барды сүйсінтекен.  
Тіл — үзілмес өз үнім  
Шарықтап құмар қандырған.  
Тіл — Ләйлі, біз — Мәжнүн,  
Махабbat естен тандырған.  
Ұмытып бәрін қалмастай,  
Шекпестей қорлық, мазағын;  
Тәлекекке заман салмастай,  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл — той-думан ғажайып,  
Немерем тілі шыққан күн.  
Тап кеше құным азайып,  
Тап бүгін бәрін үққанмын.  
Арқа сүйер табыс бар,  
Ахметті бүгін үққандай.  
Сәкен, Илияс — арыстар,  
Есімін елім құптардай.  
Ғұмырын тілге арнаған  
Мәз аға, сен де көп жаса.  
Қай көлім құссыз қалмаған,  
Қызыышы сендей болмаса.

Үқсаған алтын, жеziңe,  
Әр созде жарқын базарын.  
Өз колың жетсе өзиңe,  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл — ұлттының намысы  
Ақылға қанат байлатқан.  
Тіл — мызғымас ар ісi,  
Бабалар жауын жайратқан.  
Төс қақпайық, ағайын,  
Жетістіктерді ескерем.  
Тілімді құрттар маңайым,  
Сыңайын сезіп сескенем.  
Айтпасам, жүрек көтермес,  
Толғаныс көп қой көнілде.  
Қимылсыз міндет өтелмес  
Мәңгі арпағыс өмірде.  
Ұғымы берік орнаған,  
Өрістей берсін мазалы үн.  
Дәстүрім, ғүрпім қолдаған  
Тілінді қорға, қазағым.

Тіл — тіршілік жалыны,  
Қызыу сөнбес от болар.  
Ол өшсе, өмір сарыны  
Жалынсыз қалған шоқ болар.  
Қос тілдік құтты дегендер  
Қармақтап ауга тұтады.  
Орманға терен салсан зер,  
Тілдерді тілдер жұтады.  
Шәкәрім сөзі қазір де,  
Андашы, қажет татымын:  
“Үққаның болса, қамын же,  
Ондасын істің ақырын”.  
Сенейік дана үстазға,  
Тартпастай құрдым азабын,  
Дербес ел, қолда күш барда,  
Тілінді қорға, қазағым!

Көңіл нағы

08.05.2005



## Хақиқат

“Фұмыр бар жерде – адам бар,  
Адам бар жерде – Алла бар”, –  
Десе Абай, көңіл алаңдар,  
Көрінді барша хал-хадар.

Тап-таза асыл хақиқат  
Шындықтың өзі емес пе.  
Өлеңге ғажап тапты сәт,  
Көңілде өмір желі ессе.

“Жүргім менің қырық жамау”, –  
Деп түңілсе дүниеден,  
Айтып-айтып тынар-ау,  
Сау жері жоқ күймеген.

Қамықты қолын жеткізбей,  
Қияға кетсе сүйгені.  
Өзіне кешірім еткізбей,  
Елге аян іштей күйгені.

Аға сұлтан Құнанбай  
Құлаған кезден басталды.  
Өзін де төрден қуардай,  
Ағайын шеті қастанды.

Арпалыс алса мол күшті,  
Сырты сау, іштен зар қысты.  
Зерледі мұқият болмысты,  
Болыс та болып тартысты.

Женіске жетпей еш жорық,  
Отарда қазақ оңбады.  
Кенесары мерт болып,  
Орыстан қазақ сорлады.

Женіліс, женіс аралас,  
Көрді Абай өмір не түрлі.  
Барлығын соның топтауға,  
Хакімдік жолға үмтүлды.

## Сарытомарда өткен той

Сүм жалғанның зомбылығын, зорлығын,  
 Бастан кешіп ауыр азап қорлығын,  
 Еш жазықсыз асылдары қазақтың  
 Атылып кеткен сүм-сүркия болды күн.

Бүгін олар қайта туған секілді,  
 Аспанымда шоқ жүлдyz боп бекінді.  
 Аттарына ардакты атақ қосылып,  
 Есіне алып, елім тағзым етулі.

Соның бірі – жебеп өткен жастарды  
 Мағжан аға ақ тілегі ақталды.  
 Жас үрпақтың бастауымен ол сенген  
 Сарытомарда дүбірлі той басталды.

Ақ тілекпен жасалыпты той қамы,  
 Не жақсылық бәрі де бар ойдағы.  
 Елге мирас еренгайып сөз болды  
 Ұлы ақынның 115-ке толғаны.

Көш басында Серік және Айдарбек,  
 Орман, тоғай кетті тойлы жайлau боп.  
 Мағжан аға аунап түсер дәл бүгін,  
 Аузына алмас тойда адам қалған жоқ.

Нұрын шашты күннің алтын арайы,  
 Болып кетті жер-көк тойдың сарайы.  
 Мағжанға үқсан кетті алқа ағаш,  
 Салтанатты Сарытомардың маңайы.

Той қызығы дана ойымен жалғанды,  
 Айғақ етті орындалған арманды.  
 Аламанда озып келген қарагер,  
 Ол да көзге елестетті Мағжанды.



Тұрсынбек, Дүкенбай, Нұргожадай көп қонақ,  
Той алаңын Алатау, Кекше кетті орап.  
Әуезхан, Шәміл, Назарбектер қостаған  
Қиқу салды жүйрігі озған Бекболат.

Мағжан жайлы төгілтік көп өлеңді,  
Ақын Серік жыр көсілті қөлемді.  
“Батыр Баян” театрда қойылып,  
Баянғали көп алғысқа бөлеңді.

Көрдік, толқып, әділ баға бермекпіз,  
Жастар салған бұл да заңғар ескерткіш.  
Әртістердің әйдік екен бәрі де,  
Дәл Мағжанша адам жаңын тебіренткіш.

**Көңіл нағыз**

Жарасбай да “Мағжан” атты журналды  
Кетеріпті зор биікке болжалды.  
“Мағжанға тағзым” атты жап-жаңа  
Кітабыма көңіл бөліп, толғанды.

Сарытомарға ел молайтса шашуды,  
Мұражай шалқып, Мәдениет үйі ашылды.  
Әй, не керек!  
Мағжан аға есімі  
Бір тебірентті біздің асау ғасырды.

21.06.2008

### **Қол тимейді жұмыстан**

Тайға да мініп шаптық та,  
Асаумен бастық қөнілді.  
Бармадық сонда сақтыққа,  
Қатерге қып өмірді.

Үйретіп асау зауладық,  
Таласып жолға қарысып.  
Әумаессерден аумадық,  
Өмір мен өлім жарысып.

Тас қопарып тайталас,  
Шыныраудан алсақ таза кен,  
Ойнаппыш-ау жанталас  
Қасында жүрген қазамен.

Шырғалаң, шырқау тосын үн,  
Бәрі де шашаң келте еді.  
Есейген күнде осының  
Көрінді бәрі ертегі.

Болса да қаза қасымыз,  
Селк етпейді санамыз.  
Ұлғайған сайын жасымыз,  
Өлімнен үзап барамыз.

Көсілген сайын өріге,  
Хабарым аз тыныстан.  
Аулақ жүр өлім әлі де,  
Қол тимейді жұмыстан.

02.03.2001

Көңіл наэы

### Ибраһим мен Мираға

Қартайсақ та,  
Қатардан ілгеріміз,  
Қажып, талған жоқ әлі бір жеріміз.  
Алтын белгі өмірде артта қалар,  
Бірге өткізген Мәскеуде күндеріміз.

Қызыметтес болып ек “Ұлken үйде”,  
Оны атауға бүл күнде үрке күйме.  
Ел мен заман сұрыптап кездестірді  
Ел намысын актаумен жүрген күнде.

Жаман қала емес қой Мәскеу деген,  
Жер тепсініп барғам жоқ әскерге мен.  
Студенттік күндер де осында өтті,  
Содан туды Мәскеуді нәштеу деген.



Өскен үлмын қазактың даласында,  
Салса қайтем тіршілік дара сынға.  
Бір сұлуға сол кезде ғашық болдым  
Мың-мың қыздар жан жетпес арасында.

Мақтамаймын сендерді, мақтан етем,  
Тұрмадық қой айтулы сапта бекер.  
Кішіпейіл, бауырмал, досқа жылы  
Жүздерінді жүректе сақтап өтем.

Омір алда, біткен жоқ жоспар өлі,  
Сол сырымды қай құнім қостамады.  
Жылдар өтер, сырғақтап кетер бәрі,  
Кекіргінде ең адал дос қалады.

20.07.2003

Көңіл нағыз

### Жеткізейік Аралға Сібір суын

Осыменен бітпейді ғұмыр бүгін,  
Ей, адамдар, бір еді-ау тұбір-тұбім.  
Арашалап қалайық Аралымды,  
Азын-аулақ әкеліп Сібір суын.

Оқыс апат батпай ма саналыға,  
Жедел көмек берейік жааралыға.  
Мұзды мұқит титімдей азаймайды,  
Сібір суын жеткізсек Аралыма.

Сібір суын сатам дер сыры қанық,  
Нарық жолын отыр ғой ұғып анық.  
Қыр көрсетсек, шіркіндер не дер еді,  
Қара Ертісті отырсақ бұрып алып.

Асықпайық осындаі аптығыска,  
Баяғыдан жақсы жол тапты нұсқа.  
Сібір суын аз гана бұрып берсек,  
Бармас едік саудаға заты қысқа.

Осыменен бітпейді ғұмыр бүгін,  
Орыс, қазақ тауып түр үфымды күн.  
Ары бүтін адамдар, септесіндер,  
Жеткізейік Аралға Сібір сұнын.

16.12.2002

### Сәбит аға

Сәбитті айтсақ,  
Есілдей кең көсліп,  
Мадақтасақ Алатаудай кесіліп,  
Мақтан етсек,  
Бәрі өзінің еңбегі,  
Өзін өзі кетті ерекше өсіріл.

Толқып жатса  
“Сыр-Дәрия” бір жолда,  
Шоқаны түр жарқыл қағып бір қолда.  
“Балуан Шолақ” сексен көлден қарсы алса,  
Жетісудан шыға келер Нұрмолда.

Айта білсек,  
Сәбит сыры сан алуан,  
Ел күш алды жалындаған алаудан.  
Орыс шықса “шинелінен Гогольдің”,  
Барша қазақ шықтық “Жұмбақ жалаудан”.

Мәңгі сөнбес  
Кең жүректің жарығы,  
Ол – телегей шексіз мұқит анығы.  
Елу томдық еңбегі бар Сәбенді  
Дер едім мен алыптардың алыбы.

Мұхтар, Сәбит көркем сөздің көшіне  
Әкелгендер мәңгі ортаймас несібе.  
Тенеу іздеп қиналғанда түседі  
Пушкин және Лермонтов есіме.



Демесем де бар сырына машиқпын,  
Сәбенді оқып,  
Өлеңге жол ашыптын.  
Беу, ағайын!  
Ақ жарылсам бүл тойда,  
Ботағөзге ес білгелі ғашықпын.

Сол бейнеде  
Шын сұлулық мол еді,  
Жан мейірі бал ләззәтқа бөледі.  
Аққу құстай  
Асыл туған қызы-қиял  
Бір дөүірдің Қызы Жібегі сол еді.

Қызылжардың қызы маған өрт салдың.  
Бір мені іздеп  
Мәскеуге де кеп қалдың.  
Алғашқы рет, Мәриям, сені көргенде,  
Астапыралла!  
Ботағөз бе деп қалдым.

Мәриямдарды алғандарды жақтаймын,  
Бар жаһанда артық есім таптаймын.  
Мәриям апай,  
Жан серігі Сәбенің,  
Бәйбішемді сізге аттас деп мақтаймын.

Төрт ұл және екі қызды тапқанын,  
Ол бір тәбе – ұлы адамды баптадың.  
Тоқсанында он саусагың сүйріктей,  
Сәбит сүйген ажарынды сақтадың.

Жүзге жетсе Сәбендердей ойшылым,  
Бүл сіздің той  
Бізге ақтарар мол сырын.  
Бүл ұлы той,  
Тойы бүкіл қазактың,  
Президенттің де,  
кеншінің де  
қойшының.

Дүбірлессе Есіл, Көкше, Алатау,  
Парижде де күтіп отыр зор атая.  
Тойлап жатыр  
Өз өлінше әр аймак,  
Атап жатыр әз есімін әр отау.

Міне, солай,  
Мерейлі той селдеді,  
Көтеріп тұр бәрін ерен еңбегі.  
Алматыдан,  
Қызылжардан көш созған  
Құтты болсын Сәбит тойы елдегі,  
Ұлы думан Сәбит туған жердегі!

### Ұлттық мұра

Откенді сыйлау салтында,  
Ескерткіш көп қой қазақта.  
Із қалды өшпес артында,  
Түссе де бабам азапқа.

Мұраға көне тұнып тұр  
Қарт Ұлытау етегі.  
Тілдесе білсөң, үғып сыр,  
Тарихты хаттап кетеді.

Кекшіл де сертшіл кейіпін  
Аңғарып, гибрат аласын.  
Домбауыл батыр бейітін  
Киіз үй деп те қаласын.

“Жошыхан” көзге шалынар,  
Кенгірден өтсөң кешікпей.  
Көркіне жаның табынар  
Жап-жана салған мешіттей.

Белгі көп әлі тамсанар,  
Қарай бер еркін сайрандал.  
“Алашахан” қарсы алар  
Ақ ордадай жайрандал.



Әрі өлең, толғау, әрі күй,  
Бабалар көзден көшеді.  
Ескерткіш көріп тарихи,  
Ұлт суйгіш сезім еседі.

2001

### ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАН

Әр сөзден көксегенім табылғандай,  
Алады бойға рахат жаным қандай!  
Сүйсініп мен Абайды оқи берем,  
Күнде бір ой шырағы жағылғандай.

Қазаққа жоламастай заман ақыр,  
Айтқаны ақыл-кеңес санаға сыр.  
Мейірбан, адамсүйгіш ақ тілегі  
Еліме ақ сөуледей тарап жатыр.

Жұргем жоқ ғашық назын біле білмей,  
Үн қостым артта үзілмес легіндей.  
Абайдың өнін айтсам, жан толқиды  
Тұған ел бірге соққан жүрегіндей.

Кірмедім мен ақындық сапқа бекер,  
Абайшыл пәк тілегім сақтап өтер.  
Әлемдік даналармен катарласқан,  
Ол – нағыз ұлттық қорған мақтан етер.

2005

### Сәуірдегі Кекшетау

Кекшетауды аңсан келіп тапқандай,  
Ақша бұлттар ағындаиды ақ мандай.  
Елестейді пейіштегі құлагер,  
Тау үстімен шауып бара жатқандай.

Ақша бұлттар – желбіреген ақ туласар,  
Алып келген Айналамда шалқу бар.

“Гәккулеткен” дәүір туды сөүірде,  
Сексен көлге қонып жатыр аққулар.

Бұлттар келсе, басылады тау мұны,  
Ақ жаңбырдың ақ күмістей жауды үні.  
Көзге оралды  
Женіс күнгі ауылда  
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.

Ақша бұлттар тау үстінде аунаған  
Көктем дертін алып келді сау маган.  
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдак  
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған.

Аққу конса біздің көлге май табан,  
Аңсаған құс-аяулыма өн табам.  
Ақша бұлттар, жылы жаңбыр тәксен де,  
Қар жаумаса жарап еді қайтадан.

09.04.2000

Көңіл нағыз

### Әкім болу...

Ел басқару оңай емес бұл күнде,  
Көбейді ғой бөріні алдар түлкін де.  
Құн қымбаттап,  
Сүм көбейіп барады,  
Бұдан үлкен азап табу мүмкін бе?!

Нарық солай соғады деп кім білген,  
Арықтап түр бір күніміз бір күннен.  
Осындауда нардың жүгін көтерер  
Әкім керек намыс кернеп, тың жүрген.

Әлі де бар  
Шаш ал десе, басты алу,  
Әлі де бар дос бол жүріп қастану.  
Ел басқару қызын десем ...  
Мың есе  
Қынырақ нарық жолын басқару.

Болмаса да төлі егізден, қойы көп,  
Ауылдардың міндег, құрмет тойы көп.  
Шерлі қазақ дербес таңы атқанда,  
Демес біреу өсек етіп оны көп.

Сүм тағдырдан алды ашынған ел кегін,  
Біреу жоқтар қан майданда өлгенін.  
Сахалиннен іздел жүрген мәйіттер  
Тапты бүтін Алматыда өз жерін.

Жұрағаты кеше жылап зарлаған  
Мұнын басты. Оны жөптер арлы адам.  
Ас берісіп, парыз өтеп жатырмыз  
Ел ардағы арыстарға арнаған.

Соның бәрін ойла, достым, салмақта,  
Тойтарыс бер той көп деген қармаққа.  
Көсемдерін жоғалтқан ел ес жиып,  
Атап жатыр ақ тілегін аруаққа.

Жонін таппақ осындейдайда ақылды ер,  
Сонда сыйлар өрқашанда атынды ел.  
Өлі разы болса, тірі тоқсынып:  
“Міне, біздің осал емес әкім!” — дер.

2000

### **Бәрін көрдің**

(Әпетай Ахметбековке)

1.

Заман заулап барады ағындаған,  
Зар қақты ғой дегендег “бабын табам”.  
Қарай қалса бірауық оң қабақпен,  
Сырт айнальп соғады қабырғадан.

Берсе де өмір, бермесе барын саған,  
Ол әркімді өзінше қабылдаған.  
Бақшасарай фонтаны секілденген  
Көздер аз ба тамшы жас арылмаған.

Кейде мырза қол беріп ағын-заман,  
Аткан тандай жайдары тарынбаған.  
Қырық жыл қырын болса да сақтап қалып,  
Жақсылығын беруге жаңылмаған.

Бәрін көрдің...  
Әпеке! Аяулы аға!  
Сөз болып па мадақтау, аяу ғана.  
Үш соғыста от кешкен ардагерсін,  
Жетпіс беске келмедің жаяу ғана.

Финдер содыр тиісті болмашыға,  
Гитлер дереу тұтқыыл төнді асыға.  
Самурайлар тиісті-ау қосарланып,  
Көзі жетіп тұрса да оңбасына.

Бәрін көрдің...  
Арпалыс осы ағынмен,  
Қызы көреген жалықпай тоса білген.  
Қатар жүрген майданда Дәмеліге  
Тағдыры жақсы-ау жар етіп қоса білген.

Бәрін көрдің...  
Бәсің жок дауыл тандар,  
Бас ауырса, бар бірге ауырғандар.  
Бірақ сенің есіңе көптеу түсер  
Рахымжандар, Мәліктер, Бауыржандар.

Бәрін көрдің...  
Тұлкідей бұрандаған,  
Бар сиқырын көрсетті тұман заман.  
Бірақ сенің түсіңе жиі кірер  
Майдандастар “Алға!” деп ұрандаған.

Бәрін көрдің...  
Жайқалды бала шалғын,  
Ұрпак өсіп, алдыңа қара салдың.  
Сақталыпсың сал кербез, қуатың мол,  
Құрбы жаққа келсе егер бара салғын.



Азаматсың ардагер елден ерек,  
Тұрғой содан жүзіне нұр себелеп.  
Отызыңшың қызыңшың, екінші,  
жылдар көрдің  
Өзге сөз неге керек.

Бәрін көрдің...  
Кемесің Ертіс кешкен,  
Салют шалған келбетің кетпейді естен.  
Жұз жасыңда есен, сау жүздесейік,  
Күттиқтаймын әзірше жетпіс беспен!

Күттиқтаймын бәйбішен, ұл, қызыңды,  
Інім алды бір ғажап қырмызыңды.  
Жүйрік жорға мінгендей қабылдашы  
Жырмен таққан төсіне жулдызымды.

1994

### Терезеден көрініс

Көнілім аппак, дала аппак,  
Ақ сүттей қалың жауған қар.  
Телміртіп тысқа қаратпақ  
Ақ қиял, аппақ армандар.

Ақ қайыңдар қол сілтеп,  
Жүрекке жылы дем берді.  
Ұзақ жол ойға ой тіркеп,  
Көнілді толқын менгерді.

Жырымды талай оқыған,  
Келмес те біреу сенгісі.  
Ақ шашым өмір тоқыған  
Сағыныштардың белгісі.

Не дерсің қатал тағдырға,  
Ауыр жол берген асауға.  
Ел шетін көріп қалдым ба,  
Сәт туды көніл босауға.

Белгілі дос пен танысқа,  
Кияға нұсқап жіберді.  
Көп үстады-ау алыста  
Куатты күнде жігерлі.

Толқұға менде көп себеп,  
Естелік есті не түрлі.  
Алпақ қар басқан көк тerek  
Көрінді өзім секілді.

“Әрі аяз, әрі күн ашық”,  
Басқага көңіл баптайын.  
Жарқ етті өскен сырласып  
Аққұба қыздай ақ қайың.

Сағыншақ ақын қараса,  
Тұған жер, жүрек өртеме.  
Жеткенім қандай тамаша  
Кіндік қан тамған өлкеме.

### Күй тартамын

Күй тартам таңертең,  
Тыңдай қалшы, жан еркем!  
Толқып, толқып құшағыңа қайтамын.  
Күй тартамын іңірде,  
Күйді жаным бүгін де,  
Көргенімді саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,  
Жанған оттың ішінде  
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.  
Күй тартамын кештетіп,  
Күйді кекірек ес кетіп,  
Қайда ғана бара жатыр сүм жалған.

Күй тартамын оңаша,  
Қалың тұман ораса,  
Ауылдардың абылладым тозғанын.



Күй тартамын өрімтал,  
Күйді жүрек сезімтал,  
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Күй тартамын ертсмен,  
Тарқамады шер-шемен  
Қырда көрдім талапайшыл тұлқіні.  
Күй тартамын қанша күн  
Тарта, тарта шаршадым,  
Қоңыр күмбір бұзып кетті үйқыны.

2000

### **Көңіл ашар**

Дей көрмеші, құрбым-ау, өні нашар,  
Бұгжендеуін қоймайды бөрібасар.  
Алаулаған ақ гүлдей ақ дидарын,  
Қарсы алдымнан жарқ етсе, көңіл ашар.

Қайран жастық қол сілтеп өткенменен,  
Ұялаған жүректе дерт сөнбеген.  
Жабырқама,  
Қашанда ер жігіттің  
Жыл санаумен дәл жасы өлшенбеген.

Суға келген киіктей басын шүлғып,  
Сымбатынды көрсемші асыл жыр қып.  
Кек толқынның астымен  
Алақанға  
Ақ сазандай ақырын жетші жылжып.

Әне, сонда таңырқап, көзімді ашам,  
Сағыныштан өтер күн өңім қашар.  
Жан жанары ашылып баяғыдай,  
Аяласан, сәт туар көңіл ашар.

## Жеке батыр

Жеке батыр  
Жеке жатыр үйықтап,  
Бұйырган жер мәңгі-бақи тынықпак.  
Кейде маған  
Тау көрінер тірі боп,  
Тас суретке зейін салсам дұрыстап.

Кейпі кербез,  
Өні маңғаз, жігерлі,  
Ол күзетіп жатыр дербес бір елді.  
Күн шығарда жалғыз келіп көз салсам,  
Көкке қарап қасын керіп жіберді.

Жаным сезіп сол қимылды,  
Селк еттім,  
Жүрексініп, сескенбеуге серт еттім.  
Еріндегі бірдеме деп жатқандай,  
Сырын үқтym мәрт көңілде мөлтектің.

Тірі жатыр.  
Сыбырлаған үн бітті,  
Сүршa бұлтты төніп келген сырғытты.  
Көкке қарап,  
Күніреніп жатыр ол,  
Айнакөлге байқап төнген сүмдықты.

Тірі жатыр,  
Көзге жеңіл елсібей,  
Мен үнілем келбетіне терендей.  
Асыл көлге лай суды төктіріп,  
Жұмак төрін бұлдірдіңдер дегендей.

Келбетіне  
Қарап таулы мұсіннің,  
Маңдай тершіп, өз-өзімнен қысылдым.  
Табиғатты құрттыңдар деп,  
Қас қағып,  
Батыр баба күрсінгенін түсіндім.



## Бір қазақты бөлмейікші екіге

Ескі Одақтың кезінде де бар еді  
 Елді үш жұзге бөлушілер өлегі.  
 “Командалық” ғұрып келді, бұл келді,  
 “Ескі”, “жана қазак” туды өлемі.  
 О, Құдай-ая, әнжұмелеп жастарды,  
 “Жана қазак” деген дақпырт басталды.  
 Бір қазақты бөлме қаққа, бауырым,  
 Оның басқа себебі бар астарлы.  
 “Жана қазак” – біздер бакқан балалар,  
 Жасөспірім тілге шорқақ “шалалар”.  
 Бірақ, байқа, жаны таза арымен  
 Тіл мен ділді игеруге бара алар.  
 Пәле жауып,  
 Жықпайықшы сойылға,  
 Біл одан да не жатқанын ойында.  
 Тілге олақ жігіттердің бүгінгі  
 Бар кінәсі, біл, өзіңнің мойнында.  
 Жаппай қалап кеттік орыс мектебін,  
 Тоқтау салар кім шығарды өктем үн.  
 Орыстанып кеттік-ая деп осқырсақ,  
 Ондал қара ағылшындық жеткенін.  
 “Ескі”, “жана” деген үғым жүрмейді,  
 Жақтырмаймын ондай іштен үрлеуді.  
 Кең мінезбен ғибрат, тәлім көрсетіп,  
 Жетілтейік шорқақ тілін күрмеулі.  
 Қатыгез дос, өзіңе бір қарашы,  
 Ол да осынау қара қазақ баласы.  
 Сен ғүпініп, “Мерседеспен” заулатсан,  
 Оның өмірі – жер мен көктің арасы.  
 Қолың жетсе, кетпе, інім, қатайып,  
 Откен күнде жатыр біздің бас айып.  
 Жас үрпакты жасқандырмай, түзеуге  
 Шыдамдық пен шын қамқорлық жасайык.

02.08.2003

\* \* \*

Адал жарың – бірге соққан жүрегің,  
Жақсы ұлың – жер бетінде тірегің.  
Жақсы қызың – мәңгі сөнбес шырағың,  
Немерелер – үрпак жалғар легің.

Адал досың – берік қорғаң, білегің,  
Асыл інің – күнде қажет тірегің.  
Аға деген – сүйенішің аскар тау,  
Карындастың – қатар соққан жүрегің.

Жақсы келін өзінің қыз баландай,  
Құдағиың жазғы кеште самалдай.  
Жақсы құдаң – ең ардақты жұрағат,  
Жас құдашаң алма іздепес анардай.

Балдыздарың – жасыл жайлау өркенің,  
Бажаларың – тату, төтті ксң төрің.  
Жақсы жеңгөң ақ тілекті анандай,  
Ағайының – өрде жалау, желкенің.

Әріптестер нәсібі ортақ ауылдай,  
Студент достар бірге туған бауырдай.  
Мектептестер – қайта оралмас көктемің,  
Құрдастарың ең ардақты қауымдай.

Ата, Анаң – Алла бақыт төккені,  
Туған жерің – бүл жалғанның көркемі.  
Шәкірттерің ақ тілекті жалғасын,  
Ұстаздарың – сөнбес жүлдyz көктегі.

### Бір көргенде Қанышты

Сырты қаңдай занғар болса Қаныштың,  
Ғұрпы сондай салтын сақтар әр істің.  
Қарабайыр қазақшылап сойлессе,  
Білдіретін шетін ішкі намыстың.

Данааларды көру бақыт емес пе,  
Жезқазғанда кірдім талай кеңеске.  
Би билеп те, ән салғанын естідім,  
Көз салайын сол ғажайып елеске.

Келбет қандай!  
Еш теңеуте қымайтын,  
Бұзбайтүғын нұры жанған бір қалпын.  
Бүйра шашы әсем толқып, бүркырап,  
Үлкен басы екі иыққа сыймайтын.

Кең мандайы Баянаула шыңындаі,  
Байқататын Жасыбайдай сырын бай.  
Қос жанары төңкеріліп түскенін  
Көрген жанның кетпес бойы жылынбай.

Еш қылық жоқ әлдекімге жақпайтын,  
Бұра сөйлеп, әзілі жоқ таппайтын.  
Қанекеңмен бір билеген сұлулар  
Көкейінде мәңгі бақи сақтайтын.

Көкірегі көлдей толған мейірім,  
Білдіретін жүзі терең зейінін.  
“Бүркітбайды” шырқап, толғап тебіренсе,  
Аңгартатын аруларға пейілін.

Мұқит еді-ау кең мінездің байлығы,  
Тез сейілтіп жіберетін қайғыны.  
Бірақ достым, даукестерге бар еді  
Арыстандай сескіндірер айбыны.

Көркем сөзбен салсам маңғаз суретін,  
Қызығы көп жіті құлақ түретін.  
Бір көргенде бейнесі есте қалса да,  
Жаңа-жана үғып келем құдіретін.

26.01.2004

\* \* \*

Жақсы көлдің жағасы  
Суаты жайлы құм еken.  
Ойлы адамның санасы  
Мұнарлы таудай шың еken.

Мұнартсам таудай жасымнан,  
Жаутаң көз өскен мұңым бар.  
Күрсініп өтсем қасыңнан,  
Көңілсіз жүр деп үғындар.

Мал баспайтын құм қорыс  
Суатсыз көлдің өнірі.  
Бірде қазак, бірде орыс  
Ақымақтың женіл өмірі.

Тілегім жерден, көктен де,  
О, тағдырым, үға бер:  
Өзімді ойлау жоқ менде,  
Көкейді тесті туған ел.

Білмегенсіп білсем де,  
Аландақтан ауыл гой.  
Сыр бермей-ак жүрсем де,  
Өмірім менің ауыр гой.

1979

Көңіл назы

### Кенші сыры

Беу, муз! Ен шабытқа бөледің бе,  
Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.  
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,  
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,  
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.  
Үйрендік іске обыр, тілге сараң,  
Мың ойлап айттар сөзді келтелестіп.



Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,  
Сарқылмас заман мұңы үнімде көп.  
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп  
Білгені, бітіргені тілінде деп.

Тұспесін титім нұқсан ар-намысқа,  
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.  
Аралдың айқасында шаш ағарды,  
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,  
Телегей болып кеттім өзім өлең.  
Қыздырып ішкі намыс асыл тасқа,  
Қараймын ақын-кенші қозіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,  
Куандым Жезқазғанмен таныс болып.  
Шіркін-ай, арман еді үқсап қалу,  
Дүниеден өтпесsem де Қаныш болып.

Беу, достар! Демессіндер бекер еді,  
Жер тілін білу ынта еселеді.  
Сырым сол: Қаныш аға зор атағы  
Кекшеден Ұлытауға жетеледі.

2000

### **Ебінейдің інісі**

(Қамзабай Бекетовке)

Кімдер кімнен асырса да талантты,  
Шын саңлақтар сан биқтен қаратты.  
Өзіңе үқсас адал жандар болсын деп,  
Алла жерде арыстарды жаратты.

Сол сенімін Ебіней аға ақтады,  
Тағдыр оның әр қадамын жақтады.  
“Мақтағаннан өлмейді адам, оқыс сын...  
Жүрек қозғар” деген ғибрат сақтады.

Жатқа айтатын “Қыз Жібекті” өнімен,  
“Евгений Онегинді” өз сөнімен.  
“Қыз Жібектің” сарынымен қоса айтып,  
Пушкинмен де бауыр басты әріден.

Абайдай пәк, Есениндей адалға  
Қарқын қосты Қаныш қылы заманда.  
Алла оларды өзіне үқсас еткенде,  
Жақын жұрсін деген екен ғаламда.

Інісі де Қамзабайдай перште,  
Кіршіксіз жан тұған дерлік пейіште.  
Ебіней аға бар еңбегін паш етіп,  
Ел алдында жетті үлкен женіске.

Қайтты ағаның әке орнында баққаны,  
Төрт інісін төрт тіректей баптады.  
Ерте кетіп өзгелері...  
Қамзабай  
Қалам үстап, үміт-сенім актады.

Сырып тастап үстірт келген қайғыны,  
Естеліктер жазды, көрсөн қай күні.  
Беу, ағайын! Біле білсек, Қамзабай  
Ебекенің тірі жүрген байлығы.

Аз мақтасам, Қамзекем-ау, кеш мені,  
Пайғамбарға теңемедім мен сені.  
“Ебінейдің інісі” болу зор бақыт,  
Сол үшін де сыйлап жүр фой ел сені.

06.03.2008

Көңіл назы

## Домбыра сыры

Қазақтың сәні домбыра  
Думанды тойын ашатын,  
Қазақтың жаны домбыра  
Мұны мен шерін басатын.

Адамға дәру күмбірі  
 Баураған кіші-ұлкенді.  
 Бойдағы дерттің білгірі,  
 Жөндейтін тоғран жүйкенді.

Наз айтады домбыра,  
 Арудай өні келісті.  
 Азайтады домбыра  
 Жүрекке батқан берішті.

Екі ішек үні талмайды,  
 Үзілмес тәтті үміттей.  
 Фашықтық тілін жалғайды,  
 Құмартқан қыз бен жігіттей.

Сегіз перне сезімтал,  
 Қос ішектің үнін жебеген.  
 Өрбітер өүен өрімтал,  
 Құйғытар күйші көреген.

Кияға құстай ұшырап  
 Домбыра – әнші қанаты.  
 Шекітіп, қағып құлшынар,  
 Басылмай іңкәр, тағаты.

Шешен де тапқыр қатарда,  
 Төсеген үлттық мол мұра.  
 Аудай қажет қашанда  
 Бір үйге бір домбыра.

13.07.2007

\* \* \*

Қазақтай Абайды ешкім түсінбейді,  
 Мұлт бассан, көзбен түйреп ішіп-жейді.  
 Санасы сусындаған данасы ғой,  
 Тұған ел Абайға мін түсірмейді.

Кейде ақын өзін сөгіп, кішірейді,  
 Ол аз ба: “Мен бір жұмбақ кісі” дейді.

Әйтеуір, атын айтсаң желідегі,  
Жүргім құлыншақтай кісінейді.

Жетсем де, жылдар озып, тамам жасқа,  
Келеді-ау сөлем айтқым замандасқа.  
Тірі жүр Абай біздің арамызда,  
Сағынып, сыр шерткендей “Қаламқасқа”.

Фашық ән “Ләйлі – Мәжнүн” тармағындай,  
Таусылмас жаным құштар зарлы ағындей.

31.10.2005

### Ән керек

Ән жақсы тату достай наз айтатын,  
Әл беріп, бойда дерпті азайтатын.  
Қоштасып, саңқыл қағар қимай қарап,  
Мезгілдей акқу бастап, қаз қайтатын.

Ән керек әлдиімен тербететін,  
Көкіректен жан қинаған шер кететін,  
Құлшынтып, құмарынды бір қандырып,  
Төуекел көкке құлаш сермететін.

Ән қайда “бар” мен “жоқты” сұрыптастын,  
Біржола жамандықты құлыптастын,  
Гүл сезім көніл төрін жаулап алыш,  
Бір сөзін көз жұмғанша ұмытпайтын.

Алдыңдан шыға келер сағым қырдан,  
Ән салшы сұлу қыздай табындырған.  
Қалқаның ақ дидарын аңсап кетіп,  
Жан-төнің балқығандай сағындырған.

Ән сол ғой тілге тиек ілдіретін,  
Сыбырлап, қайда барсан, бір жүретін.  
Көлдерге жылы жақтан құс оралып,  
Көктемнің жұпар исін білдіретін.



Ән керек тұла бойды дірілдеткен,  
Аламан мәресінен дүбір жеткен.  
Өмірдің өзің татқан бал мен уы  
Есіңнен бірі шығып, бірі кеткен.

1979

## Құтты болсын тоқсан жас

(Ертай Қазыбековке)

Тоқсан жасқа Жамбыл келді дегенде,  
Аңыз еді-ау жету сонша кемелге.  
Енді біздің көкшетаулық ағалар  
Топ-тобымен шықты осынау беленге.

Аштық жылдар олар ерте оянды,  
Ат құлағы көрінбейтін  
боранға да оранды.  
Жауды женғен батырларым – осылар,  
Жауға оқтан елге есен оралды.

Ағалардың тоқсан жасқа жеткені,  
Ол – ғажайып азаматтық мектебі.  
Қап тауының ұзақ жасар дәстүрі  
Енді, иншалла, біздің жаққа беттеді.

Бәйкендей ер кеше келген бұл жасқа,  
Молдаш аға – еңбек жолы бір басқа.  
Ертай ағам бүгін жетсе тоқсанға,  
Шыдамадым жырмен көңіл бүрмасқа.

Отарбай баба орындалды тілегі,  
Қазыбек-ата тоғызың ұлдың бірі еді.  
Бұтақ жайып нән бәйтерек жайқалса,  
Тоқсан жасқа жетті Ертайдай түлегі.

Қаулап өскен  
Бұл өулеттің бәрі ірі,  
Нұртай аға аңыз еді-ау дәүірі.

Ол әкемнің өте сыйлас досы еді,  
Содан таныс Шолақөзек ауылы.

Бауырластық сезім қаулап денемде,  
Елен етем “ел ағасы” дегенде.  
Көп жасаған ағаларым көбейсе,  
Барлығын да қоса берем өлеңге.

05.08.2007

\* \* \*

Қараши, сай-сала оянды,  
Күз келіп, өр саққа боянды.  
Ақ қаудан үкісін көргенде,  
Көңілге пәк сезім оянды.

Ақ қайың жапырағы сарғайды,  
Біліп тұр тілеулемес хал-жайды.  
Ақ балтыр жарқылы тамаша,  
Көктеммен жүректі жалғайды.

Көк терек жапырағы қызарды,  
Жыр құмар қызығым ұзарды.  
Құрбымың мен үшін бәрі қыз,  
Күш барда тас қамал бұзарлы.

Қызықпас әлеміш алтынға,  
Қарагай жап-жасыл қалпында.  
Қысы-жаз ақ шашқа үйренген,  
Жүргендей дәл менің салтымда.

Бұрмай-ак қойындар назарды,  
Керегін көктем мен жаз алды.  
Берерім күзде де жоқ емес,  
Әр күнім болған соң базарлы.

10.01.2005

Көңіл наэы



## Ұлытауда ел бірлігі айғағы

Аңызға да, сән берсер ертегіге,  
Қасиетті Ұлытау етегінде  
Ел бірлігі белгісі құлаш жайды,  
Айғақ етіп айбарын ерке күнге.

Тау бөктепі төсіне нүр тасыған,  
Тамашаны көргенде қыр басынан,  
Төрткүл дүниес көзіңе елестейді  
Төрт қанатты ескерткіш түрпатынан.

Бүгін лаулап жалыны жанған бірлік  
Табысымен әлемді тандандырдық.  
Ауыр күнде Елбасы әдейілеп  
Өзі орнатқан белгіні жандандырдық.

Үрим, кәде, ак тілек түптен келді,  
Хандар ізін жаңарту құт деп сенді.  
Заңғар мұра монумент бола қалды,  
Он екі жыл бұл күнді күткен белгі.

Ұлы ескерткіш атағы жаңғырады,  
Құрмет тұтып, бар қазақ сән қылады.  
Ел бірлігі айғағы бой көтерді –  
Ту, Елтаңба секілді Әнұраны.

Осынау белгі онтайлы орнаганы,  
Ол – сәттілік қазаққа жол қадамы.  
Тәуелсіздік бұл да бір зор тұғыры,  
Ұлытаудың әруағы қолдағаны.

Ұлытауды үя етсе ұлы қауым,  
Көкшетауды қалайша ұмытамын.  
Ордабасы, қол созып Алатауға,  
Қазақ төрі – жайнай бер, Ұлытауым.

15.09.2005

\* \* \*

Қызғаншақтық – таңғажайып қүштарлық,  
Оған қоса есі кеткен іштарлық.  
Қызғанбаса, айырылып қалардай,  
Қызубастық жасаттырмас ұстамдық.

Адал жарың дос етеді жауынды,  
Жаман әйел қобейтеді дауынды.  
Асыл ару жүлдзызынды жайнатса,  
Масыл әйел құрттар бойда жалынды.

Ақылды әйел ел-жұрттыңмен дос қылар,  
Ақымак қатын досынды да өш қылар.  
Тойшыл әйел барынды жоқ етеді,  
Ойшыл әйел жоққа барды костырап.

Беу, достым-ау, саған айттар тілегім,  
Жаудырғанда көп теңеулер легін:  
Әйслінді дей бермеші жүлдзызым,  
Бола білсін ең құрметті тірегің.

22.01.2005

\* \* \*

Шалғы көрмей қуарған құрактар бар,  
Көзі ашылмай бүйірқан бұлақтар бар.  
Тірі жанға жәдігер болып жүріп,  
Жылды сөзге зар болған құлақтар бар.

Бақытты деп ойласаң түрін көріп,  
Көкірегі жүреді тілімденіп.  
Өмір бойы жадырап көрмеген соң,  
Шаңқай түсі кетеді інірленіп.

Жан қызуын дәл айтпас сынактар бар,  
Білгенді де бұлдірер сынақтар бар.  
Бәйге көрмей өтеді-ау өмірінде,  
Жүген, құрық тимеген құр аттар бар.



Жақыныңнан жақындау жырақтар бар,  
От-жалынмен артықтау шырақтар бар.  
Сондай, сондай өмірде шешілмеген  
Әлі талай ауырлау сұрақтар бар.

Әуре болсаң аз ғана табысыңа,  
Ойлап қара өз аяқ алдысыңа.  
Түсінбессің дүние кей сырына,  
Қашан тиіп кеткенше намысыңа.

1979

\* \* \*

## Көңіл наэы

Оятып таңғы үйқыдан сезім селі,  
Ұйықтатпас көңіл назы егілмелі.  
Уақытты құндаپ келем болғаннан соң,  
Тым қысқа тіршіліктің берілгені.

Сүйгенде дыз еткендей еріндегі,  
Өлеңнің от қызыу тегін бе еді.  
Жастық шақ  
Ауыл жақтан қол бұлғайды,  
Құрбылар шақырғандай елімдегі.

Мұн-шерін жеңілдетер көңілдегі,  
Тиер ме дос-жаранға себім, тегі.  
Аrapал көріп қайттым ауылымды,  
Тек қана ақсары қыз көрінбеді.

Кездесу айқын үміт, сенім де еді,  
Жүргім қаққа әрең бөлінбеді.  
Ауылға әдей барып, оны көрмеу  
Ең қын сынақ екен өмірдегі.

Туган жер, орман-тоғай көңіл мені  
Бөлеуте сан қызыққа ерінбеді.  
Ақынның ең ардақты міндеті фой  
Жүректің айтканына жегілгені.

26.07.2004

## Бұлбұлға

Әндeter мезет тұғанда,  
Көкірегің құлаш сермейді.  
Бұлданба, бұлбұл, бұлданба,  
Бұл күндер қайтып келмейді.

Құйқылжып көніл, жанарсың,  
Тапқандай жана қарқынды.  
Сағыныш сазын саларсың,  
Басарсың құштар мауқынды.

Армансыз құшып сая бақ,  
Бастарсың жаңа маусымды.  
Сүйсінсін көктем аялап  
Мен сағынған даусынды.

14.04.2004

\* \* \*

Қай заманда жақсы және жаман бар,  
Ақылгөй бар, арам тамақ надан бар.  
Не де болса, төзім жасап біріне,  
Өзіміздің қазақ қой деп қараңдар.

Кеншіліктен үйренгенім татулық,  
Келеді олар қайраты мол, батыл, нық.  
Оргашы да, жоргасы да жоқ емес,  
Бірақта жат қырын қабақ қатулық.

Өтті бірге талай жаз бен көктемдер,  
Бірін бірі жоқ кейісіп тепкендер.  
Осалдарға қорған болып мықтылар,  
Фаламат қой құт-береке сепкендер.

Бірлікті олар өмір бақи жақтайды,  
Сол үшін де Алла есен сақтайды.

25.03.2003



## **Ақку келді**

Ақку келді оралып өскен жерге,  
Ақ қанаттар сән берді көркем көлге.  
Қаңқыл-санқыл көбейді кең далада,  
Тыңдай қалшы: ән бітті ескен желгे.

Кең айдынға төккендей ақ ғүлдерді,  
Ақку келді аймаққа, ақку келді.  
Қай жағыма қарасам – бәрі сұлу,  
Қуанғаннан бір өлең айтқым келді.

Ақ қанаттар қараймын жарқылына,  
Шын қуаныш қосады жан сырына.  
Көктем келсе, жер мен кек әндetedі,  
Қосылғандай аққу-қаз саңқылына.

Жүрсөң дағы естисің тым алыста,  
Шулап жатыр өзенде тың ағыс та.  
Ән салындар, балалар, балдыргандар,  
Қосылайық көктемгі қуанышқа.

25.05.2004

## **Байшіліктө**

Мақтан етсе қазағым өсер ұлын,  
Ақ жолына жауқазын төсер гүлін.  
Нақ осындей  
жас тарлан асау еді-ау  
Келіп қалған алпысқа Есен інім.

Өскен орта құт келді үясына,  
Есіл-Кекше күш берді құласына.  
Мағжан аға інісі –  
Жас Құлагер  
Жүйткіп шықты Алатау қиясына.

Жалын атқан  
Бір кезде құрлысшы еді,  
Тұлпарынан құс қанат бір түспеді.

Ала құйын азамат тыным таппас,  
Қамшы тимес қазанат шын күшті еді.

Құлағың сал,  
Байтак ел – қыран далам,  
Қолпаштауға Есендей тұрар балаң.  
Ол бүгін зор көсіпкер, саясаткер  
Тәуелсіздік талабын ұрандаған.

Толық айтам, ағайын, келсе мұрша,  
Тоқ етері сол деймін, көңіл тынса.  
Алуға емес,  
Беруге жаратылған,  
Ақан сері секілді қолы мырза.

Ол ән салса,  
Қалың ел қарсы алады,  
Ол жарқ етсе, сұлулар тамсанады.  
Қайда жүрсе, алдында шамшырағы –  
Күлім қағып Күләші қарсы алады.

Жылу қайда Күләштің жылуындай,  
Қызығы мол бір күні бір жылындей.  
Шаңыраққа құт болған келін ғажап,  
Алматының ең супер сұлуындай.

Нұрын төксө Есеннің жылы жүзі,  
Арқау болар артында қызық ізі.  
Немерлер жүгіріп жүр шапқылап,  
Ұрпақ жалғар тамаша ұлы, қызы.

Құдай берер әр күні ұзарғанға,  
Жақсы бауырың жеткізер жүз арманға.  
Есенгелді, Мекешпен жүк көтерген,  
Мағжан жырын орысша шығарғанда.

Ол басқарған айтпаймын “Сайранын да”,  
Ол өткерген паш етпен майрамын да.  
Мағжан аға секілді мінезі мәрт  
Түлкі заман кетпейтін айдауында.

Есен тапса ауылмен жарасымын,  
Ол ең жақын Байшілік, жаны ашырың.  
Менің де ауылым бұл жерден алыс емес,  
Жүргіміз бір соққан ағасымын.

Жайлау-көңіл сайратсам тотыларын,  
Елді ойлағыш жанымның тоты қалың.  
Жақсы күннің бастауын көргім келді,  
Ауылдағы тойға кеп отырғаным.

Көрдім осынау тірлікте талай іні,  
Мақтан етіп көргем жоқ жабайыны.  
Алпыстағы ақ сұңқар елге келді,  
Құтты болсын қуаныш, ағайыны!

27.06.2004

\* \* \*

Қай кияға қанат қақпас ақындық,  
Ойлай берем айтар сөздің затын нық.  
Айтарым сол өмір сырын кең зерлеп,  
Шын достықтан аспайды ешбір жақындық.

Досыңмын деп айта алады кім кімге,  
Жалған ойлап, жақын болу мүмкін бе?!

Алдай білмес, ары таза жаралған  
Дос азайып бара жатыр бұл күнде.

Бір күнің бар қызығына мың жасар,  
Гәп сондағой, азынаулақ миласаң.  
Құт қонады  
Доспен өткен сол күнді  
Ең ақырғы күндей қатты сыласаң.

Жойқын дария басталардай бұлақтан,  
Таза құрмет кең өрісті үнатқан.  
Өліп кетсе бір сәріғой,  
Жұт екен  
Тірі күнде достық туын құлатқан.

Көп жалтылдаپ көркем әйел тісіндей,  
Көп жарқылдаپ бояуы жат мұсіндей  
Жүрген “мырза”  
Сызаттанды керденде,  
Жұмыр басы не болғанын түсінбей.

Кейбіреу жүр мысқыл айтып ашқылтым,  
Тұздығында ұшқыны бар қастықтың.  
Екі көзін май басыпты, шел қаптап,  
Тоя жеуден тастағанын бастықтың.

Пір тұтқандар күні кеше құшақтап,  
Қиналады сәлемге тіл тұзактап.  
Үлкен орын шын жақсыны өсіріп,  
Ұсқынсызды жіберіпті ұсақтап.

Шайлышпаймын ылдиdan да, өрден де,  
Қаймықпаймын төмennен де, төрден де.  
Жылпостардың бәрін бір сәт ұмытам,  
Қимас достың адап көзін көргенде.

27.07.2000

Көңіл нағы

### Қайратқа

Атыңа сай келетін Қайрат деген,  
Сұлу өн қанатында самғап келем.  
Біржан сал, Ақан сері, Үкіл Ұбырай,  
Алғысын даналардың арнап келем.

Жанаарқа – Сәкен елі түлегісің,  
Жасай бер барша қазақ тілегі үшін.  
Бір шетін асқақ өнмен үстап тұрған  
Сарыарқа аспанының тірегісің.

Жер-жаян аз емес қой сені білген,  
Шабысың қарқын алсын сері күннен.  
Қазақтың тірі жүрген Біржан салы,  
Көп жаса, құттықтаймын елуінмен.

Сұңғыла Құлагердей дараланған,  
Дүлдүлсің елдегі зор бағаны алған.  
Ұлы әнші, абзal үстаз, сал-серісің,  
Түрленіп жыл құсындай жаңаланған.

Қазақтың жалғай білген үзік әнін  
Даусыңың алты Алашқа ізі мәлім.  
Бес жұз ән арасынан аспандатшы  
Үкілі бабамыздың қызық әнін.

08.07.2000

### Ауылдағы ақсақалға жауабым

“Халықтың ханы едіндер әрі малай,  
Ақынның осы күнде халі қалай?” –  
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,  
Жауапты берген тында әрі қарай.

– Кедейдің пана болар қосы кімге,  
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.  
Той еді жыр жинағы жарық көрсে,  
Айналды “қаламақы” тосын үнгे.

Не шара көргендерге басқа сыйды,  
Зілзала тас көтермес басқа тиді.  
Арқалап кітаптарын сатуменен,  
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәүбә десе апыл-ғұптыл,  
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.  
Кейбіреу күн көріп жүр әрең ғана,  
Есектей пайдаға мәз кәкір-шүкір.

Азынап “Қалагерлер жайы” қалды,  
Саялы саңғал соққан сайы қалды.  
Бас қатса осындейфа...  
Кейбіреулер  
“Одақтың” үйін сатып байып алды.

Ел үшін болар деген құрбандарың  
Бас сауға жылы жерде жылмандағы.  
Кейбіреу тоғайыпты торсық шеке,  
Кейбіреу өсек тасып сумандағы.

Сыбанып сайлау десе сөйлейтіндер,  
Жұлқынды тыным алар көрмей тұндер.  
Озып жүр зияльдан  
Қиялилар,  
Көшеде көпіршітіп сөйлейтіндер! –

Дегенде қарттың буы тарқап қалды,  
Көнетоз сипай берді тар қапталды.  
“Сенгенім сендер болсан” дегендей боп,  
Жан-жаққа басын үнсіз шайқап қалды.

07.04.2000

### Түсімде

Құс мінезді елгезек жараптам ба,  
Сыбырлайды қыз-шабыт таң алдында.  
Шырт үйқыда көремін қос жанарын  
Құмда киік, орманда маралдың да.

Мәриямшіл білмейтін өзге жолды  
Студент кез Мәскеу де көзге қонды.  
Көптеу тосып,  
Жаурасам жан сақтаған  
Түсіме енген метро кез де болды.

Ұйқылы-ояу түсемін халге талай,  
Дәуір кешем бірде хан, бірде малай.  
Зыр жүгірген әжемнің үршығы да  
Кейде елестеп өтеді әлдеқалай.

Жұмыс десе көрмеген бір кідіріп,  
Көрініс көп кен қазған зыр жүгіріп.  
Ескі досым түсіме кеше кірді,  
Ойда жокта сұысқан сыр білдіріп.



Жедел салып өткенді жететін де,  
Құбылыс көп мың әуре ететін де.  
Ауыл қызы бүл күнде әже болған  
Бір жарқ етті Алматы көшесінде.

Кешіп жүрсем  
Қым-қуыт той аланын,  
Кейбір түсім әдіптер ой орамын.  
“Көк базардың” шетінде шуылдаған  
Көп қайыршы шошытып, оянамын.

02.03.2000

### Асықпайын

Сан жығылып тұрдым ғой,  
Жасыгпайын,  
Фашықтайын қалай жыр тасытпайын.  
Жүргім-ай,  
Дабылың жанға батты,  
Сабыр етші, кетуге асықпайын.

Кенші болып,  
Қазып ем керегімді,  
Балғын күннен ақындық ере білді.  
Асықпайын... әлі де машықтайын,  
Жөнге салып кетейін өлеңімді.

Өмір талай шақырды асығысқа,  
Білгені ғой  
болғанын заты қысқа.

Асықпайын...  
Аққушыл әндерімді  
Кім үқсатар, аттансам қапылыста?!

Беу, ағайын!  
Осының бері рас қой,  
Алтын тойым – тақады біздің Бас той.  
Немерелер артымда тебірентеді,

Асықпайын...  
Бұлдіршін әлі жас қой.

Әспеттеймін  
әuletім, жануямды,  
Кемем берік күзеткен дариямды.  
Асықпайын...  
Сұлулық патшасындаі  
Қуантайын көбірек Мәриямды.

Көп айтты деп сөкпендер  
Өз халімді,  
Откізбел ем  
Ел-жүртсyz босқа күнді.  
Асықпайын...  
Сыйлайын сұхбатасып  
Аға, іні, ардақты достарымды.

Сағынамын  
Мұсадай бауырымды,  
Ерте әкетті сүм ажал тәуірімді.  
Асықпайын...  
Кездесіп қуантайын,  
Аунап-кунап, аралап ауылымды.

Ұмытпайын  
Бой тартқыш жылу барын,  
Тәттісін де  
Бал ләззәт, шын уларын.  
Асықпайын...  
Көрейін әлденеше  
Сырымбеттің жан жетпес сұлуларын.

Аулақ, ажал,  
Саған да зіл түйейін,  
Шырқау шақта  
Шыр бұзбай, шын күлейін.  
Асықпайын...  
Сарыарқа самалында,  
Жанарында “Жезкиік” бір күйейін.

Егде күнде  
Жан толқып үдегенім,  
Батты кейде, кең далам, жұдегенің.  
Асықпайын...  
Көрейін дербес елім  
Қанат жайып шарықтап түлегенін.

Қанып жүрмін  
Ұл, қыздың қызығына,  
Болды оларға әкенің ізі мұра.  
Асықпайын...  
Тірлікті базарлайын,  
Жеткізгенше сүм жалған сыйығына.

28.04.2002

### **Екі ауылдың ұлымын**

Мұң мен шердің ең шырайлы гүлімін,  
Ел жетілді, мен жетілдім, тірімін.  
Екі ана, екі атанаң тірнегі,  
Екі ауылдың мәпелеген ұлымын.

“Еңбек” деген ауылым бар жайнаған,  
Ата-бабам құтты қоныс сайлаған.  
“Өскен” – менің анамекен ауылым,  
Жалғызтаудың жылы жағын жайлаған.

“Еңбек” десек – Ақанға бар жұғысым,  
“Өскен” десек – Үкілі Ыбырай туысым.  
Ере туды өн, жыр маған жасымнан,  
Ортаймластай ақын-кенші ырысым.

Сері досы аластатпас екі елі,  
Болды Ақанның атам сыйлы нәкері.  
Жаттап алғыш жаңа өндерін болыпты,  
Жылдам қонғыш желісі мен тепені.

Молдахмет – өз әкемнің ағасы,  
Ыбырай өнін шырқап өскен санасы.  
Үкілі бабам немересі Мұсамен  
Бөлелерміз қыл етпестей арасы.

Мекен еттік Сал Сырымбет маңайын,  
Көкшетауда, Айыртауда ағайын.  
Ел сұлуы, жер сұлуы осында,  
Ең сұлу қыз көріп өстім талайын.

Ауыл десе, мен ағынан жарылам,  
“Еңбектегі” агаларға бағынам.  
Әже болып, өжім басып кетсе де,  
“Өскендеңі” сұлуларды сағынам.

Аз емес қой аңсау, сусау жетегі,  
Агаларым ноян еді кешегі.  
Қайда жүрсем, бейнелері елестеп,  
Жеңгейлерді бір көргім кеп кетеді.

Үққан дәріс көре-көре жасымда,  
Жер жаннаты, жер тәнірі осында.  
Екі ауылдың зиратына табынып,  
Үлкендердің тұрып қайтам басында.

23.06.2002

Көңіл нағы

### Арал мен Әмуді көргенде

Әмудария, қанатыңың талғанын,  
Сезіп тұрмын тағдырыңың бар мәнін.  
Шөлдегенге көл сыйлауға асыққан  
Сен де акынсың, жалғас қиял-арманың.

Жойқын міnez Жәйінүн едің кезінде,  
Телегей су құрдым болды тезінде.  
Ноян күшің ноқталанып қалғанда,  
Ұшырадық от жұтқандай сезімге.

Арал, сенің толқыныңды тыннадым,  
Жер күрсінген үні терең мұң қалың.  
Жаным сезді осынау мезет сыйрын,  
Текке кетпес тентек, дауыл жылдарым.



Ар-үжданым сүттей таза сендерге,  
Аңсамадым шығармын деп кең төрге.  
Мәскеу жақтан жедел көмек әкелдім,  
Теңіз құрғап, айналған соң жер шөлге.

Болса дағы қауырт ісім қат-қабат,  
Алапатта ат салыспау маған жат.  
Аққұм көшіп, Қарақұм мен Қызылықұм  
Өңеш созды Бетпақ жаққа жалаңдал.

Ақиқатсыз туар тілден сөз ала,  
Сырым ортақ мойындастар өзара.  
Қайтқан Арал кемеліне келмесе,  
Кең даланы шөл басады бозала.

Теңіз үшін келсе кіммен таласкым,  
Кей пәлекет шын сипатын жаңа аштым.  
Өзбек, қазак, қарақалпак, түрікмен  
Бінтымағын сақтау үшін жаразтым.

Кім кінәлі?  
Бар жауапқа қанықпын,  
Дауды қайтем. Ел мұқтажын зан үқтym.  
Ауыр жара тым асқынып кетіпті-ay,  
Қауырт қимыл – ісі барша халықтын.

1985

### Қараторғайым

Сырынды айтсаң жасырмай желге, күнге,  
Жан қалауы қаулайды келбетінде.  
Сайрағаның есімде терең сайды,  
Сағым қуып жүрсің бе жер бетінде?!

### Қайырмасы:

Қайран досым, әнмен сәлем жолдайын,  
Дауылдардан, аяздардан қорғайын.  
Нәзік жаның жудеп қалған жоқ па екен,



Қайда екенсің, менің  
Қараторғайым.

Жаңылмаймын пәк үміт, тілегімнен,  
Сәтке сеніп сыр бермей жүремін мен.  
Тұла бойың дірілдеп толқушы едің,  
Тілдескенде жүрегің жүргіммен.

*Қайырмасы.*

Гашық үнің естілсе, еркін жетем,  
Есі кеткен құс болып елтіп кетем.  
Таңғы самал, жас қиял, тәтті түстей,  
Бір көрінбей көзіме кеттің бе сен?!

09.01.2006

Көнділ наазы

### **Көгілдір ту желпінсін**

Ата-бабам сан ғасырлар аңсаған  
Осынау құнғе болды құрбан қанша адам.  
Желтоқсанның дүбірімен ұласып,  
Қазақстан думан тойын қарсы алам.

Ел қанаты еркін самғап жетілсін,  
Іргетасы байтақ елдің бекінсін.  
Көгілдір ту аруақ қонған айбынды  
Желбіресін, желкілдесін, желпінсін.

Алатауда көштің ізі өшпейді,  
Құт жайлады Сарыарқадай төскейді.  
Аққу-қала Астананы көргенде,  
Аспандатып әнім қалай еспейді.

Мың толқыған тағдыр жолын бір кешіп,  
Түркістанмен кетті Есіл тілдесіп.  
Ордабасы Ұлытаумен жалғасты,  
Абылай қонған кербез Көкше бірлесіп.

30.08.2001



## Қарақұловтан қалған сөз

Дүкеншіге бұра беріп құлағын:

- Свежий ме балығың? — деп қойды Ишанбай сұрағын.
- Тірі балық, — дегенде саспай айтыпты:
- “Кемпірім де тірі, бірақ  
“свежий” емес, шырағым.

25.01.2008

## Арал назы

Шалқар теңіз айналса айдалаға,  
Тұз толқымай, байлансын қайда ғана.  
Құмда қалған кемелер керуені  
Қапаланып қарайды айналаға.

### Қайырмасы:

Ашы ауа, ашы су, ашы жерім,  
Ашы жаңбыр қаулаған ашы шерім.  
Арал құрғап барады, Арал құрғап,  
Қайда жедел жәрдемін, Адам, сенің?!

Ашы дауыл болар ма арты жайлы,  
Ботасы өлген боз інген қалтырайды.  
Ақбоз үйден адасқан егіз қыздай,  
Әму мен Сыр аулақта жалтырайды.

### Қайырмасы

Тогай тозды, жер азды жүзі кілем,  
Балық өшті, құс көшті қызығымен.  
Қолда бардан айырылған қын екен,  
Тұз татиды бал тамған жүзімінен.

### Қайырмасы

1989

## Романс

Көркіңе ғажап таңданым,  
Көршінің қызы текті еді.  
Егіздей ерке жалғандым,  
Есімде алғаш өпкенің.

Ерніңден мен де бал таттым,  
Баса алмай жастық қызынын.  
Көрсеттің рахат, ләzzаттың  
Ақылға сыймас қызығын.

Тез өтті сол бір түс қиял  
Дәл тиғен оқтай қақсатып.  
Кенеттен келді бір зиян,  
Көп жылдар үнсіз аңсатып.

Кездестің бүгін тағы да  
Жан жетпес сұлу қалпында.  
Оралдым құштар шағыма  
Жастық шақ асау салтында.

Сағыныш дертін ұмытып,  
Шер тарқар туды сәтті шақ.  
Қамыққан демің жылытып,  
Зарыққан құшты шат құшак.

Алауын шашып ақ тамак,  
Жүргегің жүрек жалғады.  
Әлсіреп қалған махабbat  
Өзу демде қайта лаулады.

07.05.2008

\* \* \*

Игерсем сөздің төресін,  
Көңілдің төрін күйлі етті.  
Кеншілік тіл өресін  
Кен қазған күндер үйретті.

Көңіл назы



Сұрапылды дауылдан,  
Тік өтсем саспай бүгін де,  
Рахымжан, Мәлік, Бауыржан  
Сейлейді соғыс тілінде.

Жер, су, аңдар атауын  
Ілияс ағам селдettі.  
Мұнаралардың қатарын  
Төлеген інім өрлетті.

Үйенкі сүйгіш зеренге  
Күйенкі жүқлас қашанда.  
Сөз алдым, сәулем, сенен де,  
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің төркінін  
Ақ сүтімен дарытты.  
Таусылмас қана шер тілін  
Ақан сері танытты.

Атасам сөздің иесін,  
Таптым ғой тетік тілден де.  
Киесі мен жүйесін  
Сөз жолығар білгенге.

*14.05.2000*

### **Анашым**

Анашым, менің анашым,  
Тірлікте мәңгі панасың.  
Әлемді түгел сыйлаған  
Ақылың шексіз данасың.  
Қарлығаш мінез жаны ашыр,  
Өзгеден өзге дарасың.  
Жүректі жұлып беруге,  
Қиналсам, үнсіз барасың.

Анашым, биік асқарым,  
Сен барда ашық аспаным.

Дәстүрге бөлел жасымнан,  
Болуға қазақ бастадың.  
Жер басып есен журмін мен,  
Нәр алып Ана тіліңнен.  
Салт-сана, дәстүр үйреттін,  
Ұлтыма құрмет білінген.

Қанықтым ойлы сырыңа,  
Сүйіндім ғажап нұрыңа.  
Қызғалдақтың ең ғажабын  
Тіледің жалғыз ұлына.  
Тиген жоқ жаттың тіл-көзі,  
Тілекті берді құн көзі.  
Өзіңе тартты келінің,  
Жайнады шаңырақ құмбезі.

28.04.2003

Көңіл назы

### Астананың ажары

Айман шықса ел алдына жарқ етіп,  
Сері жігіт естен танар, хал кетіп.  
Елтіп, балқып сұлулыққа малшынған,  
Есте сақтар бір мезетті мәңгі етіп.

Кім болса да, бір қараса қадалып,  
Тірі пенде қалар қайта жаралып.  
Сонда оған жылу төгер жүрегі,  
Күндей жайнап қулкісі мың қаралық.

Таң қалдырса Айманның Ай келбеті,  
Биге бастар қынай белін жел жеті.  
Ал скрипкасын сахнадан сызылтса,  
Сұлу сазды назға оранар жер беті.

Сонда естілер акқу қанат сусылы,  
Араласар құрт шаттық пен мұң тілі.  
Айман деген ел айғағы әлемдік,  
Жүрегі күй толқып түрған мың түрлі.



Әрі сұлу, әрі өнерпаз – ғажабы,  
Жанға дәру сәүле сепсе назары.  
Алдымызды Айман тұрса күлімдеп,  
Ашылады Астананың ажары.

30.01.2007

## Наполеоны мұсіннің

(Төлеген Досмагамбетовке)

Көкшеде ғажап құс ілдім,  
Аялап қолға түсірдім.  
Той жаса, Мәриям,  
Келіп тұр,  
Наполеоны мұсіннің.

Ақылмен, оймен іріктер,  
Ол жеткен құтты биік төр.  
Бонапарт, Төлеш, Шыңғыс хан...  
Бойлары шағын жігіттер.

Көрсетсек занғар өресін,  
Құшаққа Көкше бөлесін.  
Құлагері мұсіннің –  
Келіп тұр дүлдүл Төлешім.

Мұсіндер ғажап елдегі,  
Семейде Мұхтар төрледі,  
Көкшетауда Шоқан тұр,  
Қостанайда Ахмет,  
Алматыда Қанышым  
Биікке құлаш сермеді,  
Бәрі де Төлеш еңбегі.

Ет асып, қымыз селдетпес,  
Амалың қанша тездетпес.  
Қызығып бізге қарап тұр  
Терезеден “Оқжетпес”.



“Гәккуй” сексен көлімнің,  
Шарықтап ән боп төгілдім.  
Мейманы осы ең тұнғыш  
Бурабайды төріннің.

Басылды көңіл аланы,  
Биледі рахат сананы.  
Жайнасын бүгін жаңа үйін,  
Қарсы алайық дананы.

01. 06. 1999

### **Жыр қаулайды**

Көтергенің үнайды көңіл көшін,  
Өзек жарып өзгеден бөлінесін.  
Қызы Жібек те, Джульетта, Баян да емес,  
Бәрінен де сен сұлу көрінесін.

Ажарынан шындықты анықтаған,  
Жанарапынан бір хабар алып қалам.  
Аңсап жүрген талайдан сәт туады  
Көңіл құсы құйқылжып шарықтаған.

Ән төгілтіп, тебірентіп, ағындарып,  
Ләzzат алам ақ тамақ балын татып.  
Әне, сонда еріксіз қыздырасың,  
Тұла бойды қүйдіріп, жалындарып.

Бергені сол сұлулық барын маган,  
Жыр қаулайды ешқашан жазылмаған.

### **Сұрайтыным**

Сан оқталса сүм ажал алғысы кеп,  
Жазығы жоқ болды ғой жан құсы сеп.  
Кен қопарсам дәл он жыл жер астында,  
Сақтады Алла біреудің жалғызы деп.



Тұған елге арнасам бар қызуды,  
Сүттей таза жайнатар ар жүзімді.  
Ертелі-кеш тағдырдан сұрайтыным:  
Сақта деймін жалғыз қыз, жалғыз үлді.

Пенде болып басқа нені сұрайын,  
Жарқын өмір жайната бер шырайын.  
Жылдарымды Жезқазғанда кен қазған  
Тап он есе көбейтіп бер, Құдайым.

09.12.2000

### Көкшедегі көрініс

Көкшетау жер сұлуы жалғандағы,  
Ауасы жанға жайлы зәмзәм – дәрі.  
Жадырап жаз келгенде балбырап түр,  
Желкілдеп ақ күмістей қаудандары.

Ажары аппақ гүлдің арайланған  
Баяғы мен секілді қарай қалған.  
Қарағай, қайың, терек қоршаулаған,  
Тамаша салт табигат сарай салған.

Қызы-алаң орман шетін гүлдендірген,  
Түрлі түс тіл жетпестей біздер білген.  
Жәудір кек, сал қырмызы, мөлдір сары  
Бояулар талдың басын түрлендірген.

Ақ қайың ақ балтыры аппағын-ай,  
Керегін екі көздің тапқанын-ай!  
Жарылып жалғыз жүрек кетер ме екен,  
Қол согзан ақ білектен сақта, Құдай.

Төгілсе ыстық қайнар сезім селі,  
Шыдатты сыр білдірмес төзім мені.  
Ақ қайың елестетті ақ төсінді  
Сенің жас, жүрегің мас кезіндегі.

Сан қызық тамсандырған толып жатыр,  
Жас елік елең қағып, қолымда тұр.  
Білгендей ауыл жаққа мен келгенін,  
Аққулар айнакелге қонып жатыр.

Арулар жайлағандай кең көшени,  
Аққулар жүрек шетін емдеседі.  
Толқыма, тентек жүрек, шыда деймін,  
Алдында биші қайың кездеседі.

06.06.2000

### **Ақыл, ой, сезім перзенті**

Қайғысын достың шақтаймын,  
Өзімді мейлі, жудетем.  
Асылды есте сақтаймын,  
Ақымаққа ашу үдетем.

Тұндер көп ояу өткізер,  
Ой қамалап пәлен мың.  
Жыр іздеймін жеткізер  
Сұлулығын өлемнің.

Сүймеймін мақтан көвшігін,  
Үңде берем тереңге.  
Шат күлкім, ыстық өксігім  
Құйылып түсер өлеңге.

Қол сілтер уақыт қарамай,  
Сайранмен кетсе өр кешің.  
Бермейміз дамыл баладай,  
Ашқанша шындық сөулесін.

Мазасы мұлдем жоқ жанбызы,  
Күткендей күзет жер беті.  
Ақындар – талмай көз салғыш  
Ақыл, ой, сезім перзенті.

Көңіл нағыз

19.12.2007



\* \* \*

Кен кеулеттім із тастап өткен күнге,  
Әкім де етті төр төбе шетте мұлде.  
Есім барда  
Еліме есен жетіп,  
Жүргендеймін Абайдың мектебінде.

Жан орнықты бір түлеп одан кейін,  
Жақын тартты ақындық додам бейім.  
Адам тану өмірлік қиял еді,  
Абайтану көшіне қонар зейін.

Айқынырақ данасын көрсін елі,  
Өлеңі сол қазақтың ең сүбелі.  
Шартарапқа шақырып бара жатыр  
Абай ата ақындық көкжиегі.

Нұрлы мектеп, бұл мектеп, ұлы мектеп,  
Жаным құштар, барамын жылы беттеп.

21.10.2005

### **Жан қалауы**

Тебіренгенде өлең болып төгілдім,  
Сенделгенде жалғыз жүріп не білдім:  
Жан қалауын ашық айттым достарға,  
Керегі жоқ махаббатсыз өмірдің.

Іңкәр жүрек құштарлығы әлі көп,  
Өлең болып төгіледі бәрі деп.  
Білгенім сол:  
Жеті айналсам жер бетін,  
Махаббатсыз тіршіліктің сәні жоқ.

Әлі талай қияларға самғармын,  
Әл береді жан қалауын барлар күн.  
Айға қолым жетсе-дағы қуантпас  
Бұл жалғанда махаббатсыз қалған күн.



Ақтарайын құпиясыз ашық сыр,  
Көргеніме жан құмары қанып тұр.  
Тұған елдің аспанына қарашы,  
Мені сүйген жарқын жұлдыз жанып тұр.

07.07.2008

## Ауылға орал, жігіттер

Жұлдызға жанған үміткер,  
Жаһанды біз де кезіп ек.  
Алыста жүрген жігіттер,  
Ауылға орал тезірек.

Кездесу деген ғаламат,  
Адамның асыл арманы.  
Табады жаның қанағат,  
Ұмыт боп дерктек салғаны.

Тез оралсаң қинатпай,  
Сол шығар Құдай бергені.  
Аспаннан жауған құймақтай  
Күтпеген бақыт келгені.

Бөлінбес сырды бөлгенде,  
Өмірге сендей бар ма ерке.  
Аңсаған жанды көргенде,  
Орнайды қызық жәрменеке.

Қобалжу, толқу әкелер,  
Қоштасу тағдыр бүйрығы.  
Аспаннан жұлдыз әперер,  
Кездесу өмір сыйлығы.

Не көрмейді өз басын,  
Аңсаған тоғын құрып бер.  
Атамекен тозбасын,  
Ауылға орал, жігіттер.

Көнділ нағыз

19.05.1998



## Сағыныш селі

Рейхстагқа ту тіккен  
қазақ солдаты  
Адамзатқа үлгі болар бар заты;  
Қошқарбаев Рахымжансыз азайды-ау  
Көп қызығың, сұлу қала Алматы.

Елге оралдым,  
Түстім ойға не түрлі,  
Тыным бермес көп өкініш жетілді.  
Сырбайы жоқ Алматыға сыймаймын,  
Ебінейі жоқ Қарағанды секілді.

Айта берсем қаусап қалған хал-жайды,  
Сағыныш селі  
Ет жүректі жаулайды.  
Жолдастырылған, Балғабайсыз, Серіксіз  
Жезқазған да жау шапқаннан аумайды.

Сен соқты ма  
біздің асыл қатарды,  
Беу, Сарыарқа! Жеткіз дүға батамды.  
Жәйрем жетім қалыпты ғой Садықсыз,  
Бір алапат жұт соққандай жапанды.

Жүргегімді кім емдейді дәрілеп,  
Ордабайдай сағынарым әлі көп.  
Қойшыманов Ақан қайда десенші,  
Ерте кетті-ау дүлдүл өнші Жәнібек.

Есіне алмас сексен көлдің қай құсы,  
Мәлік аға мың мақтауға сай кісі.  
Көкен кетіп көп курсінті Көкшетау,  
Аз болғандай ақын Мұса қайғысы.

07.04.2000

## Мың-мың алғыс үйемін

Студент кез  
 Жүрек жаулар тетікті  
 Тапқан сөзім арманына жетіпті.  
 Гүлдей нәзік аққұба қыз  
 Бәйбіше  
 Болғаны елу үш жыл өтіпті.

Жасырмайтын дос-жараннан сырым бар,  
 Таттым ләzzат, Мәриям, сенен шырын бал.  
 Тәуба деймін,  
 Төрім толды қызыққа,  
 Мактан етер қызым және ұлым бар.

Ұл үясын, қыз қиясын табатын,  
 Кең жайылды шартарапқа қанатым.  
 Өз қызымдай болып кетті Ракетам,  
 Өз ұлымдай көрінеді Маратым.

Дархан дүние ақ ниеті кең еді,  
 Ата-бабам әруағы мол жебеді.  
 Арман, Dana, Әдия – үш немерем,  
 Әділ атты шәберем өсіп келеді.

Балапандар ақ тілекті ақтасын,  
 Жол ашылсын беріне де сәтті, асыл.  
 Тілейтінім ертелі-кеш қашанда  
 Тіл мен көзден тағдыр есен сақтасын.

Өзімді өзім қиял құсқа теңеймін,  
 Жонда жортқан жez киікті жебеймін.  
 Туа жалғыз болсам дағы өмірде,  
 Жүре-жүре достарыммен көбейдім.

Игі жақсы дәмдес болды елдегі,  
 Кенші-ақын бол шабыт қанат сермеді.  
 Қарақалпак, мәскеулетіп оралдым,  
 Соның бәрі Мәриямның еңбегі.



Сол үшін де мың-мың алғыс үйемін,  
Пәк мінезін көкіргіме түйемін.  
Той үстінде “ащылатып” ағайын,  
Мәриямды екі беттен сүйемін.

24.12.2008

\* \* \*

Дос болсаң бұрын маған жол ашпаған,  
Сескеніп бүгін неге қораштанам.  
Нөсермін,  
Мен өткінші бола алмаймын  
Сіркіреп шөкім бұлттай толастаған.

Дос десем, түсініп ал жайымды анық,  
Ақындар айтқанына мығым халық.  
Достықты мен сатпаймын арзан іске,  
Жағдайым кетер деме қынданып.

Көп көрдім жонда қызыл тұлқіні де,  
Белгілі су жорғаның булқілі де.  
Кеншіге тау қопарып,  
Жер қозғаған  
Белгілі жарылған жер дүркірі де.

Болары белгісіз деп кім түбінде,  
Дүдемал артсан құдік, мін бүгінге.  
Тынымсыз тірлігім бар  
Досты алдамас,  
Жатпайды алтын кездік қын түбінде.

1979

## Исатай – Махамбет

Шындық күә актарылсам ағынан,  
Ел деп өткен ерендерге табынам.  
Маған беттеп келсең, тату болам деп,  
Махамбетке кел Исатай жағынан.

Жекелесен, көңілім әсте толмаған,  
Татулығын тағдыр өзі қолдаған.  
Ақынды айтсақ, ұмытпайық батырды,  
Исатаймен Махамбеттік орнаған.

1979

\* \* \*

Кейбіреу төрге шықса ел ішінен,  
Қолқабыс жасамайды мол күшімен.  
Аз ісін кең мінезбен көркейтеді,  
Кей адам көпке берген қол ұшымен.

Күйзеліп қиналғанда жасымадым,  
Қуансам, елден ерек тасымадым.  
Бір көмек үміткерге жасамасам,  
Орнаған көрер едім басыма мін.

Селт етіп жат-жаранға қимастықты,  
Жасқану деп ойлама сыйластықты.  
Алдыма арыз айтып келген адам  
Қатыгез деп айтуға қимас тіпті.

1979

## Корқамын бүгін

Жас үлғайса,  
Қартайдым деп жылаған  
Қорқыныштан тұла бойым дін аман.  
Қазақша білу  
Азапша үшқан зәресі,  
Бастықтан қорқам бес сөзді өрең күраған.

Көңіл нағыз





Көңіл назы


Мезгілсіз атқан  
Шуақсыз таңнан қорқамын,  
Құлқыны тоймас,  
Ұнамсыз жаннан қорқамын.  
Таң ата туып,  
Күн батпай мың сан өзгерген,  
Пісіуі шикі  
Тұрақсыз заңнан қорқамын.

Әуелеткен,  
Алғандай теріп құраннан,  
Аясы тарын аз күнге әрең сұранған,  
Тұғыры осал, женіл-желпі жасалған,  
Қорқамын бүгін  
Ғұмыры қысқа ұраннан.

Салмақтап сынап,  
Шығарсам жырмен ортақ үн,  
Ел айтқан сөзді  
Айғақтап, зерлең қорытамын.  
Қара басын халықтан бұрын ойлаған,  
Пара сүйгіш пәледен қатты қорқамын.

27.07.2008

Екінші бөлім  
РУДАКИДІҢ ЕЛІНДЕ



### Гүл қойдым

Памирді көріп, орындалды тосқаным,  
Қарлы құздар сияқтанды от-жалын.  
Шыңдардан да шыңдықты биік ұстаған  
Рудакиге тағзым еттім, достарым.

Шақырған жоқ Панжруд үл-қыздары,  
Не Памирдің кек тіреген құздары.  
Шапқылаған тау озені айтқандай,  
Сілтеу салды Рудаки откен із бары.

Асу бермес кешіп көп тау арасын,  
Іздеп келдім адамзаттың данасын.  
Оның жыры ақиқаттың жалауы,  
Оқыған жан ойға салар санасын.

Парсы жыры көтерілсе шашбауы,  
Рудаки ғой рубайлардың бастауы.  
Ақындықтың аталды “Адам-Атасы”,  
Оның жыры зұлымдықтың қас жауы.

Дана өлді деген ойды мен жойдым,  
Жырын тыңдал, терен сөзге шын тойдым.  
Тағзым етіп барша қазақ атынан,  
Рудакидің зиратына гүл қойдым.

20.09.1983



## Ақындықтың патшасы

Парсы елінде болмай қадам қатасы,  
Поэзия атанды “Адам-Атасы”.  
“Үстаз” деген Рудакиге атақ жайылды,  
Бір Алланың бұйырғандай батасы.

Екі көзі көрмей қалған күн болды,  
Басып кетті тас қараңғы түн жолды.  
Кекіргінің көзі ашық адам ғой,  
Өлеңінен марапат өшіп, мұн толды.

Үміт үзді кешегі көп пайдадан,  
Үғар есті, есіркейді қай надан.  
Сонда атанды “Ақындықтың патшасы”,  
Күндер өтті мақтау сөзді қайраған.

Сусындаым мөлдірінен тұнықтың,  
Іше бердім, молдау ішіп құнықтым.  
Рудакидің шексіз шерін шолғанда,  
Елді аңсаған өз мұнымды ұмыттым.

Кең ауқымды туады екен жыр басы,  
Осы екен-ау ақыл, сезім тұнбасы.  
Нақылында жатыр екен бой жазып  
Мұңлы жалған, төрткүл дүние тұлғасы.

Гүл тергендей ортасында кегалдың,  
Көңіл өсіп, үр жаңа бір оңалдым.  
Сарыарқаны сағынғаным бір төбе,  
Душанбеден Мәскеуге тез оралдым.

25.10.1983

## Рудакиге еліктеу

Дархан өмір алармын ба алғысын,  
Ақ дидарың шақырады жан құсын.  
Жүргім-ай, қайран менің жүргім,  
Фашық болып қалғаннан сен саумысың?

Ес білгелі тыңдаپ келем құс әнін,  
Тәжік қызы, кірпігіңмен тұсадың.  
Бұлкілдейді ақ төсінде қос алма,  
Құштар сәтке шақыргандай құшағың.

Бір кездесу азық болып көп күнге,  
Памир берген нұр жұмаққа жеттім бе?!

Неге сонша дірілдейді білегін,  
Сен де маған ғашық болып кеттің бе?!

Тоқтар емес жүректің ғұл тергені,  
Жас қызғалдақ ескі дерпті емдеді.  
Екі көзі көрмесе де Рудаки ,  
Осындаida депті: “Қалқам, кел бері”.

29.09.1983

*Көңіл назы*

## **Рудакимен таныстырыған досыма**

*(Рахмон Нәбиевке)*

Шашың әппак,  
Өзің жас көрінесің.  
Саған қарап айтамын өзіме сын.  
Рудакидің рубайларын заулатсан,  
Таудан аққан тасқынданай төгілесін.

Дана сөзін жеткізсе заманалар,  
Жандандырдың, тебірентіп дана хабар.  
Рудакимен таныстырыған Рахмон,  
Дауысынды естіп, жүргім жаңаланар.



Өзге өлке, демеймін өзге қауым,  
Сүйсінемін,  
Жоқ менің сөзге дауым.  
Сен Памирдің мактасаң сай-саласын,  
Елестеп түр көзіме Көкшетауым.

Жырға жаның ақындаі қанық екен,  
Пенжекентті көрермін барып есен.  
Майрамыңың көздері қара тұндей,  
Жақсы өлеңдей ажары анық екен.

Суга түсіп жүргенін пайдаландым,  
Тұлғасына шынардай қайран қалдым.  
Біздің ауыл бір қызы секілді екен,  
Шыныңды айтшы...  
Япырмай, қайдан алдың?!

Менің де жүр айдында ақ маралым,  
Қара теңіз құптаймын баптағанын.  
Ақ балтыры жайнайды ақ сазандай,  
Сүйгім келіп кетті гой ақ тамағын.

Мәриям, Майрам қос марал егізденіп,  
Тіл табысса болғаны негіз берік.  
Жагалауга жетейік,  
Сол екеуін  
Қызықтайық түрғандай теңіз көріп.

1979

### **Байлық пен кедейлік**

Рудакидің еліне келдім дәм жазып,  
Таулар-ау, таулар!  
Қайда дала, кең жазық?!

Биік төрде жырын оқып дананың,  
Жан дүнием алды өшпес мәңгі азық.

Дүлдүл ақын, ойлы ғалым білікті  
Бақыт құсын аялай да біліпті.

Құылғанда сарайынан патшаның,  
Көп кедейлер арасында жүріпті.

Жарқын жүлдyz ойлағандай “Аймын” деп,  
Айтады екен: “Менің енді қайғым жоқ.  
Арамзасы, бақасы жоқ жандардың  
Досы болған ең бақытты баймын”, – деп.

Әр тынысы тың сарын, тың жаңалық,  
Сан құбылыс сырын шертсе қадалып:  
Зор байлық пен шен-шекпенді көксемей,  
Кедейлікті игеру де – даналық.

25.10.1983

### Рухы биік Рудаки

Ақкөңіл жан, ақ жүректі аңғал жан,  
Адамзаттың мұң мен шерін аңғарған.  
Ойда барын ақ қағазға түсіріп,  
Тыным таппай, тұрған ала таңдардан.

Мінездің де бекзаттыққа керегін,  
Біледі Алла кімге таңдал берерін.  
Тұрдым деген жерде қалған тірлікте  
Рудаки ғой адал адам дегенің.

Ақкөңіл жан – кемел мінез мұлтіксіз,  
Осынау сырын данышпанның білдік біз.  
Асқақ дарын тұп тамыры шындықта,  
Шындық соңда саф алтындаі кіршіксіз.

Тасқын талант шың басына бір шыққан,  
Ақын таймас шындық үшін құлдықтан.  
Көзін ойып алса дағы, Рудаки  
Өлеңімен кегін алды сүмдышқтан.

Патшаларға қалды арнаған марапат,  
Шындықты айтып, алды өшпес жаракат.  
Ар жолынан аттап басып таймады,  
Ай-әлемді басса дағы алапат.



Адамзатқа айтылар бұл керек сыр,  
Шындық туы бар пәлені тежеп түр.  
Өтті өмірден дүниекоңыз патшалар,  
Рудакидің рухы бізді жебеп жүр!

05.12.1983

### **Анзорпта көрген аруға**

Анзорптың қызы, ғажапсың,  
Жолаушы аздал наз артсын.  
Сезімді сезім жеткізіп,  
Күдікті ойдан тазартсын.

Ажарың еркес, жайдары,  
Жүректің төрін жайлады.  
Жүзінен жүзім төгіліп,  
Жібермей, жіпсіз байлады.

Сөйтеге міндеттің, жек көрсөн,  
Жетпеді шыдам өпкенше.  
Шөлдемеспін мен енді,  
Ауылга есен жеткенше.

28.09.1983

### **Рудакиден алған сабақтар**

Мырзалық – бойда байлығы,  
Ақжарқын – асыл айбыны.  
Данааларда дарын бар,  
Ақылмен басар қайғыны.

Күдік пен өсек табысқан,  
Бақастық – кесел жабысқан,  
Жамандықтан безіпті,  
Қайырып бетін алыстан.

Жабылса ғашық қабагы,  
Қоштасу мұнға салады.

Айырылысқанда тұл шықпай,  
Үндемей адам қалады.

Откен күн қайтып оралмас,  
Мұлт басқан ізің жоғалмас.  
Қалаулы таққа мінсе де,  
Арсызға бақыт қона алмас.

Кедейдің күні оңалса,  
Ұрлық пен тонау жоғалса,  
Патшасын сыйлар бүкіл ел,  
Ұлтына қорған бола алса.

Ашылсын жылды қабактар,  
Жайылсын үшқыр қанаттар!  
Осының бәрі бір жолда  
Рудакиден алған сабактар.

25.05.1984

Көңіл наэы

\* \* \*

Ескенде тау ішінің ызғар лебі,  
Жылытты-ау көздерімен қыздар легі.  
Сұлулар жүзім терген тоқтай қалып,  
Әнімді жүзіп келген тыңдар ма еді.

Ішімнен жаттай берем ырғағымды,  
Табады домбырасыз кім бабымды.  
Ақынның жүргегі де жершіл екен,  
Сағынты тауда жүрсем қырдағымды.

Ақ бұлтқа үмсынгандай, жаумай өтер,  
Селк етіп қарамады-ау, таулар бекер.  
Ақсары, аққу мойын, тостаған көз,  
Қызынан Алматының аумайды екен.

25.09.1983



\* \* \*

Бақытты еді...  
 Бай болды ел таңданған,  
 Бұхарада жол тапты дархан арман.  
 Мындау сүйсө, біріне бас имеді,  
 Отті әйелсіз, даналық арқандаған.

Зор атағын өлең сөз олқы қылмай,  
 Рубайлар бекіді төл тұғырдай.  
 Жұздеп, мындау ғазелдер сылаң қақты,  
 Шексіз мүкіт тербелген толқынындей.

Білімге де болмады ділгірлігі,  
 Адамзатпен туыпты шын бірлігі.  
 Поэма етті “Күн көзі айналасын”,  
 Жер- жаһанды тамсантып білгірлігі.

Ойласаңшы, не деген ерен мықты,  
 Байлық өшті...  
 Патшадан жебеу бітті.  
 Екі көзін ақынның ойып тастап,  
 Енді өзін сарайдан қуып шықты.

Әне, сонда бақытты неден күтті,  
 Бұрынғыдан өр мінез өлең бітті.  
 Байлықпенен сүм тағдыр қоштастырса,  
 Жан досындей көріпті кедейлікті.

Білді ұлықтың нақақтан жаласын да,  
 Ақ пен қара тыымады таласын да.  
 Дана жыры толассыз толқи берді,  
 Берік орнап адамзат санасында.

### **Жеңгендे ақыл-парасат**

Құлшиның пен ұмтылыс  
 Ере туган егіздер.  
 Ерте ұмтылса Күншығыс,  
 Туды асыл негіздер.

Енжарлық пен жалқаулық,  
Жүққан індеп маубасқа.  
Алла бізді аңқау ғып,  
Жаратқан жоқ әу баста.

Ерте егіп, ерте ормаса,  
Сыпыра жоқтық орнайды.  
Қимылың құтты болмаса,  
Қазынаң мол боп толмайды.

Дәуірде озық тәуірге  
Тыным таппай талаптан.  
Қол үшын беріп зәруге,  
Қалдырма досты санаттан.

Мызғымасын ар-намыс —  
Рудаки айтқан дана шарт.  
Әлемге орнар зор табыс,  
Женғенде ақыл-парасат.

06.12.1983

\* \* \*

Сурет қой тұрған алдында,  
Сүйме оны, жөндеп көріп қал.  
Кездесіп майса шалғында,  
Алдында мейлің өліп-тал.

Періштеден ешбір аумайтын  
Сұлулық деген осы ғой.  
Сүйіссе, қажып-талмайтын  
Махабаттың досы ғой.

Тезірек жет сен аруға,  
Шыдатпас аңсау күйі бар.  
Бір қансын тілде бар уға,  
Жасқанбай, жылдам сүйіп ал.

Көңіл нағыз



## Сені айтам

Көркіңе жетпес тәтті сөз,  
Қуанып жаңым құптайтын.  
Бүйірсын деймін сәтті кез,  
Көнілінді құштар жықпайтын.

Сайма-сай келсе құрметін,  
Шаттыққа жаңым берілер.  
Махабат жайса ләzzатын,  
Сенің де көнілің семірер.

Қос жанаң бойға нұр құйып,  
Ләzzатқа ұңсіз бөледі.  
Жарқ етсөң өсем жымиып,  
Жастық шақ еске келеді.

Халімді мұшқіл шын ұғып,  
Жақындау тартыш кейде сен.  
Кетер ем қайта шыныып,  
Кездесіп жүрек, емдесең.

Сұлулық құлы ақындар,  
Сыпайы сөйлеп, кең айтам,  
Өзгеде нендей хақым бар,  
Көз көрген қалқам, сені айтам.

27.09.1983

\* \* \*

Көнілдің асыл тірегі,  
Аңғарған ынтық назарын.  
Шыдайды құштар жүрегім,  
Болса да ауыр азабын.

Бұл жалғанның байлығы  
Бір сенің нұрлы келбетін.  
Болмластай жаңым қайғылы,  
Жайнатып тұр жер бетін.

Тірліктін бізге берері  
Қара көз нәркес сұлулар.  
Сол болар арбап женгені,  
Бір сүйгізіп, мын улар.

Кейде ерке келер, кейде пан,  
Мінездің жоқ қой кемісі.  
Өзіңсің сыйлар жер-жанаң  
Махаббат құтты жемісі.

Құпия сырды айтамын:  
Қалқам-ау, саған өкпем жоқ.  
Үзілмес үміт септесті,  
Ұмытып сені кеткем жоқ.

25.09.1983

\* \* \*

Памирге алыс шакырган,  
Сүйсінгі құштар өуенің.  
Бір әннен мынға татыған  
Махаббат көрдім әлемін.

Ақ тілек бүл да бергені,  
Кездессең кенет осылай.  
Тарқады көніл кермегі,  
Сайрасаң тауда totыдай.

Қауіпті жолдар жеткізген,  
Сөт келді құтты таңды арбап.  
Жұмағи мезет өткізген,  
Шырайың сонша жан баурап.

Сәмбі тал балқып бұралды,  
Қарады төмен шың басы.  
Шыбын жан құштар бір әнді  
Шырқашы, қайта шырқашы.

Қорықпаймын жорта бұруды,  
Женілtek достар таратса;  
Қайтемін сүймей сұлуды,  
Ақын ғып Алла жаратса.

28.09.1983

Көзің нары





## Төрт жолдар

Қарны тойса не демек,  
Ашқарақ көзі тоймаса.  
Көп ақыл жинап не керек,  
Қоятын жері болмаса.

\* \* \*

Жымысқы бар қырық көз,  
Айтары жорта бұрыш-сөз.  
Оны үфуга да бас керек,  
Бұрыш сөзі – бұрыс сөз.

\* \* \*

Атам менің ақылман адам еді,  
Салт-санага бай еді ата тегі.  
Қоқандаған қоразға бірде қарап:  
“Шақырғаның мезгілсіз қате деді”, – деді.

\* \* \*

Қабаған ит өшін іздел жүреді,  
Іісін сезіп, қиядан тани біледі.  
Шауып барып шошытып абаламай,  
Қартайғанда отырып қана үреді.

\* \* \*

Үлкендікті танымау – сүймейтінім,  
Осындайға кім алсын күлмей тыным.  
Аңдал қара, бауырым,  
Әбестер бар  
Ата дәстүр дегенді білмей-тұғын.

\* \* \*

Аласқанда айып жок,  
Үйірін тапса қайтадан.  
Кеткен жаман гайып боп,  
Қырсыққа бастап әр қадам.

09.12.1987

\* \* \*

Мысықтың тұнде көрген бәрі қара,  
Дей көрме ақтауы бар, сәні жаңа:  
Көшеде қайырышыға жақын бар да,  
Жәрдем ет, жүрегінің бәрі жара.

\* \* \*

Іздеп тауып жаны ашыр жүрағаттай,  
Бөтен сөзге жасқанып, жүрер батпай.  
Содан кейін төрінде әлек жасар,  
Қарын майды шіріткен құмалақтай.

\* \* \*

Әтеш барда тауықтың шақырғаны,  
Ол сүмдүсқа белшеден батырғаны.  
Қарай қалшы, тағы да қыт-қыт қағып,  
Бір пәлені тапқандай тақылдады.

09.12.1987

Көңіл наэы

### Жан тілегі

Кеттің алыс,  
Көзден шалыс,  
Сағынуға ерікті ет.  
Кездескендे  
Жерлес пенде,  
Бір кешінді беріп кет.

Босқа налып,  
Жүрек жарып  
Күрсінуден, кел, сакта.  
Бол қасымда,  
Шер басуға,  
Аттанғанша жан-жаққа.

Қалдым жүдеп,  
Тозды тілек,  
Байқа өзгерген өңімді.  
Бар жылулық,

Бар сұлулық  
Көкірегінен көрінді.

Бермен келші,  
Жәрдем берші,  
Ақтарсын жан тілегін.  
Қайда барам,  
Неге қалам,  
Кетсе өзіңмен жүрегім.

Жетсе ақылың,  
Баста ақырың,  
Емде достың жарасын.  
Бірге өліп-тал,  
Бір көріп қал  
Жер мен көктің арасын.

17.12.1983

\* \* \*

Сәтті арадай бал терген қанша гүлден,  
Көксегенін көкіректің аша білген.  
Занғар ойшыл Рудаки нағыз алып  
Ой пернесін әлемнің баса білген.

Осы менің тапқаным ғаламаттан,  
Өзге өнерін саусақтап санап жатпан.  
Мұсылманнан ғана емес,  
Ол данышпан  
Орын алған ең озық адамзаттан.

Шексіз сүйді әлемдік оқырманы,  
Оған мысал ол салған көпір мәні.  
Қосамын деп қай кезде қай аспапты  
Дирижердей көрінер отырғаны.

08.12.2007

## Шетен көрдім

Шетен көрдім Вахштың жағасында,  
Мен таңдансам,  
Ол маған қарасын ба?!

Қызыл көйлек, жаутаң көз  
Қарай қалды,  
Ақыл, сезім тұрсын мен таласында.

Сұлу тұлға тамаша туса шетен,  
Көрінгені несі екен...  
Мұнша бөтен.  
Жапырағын үстап ем,  
Жан жылытты,  
Сұлу қыздың қолында жұмсақ екен.

Иә, солай ...  
Тіл қатпай, барладым да,  
Ұмытылmas тұрган сәт қарсы алдында.  
Ақ қайыңға теліткен  
Ауылым-ай,  
Келіп кетті Памирде ән салғым да.

Қызылт ағаш сырымды біліп қалды,  
Сылқым бойы сылқ етіп,  
Куліп те алды.  
Көз үшінда ақ білек қайың көріп,  
Кетіп қалдым аралап шілік-талды.

Сөкпе, шетен,  
Ну орман легінде,  
Бөтенсіме туысты біле біл де.  
Ақ қайыңдар туып ем арасында,  
Сен де мениң қаларсың жүрегімде.

1983

\* \* \*

Айнала таулар қаулады,  
 Кеткендей жерді тау басып.  
 Құлшынтып көзді жаулады,  
 Ақ басты құздар жалғасып.

Құн асықпай қызғандай,  
 Ақ таңы саспай атады.  
 Үйқысын қимас қыздардай,  
 Маужырап шындар жатады.

Қарлы тау шетін мұз шалған,  
 Құн түссе аппак етіне  
 Көргенде мені қызарған  
 Үқсайды сенің бетіңе.

Ақ төсі жатқан бұлтишп,  
 Ашылды құзарт ақ маңдай.  
 Тауды түр құшып, бұлт сүйіп,  
 Сен мені іздел тапқандай.

1983

### **Мақта терген нәзік қыз**

Ақ мақта аппак гүлдей өрнегін-ай!  
 Ақ алтын құтты жердің бергені бай.  
 Жем жеген құс тұмсығы сияқтанып,  
 Он саусақ дамыл таппай тергенін-ай.

Қара көз ақ үлпаны баппен алар,  
 Әу демде қауашақтан қапқа салар.  
 Ақкудың мойынындағ ақ білегі  
 Әп-сәтте сансыз қимыл атқара алар.

Нәзік қыз,  
 Тәжік қызы көзі сенде,  
 Толқымын іштей сезім бөлісем де.  
 Тіл қатпай, алшақтамай жүре берем,  
 Жүректің лүпілімен терісем де.

Алтын күз...  
Тыңдар шағы марапатты,  
Алтын қыз  
Ашты маған жана сөтті:  
Он саусақ күй сандықта ойнағандай,  
Әлемге ән төгілтіп бара жатты.

13.12.1983

\* \* \*

Вахш ағып барады бұырқанып,  
Қарқынында қаулап түр зор ынталық.  
Қос толқынға қараймын шапқылаған,  
Көніл көріп, мен көрмей, көзім талып.

Етек-жені қыз толқын кең сияқты,  
Қымсынады сұлудай ең зиятты.  
Сері толқын қол салып иығына,  
Сені әкеткен тасаға мен сияқты.

Әне, өтті көп толқын шұылдасып,  
Ән салады махабbat сырын ашып.  
Бізді көріп қызықкан сөздерін-ай,  
Күйдіргендей қызғаныш жымындастып.

1983

\* \* \*

Аққұба қыз, мен сені  
Көріп ем бұрын Қырымда.  
Ол күндер қайда өлшемі,  
Оралмағ бүтін ырымға.

Кім құмартпас асылға  
Келбеті көзді байлаған.  
Серілеу едім жасымда,  
Бойымда жігер қайнаған.

Себебін кейде үқпаушы ем,  
Арналған саған өлең көп.



Есімнен кейде шықпаушы ең,  
Адасқан құстай елеңдеп.

Еліңе бүгін мен келдім  
Алтын құз аbzал шағымен.  
Тебірепін кеттім, дем бердін,  
Сағынып жудеп қалып ем.

Жарқ еттің көптен сескенбей,  
Тәртібін бұзып ғұрыптың.  
Мен сонда есім кеткендей,  
Орнынан атып тұрыптын.

28.09.1983

### Ақ тамақ

Ей, қалқа! Тамағынның аппағын-ай,  
Талмаурап баппен бұлкіл қаққанын-ай!  
Тілектің бірлескенін білді ме еken,  
Жүректің жанып бара жатқанын-ай!!!

Ақ тамақ, тәбет тартқыш балың бар ма?!

Салдың ғой сүймей сөнбес жалындарға.  
Кезіме елестейсің ақ киіктей  
Сай бойлап сұнғіп кеткен сағымдарға.

Қиядан әр қимылын түсінемін,  
Жалғасты күн мен тұндей түсім, өнім.  
Әніме ақ тамақты қоса беріп,  
Өзінді қолға қалай түсіремін.

1983

Үшінші бөлім  
МАХАББАТ ОТЫ СӨНБЕЙДІ



\* \* \*

Көкейімде жүреді Абай өуені,  
Неткен ғажап, неткен азап әдемі.  
Көптен бері көрмей жүрген алыстан  
Ауыл қызы жетеді екен сәлемі.  
“Айттым сәлем, Қаламқасқа” басамын,  
Көңілашар қаумалайды жас ағын.  
Тамағынан аймалаймын өнменен,  
Махаббаттың жабық сырны ашамын.  
Шырқай берем, сұрамай-ак рұхсат,  
Сәл баяулап алу да жоқ тыныстап.  
Осындайда шыға келші алдымнан,  
Екі беттен бір сүйейін дұрыстап.

04.09.2007

### Жақсы едің

Есімде бәрі, есімде,  
Қалыпты айқын жатталып.  
Сырымбет жазғы кешінде  
Жүруші ек жүрек актарып.

Балдырған, нәзік, жақсы едің,  
Құмартсан саған ұмсынып;  
Оранды бұлтқа, Ай сенің  
Жүзіңнен аппақ қымсынып.

Қарағай, қайың ішінде  
Тұлғанды сұлу ұннатьым.  
Көрсем де кейде түсімде,  
Жудеген жанды жұбаттың.

Қайтадан тағы таң атты,  
Жауғандай шаттық аспаннан.  
Аулаққа Құнді қаратты  
Ақ төсінен жасқанған.

Көргенде көзім қызыққан  
Сұлу да едің, жас та едің.  
Жақсы әндей әсем сыйылтқан  
Жақсы едің, шіркін, жақсы едің.

14.01.2008

### Ұмытуға дәрмен жоқ

Сағынып жүрмін өзінді,  
Көктемде көрген кезімді.  
Көрінбей көзге кетсең де,  
Тыңдаймын сергек сезімді.

Мәп-мәлдір құштар көзінді,  
Бір ауыз ынтық сөзінді  
Еске алып, ұнсіз толғанып,  
Ұмытам өзім өзімді.

Сондайда көңіл езілді,  
Болсам да қанша төзімді.  
Ұмытуға дәрмен жоқ,  
Жұмғанша екі көзімді.

03.09.2007

\* \* \*

Өкінгейді кәріліктің жеткені,  
Мейлі жастық көз жетпестей шеттеді.  
Өкінеді бірге оқыған қыздардың  
Тым ертерек кемпір болып кеткені.

Ішкі намыс қозғап, үнсіз гүлдеймін,  
Күн мен тұннің маған бәрі бір деймін.  
Содан болар,  
Қартайдым деп қаймығып,  
Сұлу көрсем, сырғақтауды білмеймін.

\* \* \*

Осынау дүние жаралған  
Намыс пен берік сенімнен.  
Арпалыста сан алуан  
Солардан жауың жеңілген.

Көңілдің кілтін ашуға  
Қолыма ақ құс қонсайышы.  
Қайғының бұлтын басуға  
Бір жақсы дос болсайышы.

22.09.2007

**Көңіл назы**

### **Барыңа сенің қуанам**

Періштем болып жебей гөр,  
Үздіге жаздаپ жолықтым.  
Жарасын жүрек тез емдер,  
Абзалын көрсе көріктің.  
Жасымнан ынтық теліттің,  
Жан жетпес сұлу көріппін.

Тынықсын көзім, жандансын,  
Кездестік туған өлкемде.  
Ансатқан асыл армансың  
Ұқсаған өрде желкенге.  
Жағаға өрең жеткенде,  
Жатырқа сені жоқ менде.

Балқытты лебіз, әуенің,  
Жан құштар жылу себелеп.  
Не деген нәзік, мәуелі үн,  
Үзімі жанды жебемек.



Кереметтеген де керемет,  
Алауға жүрек не демек?!

Аумаған балғын шынардан  
Саянды самал құп алам.  
Шыққандай сағым-мұнардан,  
Рахатқа батып жұбанам.  
Барыңа сенің қуанам,  
Не болар сенсіз бұл ғалам?!

2007

### Тұсімде көрдім мен сені

Сен дегендес ерік жоқ,  
Есімнен қалам жаңылып.  
Бір көруге жерік боп,  
Сарғаямын сағынып.

Сандуғаштың даусындай  
Жан серігін шақырган,  
Құлақта үнің таусылмай,  
Айрылып қалам ақылдан.

Көңілім жырга жүр бөлеп,  
Көтеріп үміт еңсени.  
Өнімде қиял бір бөлек,  
Тұсімде көрдім мен сені.

Жүректің жүрек досы екен,  
Қылышын есте сақтаймын.  
Құпия деген осы екен,  
Не болғанын айтпаймын.

Тез өтті уақыт өлшеген,  
Асықпай, көңіл бөлсөңші.  
Рахатқа батар көксеген  
Өнімде солай көрсемші.

02.02.2006

## Шыдай берші

Шыдай берші,  
Шыдашы, сеніп маған,  
Жан толқытпай қоймайды көрікті адам.  
Құдашаға бір өлең арнайынышы,  
Мен, әйтпесе, бәйбіше, сөніп қалам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, кешір мені,  
Еркелік қой шалыңың есіргені.  
Құдашаны қыздыра мактамасам,  
Тағдыр мені санаттан өшіргені.

Шыдай берші,  
Жасайын берік қадам,  
Ол да болгай ішінен жерік маған.  
Бәйбі sheden ешқашан жасқанбайтын,  
Дей берсінші мені бір “ерікті” адам.

Шыдай берші,  
Шыдашы, көніп маған,  
Екі көзім барында көріп қалам.  
Құдашаны тап қазір бір сүймесем,  
Енді айналып келгенше өліп қалам.

07.08.2006

\* \* \*

Көктемге алыс шақырған  
Сүйсінті құштар әуенің.  
Бір әннен мыңға татыған  
Махаббат көрдім әлемін.

Ақ тілек бұл да бергені,  
Кездессен кенет осылай.  
Тарқады көңіл кермені,  
Сайрасаң ерке тотыдай.

Көңіл наэны





Алыстан жолдар жеткізген  
Сөт келді құтты таңды арбап.  
Жұмағи мезет өткізген  
Шырайын жанды жан баурап.

Қызың күнің көзге бұралды,  
Тугандай қайта жыл басы.  
Шыбын жан құштар бір өнді  
Шырқашы, қайта шырқашы.

Қайтейін жорта бұруды  
Женілtek достар таратса;  
Сипаттар көрген сұлуды,  
Ақын ғып Алла жаратса.

16.10.2007

### **Әгірge**

Сәтті күнде кездессек ер жеткесін,  
Есендігің қуантты мектептесім.  
Өзге қыздар білмесем әдірісін,  
Ешқашан да есімнен сен кетпессің.

Қандай сезім тартса да осы мені,  
Нұртас, сенің жан жарың досым еді.  
Ерте кетті өмірден,  
Оттен, шіркін,  
Бірге жүрер күндерді тосып еді.

Нұртас жайлы жаздым ғой білгенімді,  
Бүйра шашты сал жігіт тілге ілінді.  
Қара наңды қақ бөлген  
Интернатта,  
Ұмыту жок бірге өскен күндерімді.

Алдымызға гүлге орап білімді екті,  
Құдыретті жер қыздарға қулімдettі.  
Ақтоқтылар, Ақ Баян,



Ақжуністер,  
Ұмыту жоқ сендер мен Сырымбетті.

Қысқа сөзім осымен тәмәм болсын,  
Мектептестер адаспас аман болсын.  
Алты ұлың мен бір қызың әulet құрып,  
Шөбере мен шәпшекке заман толсын!

03.08.2007

### Жазғы сонет

Жайлауда жүрсем тасып ән,  
Тау жаққа неге асығам.  
Ат суарғым келіп түр  
Ақ бұлақтың басынан.

Жадырады шатқал да,  
Желкілдеді көк тал да.  
Жүйрік жебем дәл тиді,  
Қасқалдақты атқанда.

Ауылым мениң қайды деп,  
Қыздарға сауға сай ма деп  
Ойласам, жолда жолықты,  
Қасқалдақты байла деп.

Үйректі беріп тойладым,  
Орындалды ойдағым.

2006

\* \* \*

Көк дөненнен жүйрік қой көңіл деген,  
Сезгені көп, мәнгі ояу, көз ілмеген.  
Есен деген хабарға еңсем өсіп,  
Шырт үйқыда кездесем өзіңменен.

Көңіл назы



Сарғайтқанда сағыныш алабөтен,  
Жез киікке телміріп қарап өтем.  
Бір кездеспей көп жылдар қиналғанда,  
Сұлу әннен жан азық алады екен.

Тау ішінде, көлдегі, ормандағы  
Үн, дыбыстың жүректі жалғады әні.  
Табиғат пен адамзат сұлұлығы  
Бірін бірі сақтаумен жанған бағы.

Сексен көлдей саф таза көңілім кең,  
Қас пен достың көзіне көп ілінгем.  
Кең даламен жалғасам өзінді айтқан  
Өлеңіммен, әніммен, өміріммен.

### **Саған деген сағыныш**

Астананың жаңа көше бойында,  
Асыл бейнең жүрер бірге ойымда.  
Есім кетер қыз-бозбала үйленген,  
Сәукелелі жар-жар айтқан тойында.

Бірдей ме екен махаббатшыл қанымыз,  
Егіз болып жарапды ма жанымыз?  
Елендеймін жағасында Есілдің,  
Шыдатпайды саған деген сағыныш.

“Бәйтеректің” бара қалсам түбіне,  
Оранамын пәк сұлұлық гүліне.  
Сен деп қалып, тілдесуге үмтыйлам  
Танғажайып арулардың біріне.

Айналайын, жаның нәзік балғын жан,  
Қалқатайым, саған арнап салдым ән.  
Күйіп-жанып кездесуге жеткенше,  
Құлім қағып шыға келші алдыннан.

12.04.2006

\* \* \*

Сұлу көрсө,  
Ақын қалмас үндемей,  
Шыдай алмас  
Бұлқілдеген бұл көмей.  
Беттен сүйсем,  
Жақсылыққа жорындар,  
Беу, арулар, өзгелерің құнделемей.

Бір ауыз сөз арнамасам сұлуға,  
Жарамас ем  
Сауық-сайран құруға.  
Беу, Қаракөз! Жасқанбашы,  
Жарқ етіп,  
Бермен қарай нұр жүзінді бұруға.

Тула, жүрек,  
Жас кезімдей тулағын,  
Өтер-кетер дүние-дүрмек шулы ағын.  
Аппақ бетке  
Қызыл тілмен жазайын  
Айтылмаған ғашық өлең шумағын.

08.10.1998

Көңіл наэы

### **Көрмей жүріп сүйгендер**

Көкірегіңе көп куаныш түйіпсің,  
Ашылу аз, жабығу көп, түйіксың.  
Тірліктегі бір ғажайып сол шығар,  
Көрмей жүріп, коргендей боп сүйіпсің.

Қиядағы сен жez қанат Киіксің,  
Көңіліңе көп сағыныш үйіпсің.  
Бұл жалғанда махаббаттың құлы едім,  
Махаббаттан сен ерекше биіксің.

Тілегіңнің ең асылын қыяпсың,  
Жырымды оқып, егіз жандай үйапсын.  
Содан болар, қай кияда жүрсөң де,  
Жүрегіңе жүргемді түйіпсін.

Жырға балқып, әнге алғыс үйгендер,  
Жаса, жаса, көрмей жүріп сүйгендер!

2006

### Жазғы романс

Сән болар асау ғасырға  
Жолықтым ғажап асылға.  
Есіме тұсті қара көз  
Кездескен бала жасымда.

Жайласа сұлу жүзі өрт,  
Ұқастық таныс ізі көп.  
Көз шалғанда селк еттім,  
Біздің ауыл қызы деп.

Толқып та кеттім, тән күйді,  
Ажарын ғажап жан сүйді.  
Көргендей бала ғашықты,  
Көркейтті жылдам хал-күйді.

Әңгіме құрдық не түрлі,  
Таныстық буы жетілді.  
Шыдай алмай бір сүйсем,  
Ұмыттым ескі дертімді.

Қызық жоқ оны өпкендей,  
Қызуы бойды өтті өрлей.  
Еренғайып қуандым,  
Жұмаққа кіріп өткендей.

2005

## Ауыл романсы

Бал дәурен белгісіндей ел шетінде,  
Қызықсың киял жетпес жер бетінде.  
Ей, қалқа! Бір көруді аңсап келем,  
Жастық шақ қалған шығар келбетінде.

Көп із бар Қамсақтының жағасында,  
Сағынып іздел кейде барасың ба?  
Сен маған елестейсің ақ қайындаі  
Көзімнің қалған мәңгі шарасында.

Сүйсінтсе елдің дала, орманы да,  
Тоқсан ой тебірентеді толғағы да.  
Ішінде көп ағайын жақсы екен ғой  
Сыр шашпас қимас тату болғаны да.

Жері жоқ балғын шақтың ерсі болған,  
Біз емес, ата-анамыз қоңсы қонған.  
Көргенде ауыл шетін шыңдау қыын,  
Көңілді қобалжытпай, болшы қорған.

Көз көрген хикаяны ертек етші,  
Көп сырды ақын үшін шерте кетші.  
Оралсын аз уақытқа ләzzат, рахат,  
Сен мені баяғыдай еркелетші.

26.06.2004

\* \* \*

Атқан таң – тұңғыш құштарлық  
Балдырған күнде байқаған.  
Қызығы соған үқсарлық  
Оралды мезет қайтадан.

Кездеспей жүрген жасымда  
Жан еді сұлу ерекше.  
Ұсынды жүрек асылға,  
Солғана маған керекше.

Ынтық зар маусым орнаса,  
Ләzzаты масан етпей ме?  
Тілсіз тіл үнсіз қолдаса,  
Құлпырып көңіл кетпей ме?!

Жетуге саған талпынар,  
Аққудай көлде желпініп.  
Қос жанары жарқырап,  
Шырайы жанып серпіліп.

Құштар боп адал сенгені-ай,  
Елендеп, елтіп агалап.  
Құдайдың сыйлас бергені-ай,  
Бұлдіршін, балтын ғаламат.

Шуақты сәуле, нұрлы азық,  
Қызуын мәңгі сақтамақ.  
Жасасын мөлдір, шын нәзік,  
Батқан күн — соңғы махабbat.

2002

\* \* \*

Дамылда, жаным, дамылда,  
Аз емес алда шатты күн.  
Көп жүрдік асau ағында,  
Басайық көңіл аптығын.

Жайладым талай биікті  
Өмірдің қия төрінде.  
Жыр етіп жез киікті,  
Жарқ еттім өлең өрінде.

Қарлы боран өткердім  
Қалқайған бала шағымда.  
Құм көшкенін көп көрдім  
Құрғаған арал маңында.

Кен қазып, қанша тер төктім  
Жезқазған, Жәйрем маңына.

Аралап жүріп жер-көкті,  
Келмеді-ау өлең бабына.

Ағынды қезім көп болып,  
Қалмадым оқыс көз тиіп.  
Ақындық ауыр дерт қонып,  
Шақыра берді жez киік.

Дамылда, жаным, дамылда,  
Әлемді тегіс шарладым.  
Көп жылдар өтті сағымда,  
Өлеңге берем қалғанын.

1994

### Әлдилеп қана өтейік

Оралып жылдар келмейді,  
Күндерді қымбат сыйлайық.  
Еркіне тағдыр көнбейді,  
Дүние – теңіз, біз – қайық.

Ажарың көркем жайнаған,  
Шуақты болсын айналаң.  
Айтайық алғыс тағдырға  
Жүрекке жүрек байлаған.

Бақытты жолда есейіп,  
Арманға алыс жетейік.  
Махаббат деген бөбекті  
Әлдилеп қана өтейік.

Өтеді жылдар қайрылмай,  
Әр таңды қарсы алайық.  
Тірідей достан айрылмай,  
Тілеулес болып қалайық.

Тамаша күндер бірлескен,  
Тірлікте тілек ақтайық.  
Сүйісп мәнгі үндескен  
Лұпілін жүрек сақтайық.

Көңіл нағыз

02.05.2002



## Ақ жаңбыр жауғанда

Суюші ем құлшынып,  
Аңсарым ауғанда.  
Аспанда күн шығып,  
Ақ жаңбыр жауғанда.

Бір хабар сен жақтан  
Көп жылдар жетпейді.  
Бал шырын мен татқан  
Тандайдан кетпейді.

Көктемде бір жүрген  
Жадымда жол ізі.  
Қаларын кім білген  
Қолымда қол ізі.

Бір ауыз сөзінді  
Сақтауга жетікпін.  
Қоштасқан кезімді  
Ұмытып кетіппін.

Сағыныш үйесің,  
Алыстан хал сұрап.  
Елестеп жүресің  
Балауса балбырап.

Кетеді тіл шығып,  
Аңсарым ауғанда,  
Аспанда күн шығып,  
Ақ жаңбыр жауғанда.

*2002*

\* \* \*

Сүйдім де, сүйіп жүрмін, сүйемін мен,  
Махаббат маусым шағы сүйе білген.  
Кел, бері, бір сүйейін,  
Тұла бойды  
Қыздырып, жылу өтсін сүйегімнен.

Көргенде ақ жүзінді түледім мен,  
Сүймесем, адасармын тірегімнен.  
Жакында, аялайын ләzzат алып,  
Сүйейін, ернім емес, жүргіммен.

Оянсан, уйқы көрмей, таң сәріден,  
Күн бата сүйген сәтті аңсадым мен,  
Сүйе бер, мен де сүйем сұып қалмай,  
Елтімін, балқып кетем жан-тәніммен,  
Мың сүйсем, есім кетіп, таңданып ем,  
Тағы да бір сүюді ұмытқандай.

01.04.2000

### **Сағыныштардан жарапдым**

Сағыныштың сырын айтсам коптеген,  
Сағынғаны құмартқаны деп сенем.  
Сағындырған ауыл қызы кездесіп,  
Сағым қордан ынтық жүрек төкті елең.

Топ ішінде өжеттігін асырып,  
Мені беттен сүйіп алса асырып,  
Бір басылды қайран жүрек лупілі,  
Сағынышты жүрген әрең жасырып.  
Қуаныштың құшағына қамалдым,  
Ажарынан таза шәрбет нәр алдым.  
Тап осындай мезетті аңсал, елді аңсал,  
Сарқылмайтын сағыныштардан жарапдым.

Қайда журсе ойлайтыным жол қамы,  
Сол мінезді сағындырған қолдады.  
Бір керуді аңсал, сусап көксейтін  
Қандай жақсы сағынарың болғаны.

17.09.2000



## Жетпістегі мектептестің жүрегі

Сағындым фой туып-өскен ауылды,  
Сылқым-сері Сырымбеттей тауымды.  
Көргім келді, ата, әже болса да,  
Тай-құлындаі тату өскен қауымды.

Бек қымбаттым, мектептестер сендерсін,  
Өздеріне қандай орта тең келсін.  
Жүргімде қалған ескі дертімді,  
Беу, қара көз, ебін тауып сәндерсін.

Фажап едің сүмдық сұлу, мектептес,  
Жұлдыз болдың көз алдынан еш кетпес.  
Көлде аққу, өрде киік сендерсін  
Керім, кербез жер бетінде жан жетпес.

Көз жазғандай туған елдің шетінен,  
Бір оралмай, тым алысқа кетіп ем.  
Қол алысып,  
Төс тақайық, жігіттер,  
Ал қыздардың мен сүйейін бетінен.

Еркін, Жазит талаптары ірі еді,  
Көп-көп оқу болды олардың тірегі.  
Нығметжан дардай боймен ұялып,  
Қызы-қырқыннан мұлдем аулақ жүреді.

Қайрөш, Шота, Еркеш, Нұртас қасымда,  
Еркін, Сәлім ерді біздің асырға.  
Әке-шешем қыз айттырып қойған сон,  
Қызықsam да, тәртіп бақтым жасымда.

Мен Зинаға, қарындас деп, тимедім,  
Мәруаға жүрек назын үймедім.  
Москвада бірге оқып өссек те,  
Айшаменен бір-ак рет биледім.



Ай жүзінде бота көздер жайнаған,  
Жамал қандай сандуғаштай сайраған.  
Талай жігіт  
Танды есінен мәңгүрт болп,  
Зығырданы қыж-қыж болып қайнаған.

Үздік еді асқан талант саналған,  
Салды-ау өннің ырғактысын сан алуан.  
Мен қазакта ешбір өнші көрмедім  
“Сырғактыны” артық салар Жамалдан.

Биши аспайтын Зейнікеш пен Сараштан,  
Мәрәш қана жас еліктей таласқан.  
Әгір болды ақылды қыз өдемі,  
Әр қылышы жас жүрекке жарасқан.

Оқу деген қонды намыс, міндеп болп,  
Сыр шегейін, құлшынсандар білмек болп.  
Барлық қыздан асып түсті Мәриям,  
Москваға Қызылжардан ізделеп кеп.

Беу, ағайын! Тойға бүгін жиылған,  
Солай біздің асау дәуір тыйылған.  
Көкшетаудың көп қыздарын өкінтіп,  
Жүгіргеннен озып шықты бүйірған.

Үзілмесін асыл достар легі,  
Қайда жүрсе, тілектері бір еді,  
Жүздерінен жүзім теріп ашылсын  
Жетпістегі мектептестің жүрегі.

02.05.2002



## Тыныштықтың сыңғыры

Таңертенгі Күн нұры,  
Сал табиғат тың жыры.  
Шық маржаны жарқ етсе,  
Ол – тыныштық сыңғыры.

Домбырамның күмбірі,  
Фашық жүрек шын сыры.  
Сенің ынтық сыбырың –  
Тыныштықтың сыңғыры.

Сұлулықтың тұн пірі,  
Ашылады тың гүлі.  
Ернің тиіп кеткені –  
Тыныштықтың сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,  
Бір сүйісіп тыңды үні.  
Тілдің тілге тигені –  
Тыныштықтың сыңғыры.

Махаббат табар мың бабын,  
Талай сыйыр тыңдадым.  
Айтуға тіл жетпейді  
Кей сыңғырдың ырғағын.

2003

## Өңінде ешкім көрмепті

Махаббат – лаулап жанған от,  
Жасқанбас дауыл соққанға.  
Жүректен өшер үміт жок,  
Сескенсөң не қорыққанда.

Дақ түссе нәзік арманға,  
Көңлің қайтіп оңалар.  
Үмітің өшсө жалғанда...  
Сенімнің ізі жоғалар.

Махаббат – көктө қиял құс,  
Қияға құлаш серметті.  
Ол – ғажайып қиял тұс,  
Өнінде ешкім көрмепті.

Ол жайлайтын жаз емес,  
Өткінші жалған құмарлық.  
Құпия, құштар наз-елес,  
Жөн берді жаным үғарлық.

Сағыныш жүгін ұдетті,  
Көрмесем де бездірмей.  
Түкпірінде жүректің  
Жатыр фой жанға сездірмей.

1991

Көңіл назы

### **Мағжан тойы Есілде**

Жұз он жасқа Мағжан аға келіпті,  
Еске алуға елі, жұрты ерікті.  
Зор ескерткіш, мұрагат тақта, кең көше,  
Жан толқытып, екі көзді телітті.

Қызылжарда қызыл оттар жайнады,  
Келді қазақ ақын сүйгіш қаймағы.  
Омбы, Қорған, түмендіктер сап түзеп,  
Келді түгел Есіл-Көкше аймағы.

Үйір-үйір туыстары Мағжанның,  
Ұмытылды қасірет-қайғы салған мұн.  
Мағжан аға ішінде жүр ақ тамшы  
Әр жанардан жарқыраған маржанның.

Сүйсіндірген жерлестерін, досын да,  
Бекен ата жас үрпағы осында.  
Райхан, Серік, Шайзада мен Ұлжан бар,  
Күлқаның жүр түскен талаі тосынға.



Райханның толғанысы бөлекше,  
Шын тебіренді атамекен желі өпсе.  
Мағжанға тартып туған екен деп,  
Орыс, қазақ таңдануы ерекше.

Алатаудың ақынығы самғады  
Иманасов әр сөзінің бар мәні.  
Нұрғожа мен Фалым топта құйғытса,  
Қызылжарлық Мұталлап та қалмады.

Сәкен-сері зор айттысты басқарып,  
Мүшәйраны алды қолға Асқаров.  
Ерік десе, еріп кетіп қыздар жүр,  
Тік қарауға жанарынан жасқанып.

Көкшетаудың аты озып келіпті,  
Баянғали ақындарды жеңіпті.  
Қазағым-ай, барын тойға арнаған,  
Жүлделерін көз тоярдай төгілтті.

Қызылжардың қызыл арай кешінде  
Дүбірі мол ғұмыр қонды Есілге.  
Әнін салған Еркеғали досымның  
Дәмеш сұлу үні қалды есімде.

29.06.2003

### **Астана тойы, шарықта**

Бек құтты болсын, қазағым,  
Астана тойы он жылдық.  
Мол қылдық шаттық ғажабын,  
Көңілді күйге толтырдық.

“Ақ ордам” бастап думанды,  
“Бәйтерек” түр ғой дем беріп,  
“Бас мешіт” те нұрланды,  
Толқыды Есіл тербеліп.

Аймақты өсем алтындал,  
Аспанда Күн де қолдапты.  
Айдында ақку саңқылдап,  
Күс өні тойды толғантты.

Астана деген ат қандай,  
Жеткендей тәнірім сыбыры,  
Мызғымас қоныс тапқандай,  
Тәуелсіздік берік тұғыры.

Лебі неткен ғаламат,  
Тасыған жылу қанына.  
Арудай ғашық аялап,  
Шақырған арман таңына.

Әнұран тәксе қызу үн,  
Елтанбам табар қалауын.  
Үдетер тойдың қызығын  
Көк жібек мөлдір жалауым.

Асқақта, тойла, шарықта,  
Дербес ел төрі – Астана!  
Аманат етіп халықта,  
Нұрсұлтан салған ақ қала.

2008

Көңіл наэни

### ТЫҒЫЛМАҚ

Құдай үзын етпесе де бойымды,  
Тен құрбыдан ерте оятты ойымды.  
Тал түбінде “тығылмақты “көп ойнап,  
Ат үстінен теруші едім мойылды.

Шын сұлулық ілкім сәтін еледім,  
Карақаттан мойыл артық деп едім.  
Енді бүгін еске түсіп сол көктем,  
Жас әжениң әрбір сөзін теремін.



Қыздар, қыздар! Тығылмақшыл еткізді,  
Ұялшақ ем, қол тигенде ет қызды.  
Былтыр ғана сонын бәрін бір құрбым  
Мәз-мәйрам боп бәйбішеме жеткізді.

Таба алмаса:

— Кәкімбек! — деп зарлады,  
“Тығылмак” қой айттар сөздің бар мәні.  
Қос секілді  
Күркे талды көп мақтап,  
Бір жақсысы, аржағына бармады.

14.08.2000

\* \* \*

Тұлкі заман, тік кетсем, сөкпе мұлде,  
Өтер бүтін тарихи өкпе кімге.  
Абылайын туған ел қайта тапты,  
Шек қойдық біз тарихты жек көргө.

Молайтса екен адалдық берекемді,  
Мағжанға мақтадық Кенекемді.  
Егемендік ел-жүртқа қанат байлап,  
Көмекейге оралды: “Бәрекелді!”

Ел ұмытпас көтерсек Абылайды,  
Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы.  
Бағы жаңып төрлетсе жаңа қазақ,  
Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды.

Тез жөндейді қираған көпірді кім,  
Қаулады ғой, кер заман, нөпір жүгін.  
Абылай де, Ағыбай, “Ә, Құдай!” де,  
Ту түбінде қазағым отыр бүгін.

Сынап едің, замана, сынап едің,  
Мал сонында майысқақ шыдады елім.  
Бізге қарай әдейілеп әкеле бер  
Олжа салғыш тарихтың Құлагерін.

1991

## Мақтаныш

Сұлуға құштар қадамды  
Бәйбішем қатты сыйлайды.  
Құмартқан жаным адамды  
Жаттыққа өсте қимайды.

Ауылдас қызға лайық жыр  
Жүрекке талай із салды.  
Шақыруға ол дайын жүр  
Бірге оқыған қыздарды.

Өтсе де көктем сөнімен,  
Үқасын оған ашық күз.  
Келеді бірге бәрімен  
Жасында маған ғашық қыз.

Құлпырып төрім толар ғой,  
Ән шалқып, жырым тасыр да.  
Бір тамаша болар той  
Егделік деген ғасырда.

Келсін-ау өңшең әжелер,  
Дей көрместей қызғанды.  
Мәриям сыйлап, мәпелер  
Сағынған мені қыздарды.

Кей күрбым болмай амалы,  
Көрінбей кетсе алысқа,  
Бәйбішем бәрін табады,  
Жүрсө де шалғай ғарышта.

Дайындық қызу үдайы,  
Дастархан көркін өлшетер.  
Ақынның ғана жұбайы  
Осындай қызық көрсетер.

Көңіл нағы

09.11.2000



## Ойланшы, құрбым, ойланшы

Жарқ етіп жузің табынсан,  
Орнағаны жұмақтың.  
Кездеспей, қатты сағынсан,  
Тозаққа үксар үзак тұн.

Жайқалғандай жалғыз тал,  
Тебіренші қалқа, толғаншы.  
Жарасын жазсын жан құштар,  
Ойланшы, құрбым, ойланшы.

Тұсіріп еске өткенді,  
Ләzzаттан өссін мерейің.  
Баяғы көрген кеңтемді,  
Алдыңа жайып берейін.

Тебіренте берсін бізді үміт,  
Қос жүрек емін табайық.  
Кетердей жаңың үздігіп,  
Тірліктен рахат алайық.

Еліктей үркек шошымға,  
Махаббат жолы киелі.  
“Кет өрі” деме досына,  
Ол сені көптен сүйеді.

26.12.2000

## Ғашық ән

Ғашық ән жан баураса, қуанамын,  
Теремін үннің үзім ұнаганын.  
Қарлығаш қанатындағы,  
Талмаурап талатындағы,  
Бал ләzzат алатындағы – ол сенің күмар әнің.

Әсем ән еркеленіп үйлескені,  
Көңілдің рахат, зәузат күй кешкені.  
Айтпауға шыдам жетпей,

Коймаса құштар етпей,  
Кинаса естен кетпей – ол тілек бірлескені.

Сұлу саз – құшағыңа үйген гүлім,  
Келеді әр күнінді түрлендіргім.  
Сырласса шыр айналып,  
Тебірентсе үнай қалып,  
Толқытса тіл байланып – ол мені сүйгендігін.

Естірсің аңсан құткен құстар үнін,  
Туады ынтық сезім құшқан күнін.  
Тәтті үйқың селдіресе,  
Жанарың мөлдіресе,  
Жан-тәнің елжіресе – ол маған  
құштарлығың.

Асыл өн төгіп өтсе ашық сырын,  
Жайнаса атқан таңдай тасып нұрын,  
Жат мінез білінбесе,  
Ақ жүзің күлімдесе,  
Жүргегін дірілдесе – ол мәңгі ғашықтығын.

13.02.2003

Көзіл наэы

### Жан анамның сыйлығы

Асылы адамзаттың Ана деген,  
Еске алсам, шақырады жаңа белен.  
Қанша жыл көрмесем де, бейнесінен  
От алып, жан жұлдызын жаға берем.

Конғандай бақыт құсы келіп көктен,  
Ақ сүті көкірекке жыр егіп кеткен.  
Сарқылмас көз жұмғанша шалқар шабыт  
Сыйлығы жан анамның беріп кеткен.

Туған жер қуат алсам назарынан,  
Жыр терсем қыр гүлінің ғажабынан,  
Ауылымның ой мен қыры көз тартады  
Анамның жаралғандай ажарынан.



Асыл сөз таңғажайып Ана деген,  
Құдіретін сактап қалды сана терең.  
Қуансам, ренжісем, есіме алып,  
Қасында мәңгі бірге қала берем.

1979

### **Есіме салшы**

Қайтадан жаным жылынды,  
Селк етті сезім бұрынғы.  
Есіме салшы... мен құштар  
Толқыған егіз бұрымды.

Арада хабар үзілді,  
Көп жылдар көші тізілді.  
Есіме салшы... талмаурап,  
Құмартқан балғын жүзінді.

Басардай көңіл салқынын,  
Өзің де бірге ал тыным.  
Есіме салшы... бота көз,  
Жұлдыздай тұңғыш жарқылын.

Алыстан ансан жыр ектім,  
Сағыныш сазын үдettім.  
Есіме салшы... Айлы тұн,  
Лұпілін ғашық жүректің.

Кездесу туса кезекті,  
Үзді ғой ләzzат өзекті.  
Есіме салшы.. алғашқы  
Бетінен сүйген мезетті.

08.02.2001

\* \* \*

Оятты тәтті үйқыдан таңғы жырым,  
Журегім сағынышқа қанды бұгін.  
Кетпейді көз алдынан қос жанарын,  
Кім білген ынтық сезім мәңгілігін.

Татқандай бал кәусарын құштарлықтын,  
Лебінді шөліркеген құстай жұттым.  
Жолыма құт қондырған сандуғашты  
Қолыма Құдай берген құттай құттім.

Аз уақыт өтті-кетті желдендіріп,  
Жүрекке құйын салды енген бұлік.  
Үмітім үзілмейді бір көруге,  
Есен-сау жүргенінді елден біліп.

Жарқ еткен көк тұманда жарықтайсын,  
Алыстан жаңа әнімді дәл үққайсын.  
Білмеймін кай қияда жүргенінді,  
Жабықсам, жан баурайтын шабыттайсын.

Табысқан ғайып қиял лағыл тасым,  
Көркінмен тау гүліндей табынтастын.  
Кетсеңші бір кездесіп, әнге бөлеп,  
Досынды енді қанша сағынтастын.

08.04.2003

Көңіл наэы

### **Ғашықтың тілі**

Ғашықтың тілі – шорқақ тіл,  
Дәл баспас үркек, қорқақ тіл.  
Қос жүрек ынтық лупілін  
Қайтсең де, тағдыр, ортақ қыл.

Ғашықтың тілі – жабық тіл,  
Ым-жымға үнсіз қанық тіл.  
Махабbat пірі бар болсан,  
Тілегін құштар анық қыл.

Фашықтың тілі – жақұт тіл,  
 Ақ алмас, маржан, ақық тіл.  
 Қайтсөң де, төнірім, бір сөзге  
 Жетердей тілін асықтыр.

Фашықтың тілі – азап тіл,  
 Фашықтың тілі – ғажап тіл.

25.05.2002

### Құпия

Көкірегімде түрлі арман гүлдейді,  
 Құпия көп, сенбей, сырттан күл мейлі.  
 Күннен де артық Құннің көзі барлығын  
 Басы жұмыр барша пенде білмейді.

Елеңдесем үй артында үй бардай,  
 Құштар құрбым көптен бері жүр шалғай.  
 Күннен де ыстық Құнді іздеген секілді,  
 Көкейімнен жүр гой көркі бір қалмай.

Оң жағымда Айға үмтүлсам жолдағы,  
 Қандай қызық үміт жалғап толғаны.  
 Диңдарынды көрмесем де талаі жыл,  
 Жер бетінде есен жүрсөң болғаны.

12.07.2000

### Лифтідегі сұлу

(Әзіл)

“Россия” қонақ үйі.  
 Тар лифт,  
 Этаждарға тасып жатыр бар биік.  
 Бір келіншек сәл сүйеніп түр үнсіз,  
 Бозбалалар кететіндей жан қызып.

Қара көйлек  
Қара тордан тігілген.  
Солай қарай ұры көздер үнілген.  
Толқын дене тор ішінде ойнайды,  
Ақ тұлқідей тал түбінде жүгірген.

Былқыл-сылқыл  
Құлын дене тулайды,  
Көз тұрмайды,  
Жүрек басын улады.  
Құралай көздер төңкеріліп кеткенде,  
Жұмыр жер де лифтіні ала зулайды.

Мөлдір, нәзік  
Ақ сәулемедей ажары,  
Қымсынады жас баладай жазалы.  
Марал дерсің жардан қарғып өте алмай,  
Көріп тұрган дәлдеп келген қазаны.


Сәл бұрылып,  
Кетер жер жоқ кейінге,  
Мен ажалың қуып жеткен дейін бе,  
Қыр қазағын ол да қимай түр ма екен,  
Арман етіп көңлі қайран сейілде.

Тор ішінде  
Толқып тұрган қай мүшен?  
О, ғаламат! Сені өзіме сай пішем.  
Сөйтіп елтіп тұрганымда:  
— Ал шықтық!  
Шабаданыңды ал! — деп бүйірды  
бәйбішем.

1969

Көңіл наэы

## Төртінші бөлім ЕСКІ ДӘПТЕРДЕН



\* \* \*

Қызық екен қияда өткен жалын күн,  
Қанаты көп алып үшқан жанымның.  
Саған қарай үшқан құсқа қызығып,  
О, туған жер! Мен өзінді сағындым.

Болса дағы бүгін менде көп күтім,  
Ойламаңдар жүрептімді деп бүтін.  
Бір зиратта жатыр менің қос анам,  
Екеуі де кешірсе екен ақ сүтін.

Сағыныштың неден десем азабы,  
Кімнен таптым десем асыл “жазаны”,  
Кекшетаудың аспанында туылты  
Мен білетін таңғы Шолпан ғажабы.

Елді ойлап баяғы жас балаша,  
Көз алдымда елестейді тамаша.  
Ынтық көзге Ұлытау мен, Кекшеден,  
Гимлай да көрінеді аласа.

1979

\* \* \*

Ақын жүрек сағыншақ,  
Маза бермес,  
Мехнаты да рахат, азап емес.  
Ауылды аңсау сәттері оралғанда,  
Үйқы түгіл, дәл келген қаза жеңбес.

Кейде алдынан қызыл жел,  
Сағым кернеп,  
Жезкиігім жарқ еткен ағын келмек.  
Осындаға тегілген  
Сәтті өлеңім,  
Тірлігіме тұрақты мазмұн бермек.

\* \* \*

Жел тасиды далаға ауа райын,  
Желпінейін өзім дс самалдайын.  
Жадырасын, жаным бір жарылқансын,  
Жусан сіңген жұпары маған дайын.

Қарсы желден қайтер ем күдіктенсем,  
Қадалса да жан алмас үмітке ерсем.  
Қыран мінез бітеді,  
Қырқа бойлап,  
Қыр желіне құлшынып жүріп кетсем.

Содан болар, даға шыққым келіп,  
Сұнқарланар көнілде үшқын желік.  
Сағынышқа оралған түсімде де,  
Сарыарқаға кететін күттім көлік.

1979

\* \* \*

Қарсы толқын жимаса да айылын,  
Қалт етпейді оған өлең-қайығым.  
Құшағымда елге берер жыр гүлі,  
Одан басқа жоқ қой ешбір айыбым.

Қатерлі бұлт жоқ, әйтеуір, көгімде,  
Сырым ашық түсімде де өнімде.  
Ескегімді есіп-есіп алайын  
Бойда қуат, құш-жігердің көбінде.

Ынталанып етсем қарқын құштарлық,  
Емес бойда соқыр сезім құш барлық,

 Көңіл нағы

Тірі сезім, ыстық сезім жүректе,  
Ол, тұған ел,  
Бір өзіңе құштарлық.

1979

\* \* \*

Тыңды өлкеде ескі жолдар жок бүгін,  
Асфальт жатыр мензеп өмір шоқтығын.  
Әр ауылдың арасында  
Мың жолмен  
Өгіз аяң шөп тасыған өтті күн.

Қарап тұрмын ауылға егін жағынан,  
Куанышта жарылайын ағынан.  
Тербестілген көп егінге сүйсінсем,  
Бала күнгі жолдарды мен сағынам.

Ыстық сезім, жақсы елестен мені үзбе,  
Қызықтарым қаратады мені ізге.  
Жолдар жатыр көкірегіме көрініп,  
Кеме ізіндей жасырынып теңізде.

1979

## Үміт

Ақ жүзің гүлден жаралған,  
Ақ үрпек балғын мамыр шақ.  
Жанарың өртеп жан алған,  
Көрмесsem, етті сағыншақ.

Құштарлық лебі жеткендей,  
Балқытты ернің тигені.  
Гүл сипап беттеп өткендей,  
Қыз-сезім оты биледі.

Аз күнде өшіп хабарың,  
Сағынты ыстық жанарың,  
Өкініш желі азынап.

Болсаң да бүгін өзгелік,  
Құантышы мені кез келіп,  
Ашылсын көңіл азырақ.

### **Бір сүйейін**

Сен жокта неге женіл күрсінейін,  
Мен жокта менде ғана жұрсін ойын.  
Тағы да зарығарсың, сағынарсың,  
Келсөңші, келші, келші, бір сүйейін.

Сен жокта жүрмей қалған сағаттардай,  
Өн қалды көкірегімде қанаттанбай.  
Мен жокта шырт үйқыдан шошынарсың,  
Мезгілсіз тұн ішінде таң атқандай.

Қайтейін сені ізден талаптанбай,  
Өтермін сары белден сарапталмай.  
Мен жокта тойда жүрсөң сағынарсың,  
Дубірім бар думанды таратқандай.

Лұпілін жүргімнің санатқандай,  
Созылып ән жетеді тарақталмай.  
Сол кезде айдын көлде акқу көрсем,  
Қайтейін сен еken деп қарап қалмай.

Ендеше, неге женіл күрсінейін,  
Мен жокта менде ғана жұрсін ойын.  
Тағы да зарығармын, сағынармын,  
Келсөңші, келші, келші, бір сүйейін.

1979

Көңіл наэы



### **Tосу**

Бәрі кетті. Қасымда өзің ғана,  
Елестейді қосылған кезің жаңа.  
Үл әскерде. Қыз кеше отау құрды,  
Тез өзгерді аз күнде сезім, сана.



Жаратқаны-ай қыздарды біреу үшін,  
Күйіп-жанып кей-кейде жүреді ішім.  
Қызыым бүгін пенде бол  
Басқа үйде жүр,  
Менің сенген тірлікте тіренішім.

Болмас оған ешқандай ренішім,  
Сол күнді де ақ ниет тіледі ішім.  
Тез үйленші, ұлым-ау, қуанайын,  
Бір жақсылық боларын біледі ішім.

Кейде үйде сабырсыз қадамдаймын,  
Терезеге телміріп алаңдаймын.  
Қазір бәрі вагоннан шығады деп,  
Поезд күткен вокзалда адамдаймын.

1979

### **Тұған ел**

Араладым талай жер шартарабын  
Орындарым ортаймас жан талабын.  
Өздеріңе ешбір жер жетпейді екен,  
Баянауыл, Көкшетау, Қарқаралым.

Балқан барып байлығын байқағаным,  
Сұлулығы таңдантса сай-саланың.  
Жетпей тұрган бір жерін іздегенде,  
Аттарыңды сан рет қайталадым.

Сексен көлдер елестеп кезектеген,  
Аққулары алдыннан тез өтпеген.  
Тентек жүрек қызық-ау,  
Жас баладай  
тез кетейік елге деп безектеген.

1979

## Ақын қарындасқа

Әкім деп безбей сен менен,  
Ақын деп ізде қашанда.  
Жанымды жырың емдеген,  
Сырымды көпке ашам ба.

Отырмын жылы сөз танып,  
Жарқ етсең өнер көшінде.  
Жоқ менің жіті көз салып  
Не барын байқау төсінде.

Жатырқама, кел бері,  
Жанымға жақын өлеңін.  
Шынымды айтсам, мен сені  
Періште қыздай көремін.

1979

\* \* \*

Уақыт заулап бара жатыр білінбей  
Етікшінің үйреншікті күніндей.  
Олай емес,  
Ол бұлбұлдың бұлғағы,  
Бір нотасы қайталанбас үніндей.

Ақын досым! Әуре болма, түнілме,  
Қатар күнді салыстырып үнілме.  
Ескі жырдың тіршілігін өзің біл,  
Кешегі күн үксамайды бүгінге.

Десем, шіркін, кейде өзім өзіме,  
Көз саламын бұла асаудай кезіме.  
Бір күнімнен бір күн болды ауырлау,  
Дарқан дала түсе беріп көзіме.

1979

Кәкімбек Салықов

\* \* \*

Құлагер болар құлынды  
Тұлымынан танимын.  
Мұрагер болар ұлымды  
Қылышынан танимын.

Қыз күлкісін көзінің  
Миығынан танимын.  
Бар өнерін өзінің  
Бұрымынан танимын.

1979

\* \* \*

Бітер істің көп ойласам бекемін,  
Білем ажал қатал мерзім екенін.  
Женілдім деп айтпау үшін соңыра,  
Женғен күнді көптеу жырлап өтемін.

Содан болар, өр мінезді шалқу бар,  
Тамсантады кей тамаша тәтті улар.  
Ауыл жақтан үзап кетсем, ойлаймын  
Сағынды-ау деп мені іздеген ақкулар.

Заулап өтсе ол да қайрап көз күйік,  
Шабыт келер жамыратып сөзді үйіп.  
Беу, жаңдар,  
Қыс келгенде шошимын,  
Жаурай ма деп жалғыз жүрген жезкийк.

Дала, көркің баға жетпес мен үшін,  
Киіктер де, аққулар да жемісің.  
Қыраның боп бәрін қорғап жүргенде,  
Бір қуансаң, сол деп білем женісім.

1979

\* \* \*

Жақсы ғұмыр тілеп жүріп пендеге,  
Жүйрік көп деп жасқанайын мен негс.  
Кия белде қатарласу, озу бар,  
Мен де ертең бұрын келем көмбеге.

Қызы орак дүбіріндегі,  
Көп егін,  
Мен де өлең-дән ақ маржанын теремін.  
Көп кешіксем, тұлсулестер, ғафу ет,  
Болып тұр ма бүгін менің дегенім.

1979

\* \* \*

Женғендер женғен сайын желігеді,  
Женғілген өзін өзі кеміреді.  
Тек қана соның бәрін түсінбеген  
Тасада біреу босқа семіреді.

Біреу жүр алдындағы төлін ойлап,  
Біреу жүр ауылындағы көлін ойлап.  
Женсе де, женілсе де шайлықпайды,  
Біреулер бүкіл туған елін ойлап.

Жаһанға таппас деме бір иені,  
Ауқымға сыймас дерпті кім үйеді.  
Тек қана дауылпаздар, данышпандар  
Ойлайды бүкіл тұтас дүниені.

1979

### Туған елге

Келеді  
Жан баураған ғашық өлең,  
Сенеді,  
Жүргегімді ашып өлең.  
Туған ел, ақ бұлағың болып тусам,  
Шапқылап жарысамын ғасырменен.

Сөнбейтін  
Жанартаудай жалын ішім,  
Өнбейтін  
Талабым жоқ арым үшін.  
Тағдырмен арпалысып келемін ғой,  
Арналды келешекке сағынышым.

Аңсадым  
Атар таңың тез келгенін,  
Адамның  
Адал дедім кез келгенін.  
Ұл-қызым көбейтер деп үмітім зор,  
Аз болса тұған елге өз бергенім.

1979

\* \* \*

Жағымпаз жаман тентектен,  
Ол сүмдышқа ереді.  
Тентектер туар еркектен,  
Ол сенсе, мәңгі сенеді.

### Ауылдағы бұлақта

Маңайында мәз болып, ақ бұлағым,  
Ағаш атқа салт мініп, шапқыладым.  
Сезуші ем сылдыр қағып күлгенінді,  
Тірлікте содан болды сақ құлағым.

Ауылым сені болды ғой күтімдегіш,  
Сарқылмаушы ең сабадай күпілдегіш.  
Жер жүргегі сияқты бүлкілдеуші ең,  
Содан болды-ау, жүргеміл лүпілдегіш.

Қай сырынды тәмәмдап жазар едім,  
Ел жиналған ертс-кеш базар едің.  
Тап-таза едің, көпшіл ең, содан болар,  
Дос іздегіш ниетім таза менің.

Тәлімің көп, ақ бұлақ, ұлға берген,  
Қыздармен де таныстым суға келген.

1979

\* \* \*

Сәтті жыр туса, гүлдедім,  
Қос-қостан шырақ жеккендей.  
Шекара-жігін білмедім,  
Мұқым да нұр боп кеткендей.  
Уақыт-ай, неткен зілді едің  
Шойыннаң сокқан кетпендей.  
Жыр жазбаған күндерім  
Жоғалып мәңгі кеткендей.  
Өкінбеске соны ойлап,  
Өзімді молдау жекпекпін.  
Өргелен жана жол бойлап,  
Откенді ала кетпекпін.

1979

Көңіл наэы

### Отелло

Күн сияқты жүрегім,  
Дос-жаранға нұрым мол.  
Адалдық жалғыз тілегім,  
Жасырмай айттар сырым сол.

От қызыу мол екен,  
Жеткізбес сөзін мақалдап.  
Отелло деген сол екен –  
Жүргі толы махабbat.

Күдікке өзін жендірген,  
Демес ем кіршік тергіштік.  
Барша Жан адап деп жүрген  
Отелло деген сенгіштік.

1979

\* \* \*

Адамдық бұзар шырайын,  
“Керендік түпсіз” деген бар.  
Сондайдан сақта, Құдайым,  
Сен болдың деме неден зар.

Сүрінген тұлпар шайлығып,  
Молайтар көз қияғын.  
Құламас бірақ қаймығып,  
Бііктеу салар түяғын.

Қай Меккеге барсам да,  
Құлымын өскен үяның.  
Көбірек жүріп қалсам да,  
Тезірек жету қиялым.

1979

### Өмірім менің, көңілім менің

Менде ме, менде, досым,  
Күрдастар көп.  
Ақынжанды,  
Ақниет сырластар көп.  
Солар күтіп жүргендей сезінемін  
Қашан тағы кезекті жыр бастар деп.

Кімім көп бұл өмірде,  
Қанаттас достарым көп,  
Үшар сәтін тұратын қоштағым кеп.  
Достарым көп,  
Қасым аз болғаннан ба,  
Есік қақпай кіретін қостарым көп.

Сыйлап жүрер өзімді,  
Әрине, інілер көп,  
Дәріс сұрап, алдыма жүгінер кеп.  
Бастан өткен ғадет қой,  
Олар дағы  
Бізді сырттан айтады-ау “ірілер” деп.

“Ірілік” жоқ  
Менде өсте, кішілік көп.  
Қиналма, інім,  
Сыр бұкпе қысылып тек.

Біздің үйдің есігі күнде ашық,  
Дидарласып, көр дағы, түсініп кет.

Еркелейтін алдында  
Ағалар көп.  
Тың өріс, ой орманын аралар кеп.  
Ағалар-ай!  
Арыстар! Барың жақсы,  
Өмір нарқын сендерсіз шамалар ма ек.  
Аға, іні,  
Достарды көпсінбеймін.  
Тек жақсылық жанымнан  
Өрсін деймін.

1979

### Ортақ ана

Сенің анаң періштесі қосымның,  
Бұл дәстүрге мен де үнсіз қосылдым.  
Қайны енесін анасындаі сыйлайтын,  
Қазағым-ай, қанға сінді осы үлгін.

Талай ерсі күлкі сөзге сиятын,  
Қайны енесін артық сөзге қиятын  
Орыстарға  
Жыным келіп, осқырам,  
Ана алдында сақтамаған үятын.

Жамал атты жан жарымның анасы,  
Балалардың болды ең жақсы панаы.  
Ерте кеткен өз анамды сағынған  
Тез жазылды журегімнің жарасы.

Кенші күнде ақталғандай мұратым,  
Қайран ана таң сәріден тұратын.  
“Құймақты қүй, ол шахтыға барады”, –  
Деп, өз қызын ас үй жаққа қуатын.

Әшірбек інім әлі есінде сақтайды,  
Женешесін тамаша деп мактайды.



Таңғы алтыдан тамақ жасау әдетін  
Келіндерге үлгі етіп қақсайды.

Сол қылықпен беріктенді арамыз,  
Осы күнде бәрін де еске аламыз.  
Есен қалсам тұра он жыл кен қазып,  
Ақ тілекпен сақтады ортақ анамыз.

1979

\* \* \*

Қырықтың да көпсініп ек келуін,  
Қарасаңшы, уақыттың тез желуін.  
Оңай ма екен, қын ба екен,  
Білмеймін,  
Терезеден сығалайды өлуім.

Түсіп жатқан жапырақ па әр жылым,  
Ағып жатқан ақ бұлақ па әр күнім?  
Жүректі де  
Тыңдай жүріп тірлікте,  
Ойлы сөздің іздей бірім дәлдігін.

Содан болар келешекке сенуім,  
Содан болар жыл жылжыса кенуім.  
Екі көктем өтті десек, көп пе екен,  
Екі ғана жиырма бес қой өлуін.

1979

\* \* \*

Жабайы өстім жасымнан қарапайым,  
Көпсінбедім біреудің ала тайын.  
Аққан балы дүниенің көрінеді  
Қабақ шытпай бірге ішкен қара шәйін.

Қызы күнінде қасынца келгіштікпен,  
Үркек едің, үйрендің ергіштікке.  
Сол ғажайып сыйлаймын мінезінді  
Жаралғандай мөп-мөлдір сенгіштікten.

1979

\* \* \*

Уақыт жылдам жылжиды құбылып та,  
Берері көп  
Бергеннен, сырын үқса.  
Жол болжаған екі көз  
Жазатайым,  
Кетеді ғой қапылыс жұмылып та.

Тұзак түр ғой бір жерде құрылып та,  
Ол кездессе, өтпессің бұрылып та.  
Соны біліп,  
Бітпеген ісімді ойлан,  
Көп жатпаймын бейсаут тынығып та.

Пессимист деп айтпаши оптимисті,  
Арман етіп көрмедім көп тынысты.  
Біреу әкеп бередей бәлсінбеймін,  
Таңнан қарсы аламын көп жұмысты.

1979

\* \* \*

Қыздар жайлыш көп жазсам, кейіп пе едін,  
Қызығанды ғой кейде көп серіктерін.  
Өлеңдегі сұлулар менікі емес,  
Бір өзінен басқасы кейіпкерім.

1979

\* \* \*

Өз беделін көтерген  
Ауылдаспен таласар,  
Ел бедерін көтерген  
Қауымдаспен таласар.

Жырға келсек сиынып,  
Талай ойға бөлендім:  
Толтырайық жиылып  
Олқы жерін өлеңнің.

1979



\* \* \*

Мен сүйген жұқа сары қыз,  
Төрімде төре болды ана.  
Анадан алдық бәріміз  
Өмірге берік жолдама.

Қайталап айтам салмақтап,  
Бір сөзін ойдан сырмандар,  
Отіндер оны ардақтап,  
Мен сүйген жаннан туғандар.

1979

\* \* \*

Қоштасарсың даламен,  
Үй болып шыққан баламен.  
Қоштасу бірақ болмайды  
Өлсе де бірге анамен.

Қоштасарсың жарыңмен,  
Қоштасарсың барыңмен,  
Қоштасу деген анаңмен —  
От кешу жанған жалынмен.

Ұласып кетсе түнге күн,  
Қосылса ауыр үнге үн,  
Кез жұмса да тым ерте,  
Мен анаммен біргемін.

1979

### Үш сөз

Қасында жүріп талай жыл,  
Айта алмай, жігер жасыттым.  
Алтыннан ауыр талай сыр  
Көнілде үнсіз тасыттың.

Сезімге себеп дем бердің,  
Айтуға бүгін асықтым.

Сөтті күнде менгердін,  
Сырымды жабық ашыпсын.

Төтелеу жолдар көбейді,  
Тақады шебі қашыктың.  
Айта алмай жүрген көп ойды  
Үш сөзге орап асықтым:  
Мен өзіңе ғашықпын!

\* \* \*

Күрсіну кейде көптелсе,  
Сырымды кімдер үғады.  
Сагыныш жүгі кептелсе,  
Өлеңмен балқып шығады.

Жақсыға жылы, көпшіл ем,  
Созғандай қолын арманым.  
Тірліктің сәті деп білем  
Қосылып әнге салғаның.

Келсенші жақын, қысылмай,  
Желпінген талдай бұралып.  
Жан-тәнім сезім құсындаі  
Әніңе қалсын қуанып.

Жүрекке жетті ерке наз  
Күйдіреп бізді бал тандай.  
Болайын бір күн мен де мәз,  
Ән салшы, қалқа, бұлданбай.

1979

\* \* \*

Жасымнан әлдиледі жыр құндағы,  
Достарым әнші, күйші, дүлдүл бәрі.  
Кейде біз бас қосқанда,  
Болады екен  
Отауым ән ордасы, бұлбұл бағы.



Дауысың тым ерекше көп үнді ме,  
Караши,  
Көзге дыбыс көрінді ме?  
Әйтеуір, сен ән салсан, ұмытамын  
Күн, мерзім айтып келмес өлімді де.

1979

\* \* \*

Әр сөзім жүрек жалауы,  
Дерт пе еді мейлі, серт пе еді.  
Біз бір жалын алауы  
Махабbat деген өрттегі.

Таң атты. Сен де ояндың  
Қабарсыз қалын үйқыдан.  
Таранып шапшаң бояндың,  
Ұялып дел-сал сиқыннан.

Мен жатырмын батырып,  
Болмашы оған сен алаң.  
Қайтейін соңда абыржып,  
Есебім түгел, ел аман.

Селк ете қалсан, келеміз,  
Тебіреніп қана мені ізде.  
Біз – теңселген кемеміз  
Махабbat деген теңізде.

1979

### Тотылар

Назды өлең елге ұнаса бар еккенім,  
Аз емес алда талай дәме еткенім.  
Күйініш, сүйінішті қағазға айтып,  
Музаны мұсіркетті ғадеттерім.

Тұлпар да өз жеріне отығады,  
Әркімнің өзіне ыстық топырағы.

Мені ойлап кезек-мезек әндеткендей  
Ауылымның елестейді тотылары.

Ақсары көрші қызы сымбатты әні,  
Сағынып, сана бұзып, қымбаттады.  
Әйтеуір, ойға медеу,  
Жанға дәрмен,  
Аңсатып ән оралтып жырлатқаны.

Тыңдаймын ақ тотыны айыз қана,  
Сол деймін құс бол туған нағыз дана.  
Беу, достым! Сол сарында жырлап келем,  
Қосқаным сағынышты аңыз ғана.

\* \* \*

Ләzzәтқа зәузәт бастаған  
Сенбісің қиял періште.  
Тап өзіңсен аспаған  
Хор қызы да пейіште.

Жаным-ау, қайдан білейін,  
Жаңылыс кетсем, теріс де.  
Періштем деп жүрейін,  
Ұрса бер, бірақ кейіспе.

1979

### **Эйнштейннің жауабы**

Шен өсіру талабы,  
Бәріне тиер сауабы.  
Бар екен ғажап формула,  
Эйнштейн жауабы:

— Тер төксен ауыр еңбекке,  
Биікке шықсан өрлеп те,  
Жаба біл жалғыз аузынды,  
Шыққанда атың жер-көкке.

# МАЗМУНЫ

## Бірінші бөлім. Өмір — дария ағысы

Тілейтінім .....	3
Мағжанның бір өлеңі .....	4
Бұлбұлдардың бұлбұлы .....	5
Көңіл құзі .....	6
“Астана деген бір сөзде...” .....	7
Кім бізде көміл мұсылман .....	8
Көңіл назы .....	9
“Қайғы шектім ортаймас тым ертерек...” .....	10
А.П. Кернге (A.C. Пушкиннен) .....	11
Даналар сүйген есімдер .....	12
Желді сүйем .....	13
Жұлдызың жансын, Астана .....	—
“Тас та тозар әдемі мүсінделген...” .....	14
“Немерем, қол жалғашы домбырама...” .....	—
Қайдасың, кең даланың ғаламаты .....	16
Аттила .....	18
О, данышпан, кеше ғер .....	19
“Өлең болып өрілсе есімдегім...” .....	20
Есілдің ерке Ақтасы .....	21
Өмір сыры .....	22
Бәйтерек — Астананың бойтумары .....	—
Парыз назы .....	23
Абылай ханың Ақ үйі .....	25
Ойлайтынным бұл күнде .....	26
Өзім жайлы .....	27
Тимеші .....	28
“Менде де жігер аз ба...” .....	29
Кеншілік пен ақындық .....	—
Егемен ел сол дер ем оянғаны .....	30
Пушкин айтқан қағида .....	31
Кіші қызы Қаныштың .....	32
Кербез Көкше келбеті .....	33
Салшы Ақан әніне .....	34
Алатаяға .....	—
Күзгі шуақ .....	35
Өтті ғасыр .....	36
Қызылжарым — құмарым .....	37
Сөкпей өтем досымды .....	38
Жалындай көкке атылды .....	39
Досқа сыр .....	41
Ақын (М.Ю. Лермонтовтан) .....	42
Дұрыс болды .....	43
Үстазымның ұлына .....	—

Көшедегі көрініс .....	44
Ақ тоты .....	45
Кім ертен өлең тыңдайды .....	46
Ардақтың абыз ақсақал .....	47
Сәтімен келді сәүірім .....	48
“Қап-қара құзгі түндей...” .....	—
“Жадымнан шықпас ешқашан...” .....	49
“Тау ішінде тауды жырлап өтемін...” .....	—
Бұлақтың қөзін ашқанда .....	50
“Жөндеп те айтпай өкпесін...” .....	—
“Екі жақсы дос болса...” .....	51
Құтты болсын “Алтын той” .....	—
Жүректің қос мекені .....	52
“Аққудай жел сындырган қауырсынын...” .....	53
“Көптен-көп білмегенім елде менің...” .....	54
Тенізге (A.C. Пушкиннен) .....	—
“Шен-шекіпен мезі қылар ақымақты...” .....	56
“Жігіттің молдау болса ар-намысы...” .....	—
Индира Ганди .....	57
Келемін ән мен жырдың қанатында .....	58
“Не жазса да ұлы Абай...” .....	—
Асыл аға, бақыл бол .....	59
Бір жұтым судың бағасы .....	60
Немереме асыл сыр .....	61
Құштарлық .....	62
Евней аға ескерткіші алдында .....	63
Інілерге алғысым .....	64
“Жүректің құштар кезінде...” .....	—
Қазақтың партизандар көсеміне .....	65
“Беу, жүргегім, қызыбалықты қой деп ем...” .....	66
Көгілдір туы елімнің .....	67
Қимастық .....	68
Қадір тұн .....	69
Заман дерті .....	70
Дастанханы қазақтың .....	—
Тіршілікті сақтап тұр .....	72
Естелік .....	—
Ахмет аға. Даналық пен айласы .....	73
Білмейді-ау деп қорқамын .....	—
Жезқазғанды “Жезқиік” слі дейді .....	74
Үш сонет .....	75
Тілінді қорға, қазағым .....	77
Хақиқат .....	80
Сарытомарда өткен той .....	81
Қол тимейді жұмыстан .....	82

Ибраһим мен Мирага .....	83
Жеткізейік Арапға Сібір суын .....	84
Сәбит ара .....	85
Үлттық мұра .....	87
Үлттық қорған .....	88
Сәуірдегі Көкшетау .....	—
Әкім болу .....	89
Бәрін көрдің .....	90
Терезеден көрініс .....	92
Күй тартамын .....	93
Көңіл ашар .....	94
Жеке батыр .....	95
Бір қазақты бөлмейікші екіге .....	96
“Адал жарың — бірге соққан жүрегің...” .....	97
Бір көргенде Қанышты .....	—
“Жақсы көлдің жағасы...” .....	99
Кенші сыры .....	—
Ебінейдің інісі .....	100
Домбыра сыры .....	101
“Қазақтай Абайды ешкім түсінбейді...” .....	102
Ән керек .....	103
Құтты болсын тоқсан жас .....	104
“Қарашы, сай-сала оянды...” .....	105
Ұлытауда ел бірлігі айғағы .....	106
“Қызығашшактық...” .....	107
“Шалғы көрмей...” .....	—
Оятып таңғы үйқыдан сезім селі .....	108
Бұлбұлға .....	109
“Қай заманда жақсы және жаман бар...” .....	—
Аққү келді .....	110
Байшілікте .....	—
“Қай қияға қанат қақпас ақындық...” .....	112
Қайратқа .....	113
Ауылдағы ақсақалға жауабым .....	114
Түсімде .....	115
Асықпайын .....	116
Екі ауылдың ұлымын .....	118
Арал мен Әмуді көргенде .....	119
Қараторғайым .....	120
Кегілдір ту желпінсін .....	121
Қарақұловтан қалған сөз .....	122
Арал назы .....	—
Романс .....	123
“Игерсем сөздің төресін...” .....	—

Анашым .....	124
Астананың ажары .....	125
Наполеоны мүсіннің .....	126
Жыр қаулайды .....	127
Сұрайтыным .....	—
Көкшедегі көрініс .....	128
Ақыл, ой, сезім перзенті .....	129
“Кен қеулеттім із тастап өткен күнге...” .....	130
Жан қалауы .....	—
Ауылға орал, жігіттер .....	131
Сағыныш селі .....	132
Мың-мың алғыс үйемін .....	133
“Дос болсан бұрын маган жол ашпаған...” .....	134
Исатай-Махамбет .....	135
“Кейбіреу төрге шықса ел ішінен...” .....	—
Қорқамын бүгін .....	—

### Екінші бөлім. Рудакидің елінде

Гүл койдым .....	137
Ақындықтың патшасы .....	138
Рудакиге еліктеу .....	139
Рудакимен таныстырған досыма .....	—
Байлық пен кедейлік .....	140
Рұхы биік Рудаки .....	141
Азап көрген аруға .....	142
Рудакиден алған сабактар .....	—
“Ескенде тау ішінің ызғар лебі...” .....	143
“Бақытты еді...” .....	144
Женгендеге ақыл-парасат .....	—
“Сурет кой тұрған алдында...” .....	145
Сені айтам .....	146
“Көңілдің асыл тірегі...” .....	—
“Памирғе алыс шақырган...” .....	147
Төрт жолдар .....	148
Жан тілегі .....	—
“Сәтті арадай бал терген қанша гүлден...” .....	150
Шетен көрдім .....	151
“Айнала таулар қаулады...” .....	152
Мақта терген нәзік қызы .....	—
“Вахш ағып барады буырқанып...” .....	153
“Аққұба қызы, мен сені...” .....	—
Ақ тамақ .....	—

## Үшінші бөлім. Махаббат оты сөнбейді

“Көкейімде жүреді Абай әуені...” .....	155
Жақсы едің .....	—
Ұмытуға дәрмен жоқ .....	156
“Оқінтпейді кәріліктің жеткені . . .” .....	—
“Осынау дүниес жаралған...” .....	157
Барыңа сенің қуанам .....	—
Тұсімде көрдім мен сені .....	158
Шыдай берші .....	159
“Көктемге алыс шақырған...” .....	—
Әтірге .....	160
Жазғы сонет .....	161
“Көк дөненен жүйрік қой көңіл деген ...” .....	—
Саған деген сағыныш .....	162
“Сулу көрсе, ақын қалмас үндемей...” .....	163
Көрмей жүріп сүйгендер .....	—
Жазғы романс .....	164
Ауыл романсы .....	165
“Атқан таң — тұнғыш құштарлық...” .....	—
Дамылда, жаным, дамылда .....	166
Әлділеп қана өтейік .....	167
Ақ жаңбыр жауғанда .....	168
“Сүйдім де, сүйіп жүрмін, сүйемін мен...” .....	—
Сағыныштардан жаралдым .....	169
Жетпістегі мектептестің жүрегі .....	170
Тыныштық сынғыры .....	172
Өнінде ешкім көрмепті .....	—
Мағжан тойы Есілде .....	173
Астана тойы, шарықта .....	174
Тығылмақ .....	175
“Тұлқі заман, тік кетсем, сөкпе мүлде...” .....	176
Мақтаныш .....	177
Ойланшы, құрбым, ойланшы .....	178
Фашық ән .....	—
Жан анамның сыйлығы .....	179
Есіме салшы .....	180
“Оятты таңғы үйқыдан тәтті жырым...” .....	181
Фашықтың тілі .....	—
Құпия .....	182
Лифтідегі сулу .....	—

## Төртінші бөлім. Ескі дәптерден

“Қызық екен қияда өткен жалын күн...”	184
“Ақын жүрек сағыншақ...”	—
“Жел тасиды далаға ауарайын...”	185
“Қарсы толқын жимаса да айылын...”	—
“Тыңды өлкеде ескі жолдар жоқ бүгін...”	186
Үміт	—
Бір сүйейін	187
Тосу	—
Тұган ел	188
Ақын қарындасқа	189
“Уақыт заулап бара жатыр білінбей...”	—
“Құлагер болар құлышынды...”	190
“Бітер істің көп ойласам бекемін...”	—
“Жақсы ғұмыр тілеп журіп пендеге...”	191
“Женгендер женген сайын желігеді...”	—
Тұган елге	—
“Жағымпаз жаман тентектен . . .”	192
Ауылдағы бұлаққа	—
“Сәтті жыр туса, гүлдедім...”	193
Отелло	—
“Адамдық бұзар шырайын...”	—
Өмірім менің, көңілім менің	194
Ортақ ана	195
“Қырықтың да көспініп ек келуін...”	196
“Жабайы өстім жасымнан қарапайым...”	—
“Уақыт жылдам жылжиды құбылып та...”	197
“Қыздар жайлы көп жазсам, кейіп пе едін . . .”	—
“Аз беделін көтерген . . .”	—
“Мен сүйген жұқа сары қыз . . .”	198
“Қоштасарсың даламен...”	—
Үш сөз	—
“Күрсіну кейде көптелсе . . .”	199
“Жасымнан әлдиледі жыр құндағы . . .”	—
“Әр сезім жүрек жалауы . . .”	200
Тотылар	—
“Ләzzатқа зәузат бастаған . . .”	201
Эйнштейннің жауабы	—

“КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ. ПОЭЗИЯ”

Кәкімбек САЛЫҚОВ

## КӨҢІЛ НАЗЫ

*Өлеңдер*

Редактор *Есенбай Дүйсенбайұлы*  
Көркемдеуші редактор *Бейсен Серікбай*  
Техникалық редактор *Зайра Башанова*  
Компьютерде беттеген *Дилярам Мансурова*

ИБ № 6957

Басуға 12.09.2008 қол қойылды. Қалыбы 84x100<sup>1</sup>/<sub>32</sub>.

Офсетті басылыс. Баспа табағы 13,0.

Шартты баспа табағы 10,14. Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс № 264

Қазақстан Республикасы “Жазушы” баспасы, 050009.

Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ЖПИС «Жедел басу баспаханасы»,  
050053, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

ISBN 978-601-200-124-2



9 786012 001242